

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

ӘОЖ 808.51

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

**Оқушылардың сөз мәдениетіне субмәдени топтардың әсері және тілді
дамыту мәселелері**

«7М01701– Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша

Муслманбекова Назерке Муслманбековна



Қаскелең, 2022

СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

«Қорғауға жіберілді»
Кафедра меңгерушісі
PhD., ассистент профессоры
 Ногайбаева А.
« 19 » _____ 05 _____ 2022 ж.

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

«7M01701 – Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша

Орындаған:  Муслманбекова Н.М.
Ғылыми жетекші:  PhD., СДУ қауымдастырылған профессоры,
Дүйсебекова Ж.М.

Қаскелең, 2022

Сулейман Демирель атындағы университет
«Педагогика және гуманитарлық ғылымдар» факультеті
«Тілдік білім беру» кафедрасы

Бекітемін

Кафедра меңгерушісі

PhD., ассистент профессоры

Ногайбаева А.

«04» 06 2022 ж.

Диссертациялық жұмысты дайындау тапсырмасы

Магистрант: Муслманбекова Назерке Муслманбековна

Білім беру бағдарламасы: Қазақ тілі және әдебиеті

Тақырыбы: Оқушылардың сөз мәдениетіне субмәдени топтардың әсері және тілді дамыту мәселелері


Ғылыми кеңестің бұйрығымен бекітілген 0509.3-05946-1 «26» 01 2021 ж.

Диссертациялық жұмысты аяқтау мерзімі «01» 06 2022 ж.

Тапсырмалар мен диссертациялық жұмыстың қысқаша сипаттамасы: Диссертациялық жұмыста оқушылардың сөз мәдениетіне субмәдени топтардың әсері мен тілді дамыту мәселесі қарастырылады. Субмәдениеттің оқушылардың тілдік тұлғасына әсері, оқушылардан алынған сауалнама негізінде жасөспірімдер арасында кең танымал үш субмәдени топтың тілдік тұлғасына талдау жасалады. Субмәдениеттің оқушылардың сөйлеу мәдениетіне әсерінің алдын алу үшін әдіс-тәсілдер ұсынылады. «Сөз шебері» факультатив сабағының жобасы жасалады.

Ұсынылатын әдебиеттер: Уәли Н. Тіл экологиясы // Ана тілі. – 2009. – №8(949)., Дүйсебекова Ж. Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі: фил.ғыл. док. ... дис. – Қаскелең, 2019., Караулов Ю.Н. Орыс тілі және тілдік тұлға. - М.: Наука, 1987., Әділова А.С. Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуалдылықтың репрезентациясы, семантикасы, құрылымы. Фил... автореф. – Алматы, 2009

Тапсырмалар бекітілген мерзім «20» 10 2021 ж.

Ғылыми жетекші:  PhD., СДУ қауымдастырылған профессоры,
Дүйсебекова Ж.М.

Магистрант:  Муслманбекова Н. М.

АНДАТПА

Диссертация жұмысының тақырыбы: «Оқушылардың сөз мәдениетіне субмәдени топтардың әсері және тілді дамыту мәселелері»

Жұмыстың құрылымы: зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан (тараушалардан), қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Диссертациялық жұмыстың көлемі: 86 бет, 27 кесте, 10 сурет, зерттеу барысында 51 әдебиет қаралды.

Кілт сөздер: тілдік тұлға, сөз мәдениеті, дәстүрлі мәдениет, субмәдени топтар, жастар әлеуметтануы, тіл тазалағы, сөз байлығы, сөз дұрыстығы, сөз дәлдігі, факультатив сабақ, әдістеме.

Диссертация жұмысының бірінші бөлімінде субмәдениет ұғымына отандық және шетелдік ғалымдардың анықтамасының негізінде түсініктеме беріледі. Субмәдениеттің шығу себебі, пайда болуы және жастарға тигізер әсері айтылады. Статистикалық зерттеу нәтижелері мен 6-11 сынып оқушылары арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде ҚР субмәдени топтар анықталады. Субмәдениеттің оқушылардың тілдік тұлғасына әсері қарастырылып, мектеп оқушысының тілдік моделі жасалды. Оқушылардың сөз мәдениетін қарастырудағы субмәдениеттің рөлі анықталады. Оқушылардың арасындағы танымал «QPOP», «геймерлер» және «аниме» субмәдени топтарына анықтама беріліп, сол субмәдениеттің өкілдерінің тілдік тұлғасы талданады.

Диссертация жұмысының екінші бөлімінде таңдалып алынған үш субмәдени топтың сөздік қоры жасалады. Оқушылардың тілдік тұлғасына субмәдениеттің кері әсерімен күресудің тиімді әдіс-тәсілдері ұсынылады. Шетел ғалымдарының субмәдениеттің алдын алу және оқушылардың тілдік тұлғасын көтеру бойынша жүргізген зерттеу жұмыстары негізге алынады. Әдістің тиімділігін дәлелдеу барысында жүргізілген эксперименттік жұмыстың нәтижесі жасалады. Нысанға алынған фокус топтағы оқушылардың нәтижелері жазылып, әдіске кері байланыс беріледі. «Сөйле» тіл клубының аясында жасалған жұмыстар және олардың тигізген пайдасы талданады. Оқушылардың сөз мәдениетін көтеру және субмәдениеттің кері әсерлерінің алдын алу мақсатында «Сөз шебері» факультатив сабағы жасалып, сабақты тиімді өткізу мақсатында бірінші сабақтың үлгісі беріледі.

Диссертация жұмысының қорытынды бөлімінде субмәдениетпен күресу мақсатында тек қазақ тілі мен әдебиеті сабағында ғана емес, барлық пән күресу керегі аталып өтеді. Оқушылардың тілдік тұлғасын қарапайым деңгейден орта деңгейге көтеру аталып өтеді. Ұсынылған әдістердің тиімдігі, салдарымен емес, себеппен күресудің маңызы айталады.

АННОТАЦИЯ

Тема диссертационной работы: «Влияние субкультурных групп на речевую культуру учащихся и проблемы развития языка»

Структура работы: исследовательская работа состоит из введения, двух глав (подглав), заключения и списка использованной литературы.

Объем диссертационной работы: имеет 86 страниц, 27 таблиц, 10 рисунков, в ходе исследования было рассмотрено 51 литературы.

Ключевые слова: языковая личность, культура речи, традиционная культура, субкультурные группы, социология молодежи, чистота языка, богатство слов, правильность слов, точность слов, элективный урок, методология.

В первой части диссертационной работы понятие субкультуры комментируется на основе определения отечественных и зарубежных ученых. Рассказывается о происхождении и влиянии субкультуры на молодежь. По результатам статистического исследования и опроса учащихся 6 - 11 классов определяются субкультурные группы РК. Рассмотрено влияние субкультуры на языковую личность учащихся, разработана языковая модель школьника. Определяется роль субкультуры в рассмотрении культуры речи учащихся. Дается определение популярным среди школьников субкультурным группам «QPOP», «геймеры» и «аниме» и анализируется языковая личность представителей этой субкультуры.

Во второй части диссертационной работы создается словарный запас трех отобранных субкультурных групп. Предлагаются эффективные методы и приемы борьбы с негативным влиянием субкультуры на языковую личность учащихся. За основу взята исследовательская работа зарубежных ученых по профилактике субкультуры и повышению языковой личности учащихся. В процессе доказывания эффективности метода создается результат проведенной экспериментальной работы. Результаты учащихся в фокус-группе, полученные на объекте, фиксируются и дается обратная связь с методом. Анализируются работы, выполненные в рамках языкового клуба «Сойле» и их преимущества. В целях повышения речевой культуры учащихся и предупреждения негативных воздействий субкультуры будет разработан факультативный урок «Соз шебери», в целях эффективного проведения урока будет дан пример первого урока.

В заключительной части диссертационной работы в целях борьбы с субкультурой необходимо бороться не только на уроках казахского языка и литературы, но и во всех предметах. Отмечается повышение языковой личности учащихся с элементарного уровня на средний. Отмечается эффективность предложенных методов, важность борьбы с причиной, а не с последствиями.

ABSTRACT

Topic of the dissertation: “The influence of subcultural groups on the speech culture of students and the problems of language development”

Structure of the dissertation: research work consists of an introduction, two chapters sub chapters, conclusion and last of references.

Volume of the dissertation: there are 86 pages, 27 tables, 10 figures, during reference were 51 considered.

Keywords: linguistic personality, speech culture, traditional culture, subcultural groups, sociology of youth, purity of language, richness of words, correctness of words, accuracy of words, elective lesson, methodology.

In the first chapter of the dissertation the concept of subculture is commented on based on the definition of domestic and foreign scientists. It tells about the origin and influence of subculture on young people. Based on the results of a statistical study and a survey of students in grades 6-11, subcultural groups of the Republic of Kazakhstan are determined. The influence of subculture on the linguistic personality of students is considered, the language model of the student is developed. The role of subculture in the consideration of the culture of speech of students is determined. The definition of popular subcultural groups among schoolchildren "QPOP", "gamers" and "anime" is given and the linguistic personality of representatives of this subculture is analyzed.

In the second chapter of the dissertation the vocabulary of three selected subcultural groups is created. Effective methods and techniques to combat the negative influence of subculture on the linguistic personality of students are proposed. It is based on the research work of foreign scientists on the prevention of subculture and improving the linguistic personality of students. In the process of proving the effectiveness of the method, the result of the experimental work is created. The results of the students in the focus group obtained at the facility are recorded and feedback is given to the method. The works performed within the framework of the language club "Soyle" and their advantages are analyzed. In order to improve the speech culture of students and prevent the negative effects of subculture, an optional lesson "Soz Sheberi" will be developed, in order to effectively conduct the lesson, an example of the first lesson will be given.

In the final chapter of the dissertation in order to combat subculture, it is necessary to fight not only in the lessons of the Kazakh language and literature, but also in all subjects. There is an increase in the language personality of students from elementary to intermediate level. The effectiveness of the proposed methods is noted, the importance of combating the cause, not the consequences.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	8
1 СУБМӘДЕНИЕТ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЛИНГВОӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ	
1.1 Субмәдениет және оның қазақ қоғамында таралуы.....	11
1.2 Субмәдениеттің оқушылардың тілдік тұлғасына әсері.....	21
1.3 Оқушылардың сөз мәдениетін қалыптастырудағы субмәдениеттің ықпалы.....	30
2 ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЗ МӘДЕНИЕТІНЕ СУБМӘДЕНИ ТОПТАРДЫҢ ӘСЕРІМЕН КҮРЕСУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ	
2.1 Субмәдениеттің түрлері және олардың оқушылар тіліндегі көрінісі.....	37
2.2 Оқушылардың сөз мәдениетіне субмәдени топтардың әсерімен күресудің тиімді әдіс-тәсілдері.....	44
2.3 Оқушылардың сөз мәдениетін дамыту әдістемесінің тиімділігін дәлелдеу жүйесі (эксперимент жұмыстары және оның нәтижесі).....	60
ҚОРЫТЫНДЫ.....	70
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	72
ҚОСЫМШАЛАР.....	74

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Зерттеу жұмысында субмәдениет ұғымы, пайда болу себебі және ғалымдардың берген анықтамасы топтастырылып, бұл бейресми ұйымға кіру себептері мен оқушыларға тигізер кері әсерлері психологиялық негізде қарастырылды. Қазіргі еліміздегі субмәдени топтардың түрі мен субмәдени топтарға кіруіне түрткі болатын себептер жиналды. Қазіргі қазақ қоғамының субмәдениет туралы қалыптасқан пікірі бойынша сауалнама алынды. Бүгінгі таңдағы оқушылардың тілдік тұлғасы туралы зерттеулер жан - жақты қарастырылып, субмәдениеттің тілдік тұлғаға әсері, субмәдени ұйым мүшелерінің сөйлеу тілі зерттелді. 6 - 11 сынып аралығындағы 173 оқушыдан сауалнама алынды. Субмәдени топтың бір өкілдері Qрор топтың әніне талдау жасалды. Ең танымал субмәдениеттің түрлері – аниме, геймер, Qрор субмәдениетінің сөздік қоры жасады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Субмәдениет және жастардың субмәдениеті ұғымы бүгінгі күні әлеуметтанушылардың пікірінше күнтәртібінде тұрған мәселе. Жастар әлеуметтануында жеке бір сала болып қарастырылатын бейресими бұл ұйымдардың елімізде түрлері статистикалық деректерге қарағанда жыл сайын көбеюде. Бұл ұйымдарға жастар оқушы кезінен қызығып, өзін ешкімге керексіз санау, өз қатарынан ерекшелену және өзіндік өзгеше бір өмір сүру стилін ұстану секілді түрлі себептермен субмәдени ұйымдардың мүшесі болып жатады. Ал бұл ұйымдарға мүше болу өз кезегінде ұлттық құндылықтар мен дәстүрлі мәдениеттен алшақтау, теріс ортаға түсу және өмір сүру құндылықтарының өзгеруі секілді зиянды әсерін тигізеді.

Субмәдениет мәселесіне шетел ғалымдары өткен ғасырдың 60 - жылдары назар аударса, Ресей ғалымдары бұл мәселеге XX ғасырдың 80 - жылдарынан бері ғылыми еңбектер арнап келеді. Ал біздің елімізде субмәдениет тақырыбын зерттеу әлеуметтану ғылымдарының негізінде жүргізілген болатын. Тілге әсері мен субмәдени топтардың тілдік тұлғасын қалай дамытуға болады, зияны мен алдын алу шаралары ішінара ғылыми жұмыстарда айтылғанмен, толыққанды зерттеу жұмысы арналмаған.

Бүгінгі күні жастардың тілдік тұлғасы қарапайым деңгейден аспайды, тілдің сақталуы мен дамуы үшін орта немесе орташа деңгейге көтерілуі маңызды. Алайда субмәдени ортаға кірген жастардың тілі жоғары көтерілмейді. Сол субмәдени топтардың ішіндегі үлгі тұтарлық ірі мүшелерінің тілдік тұлғасының деңгейі мен сөздің қатысымдық сапасына жауап бере алмайды. Осыған орай бұл зерттеу жұмысында елімізде ең көп тараған субмәдени топтардың тілдік тұлғасы талданып, оқушылардың арасында сауалнама жүргізіліп, оқушылардың тілдік тұлғасын көтеру жолдары мен алдын алу жолдары ұсынылады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.

Зерттеу жұмысының басты мақсаты – қазіргі қазақ субмәдени ерекшеліктердің оқушылардың сөйлеу тіліне әсерін ескере отырып алдын алу

мен тілді дамыту жолдарын ұсыну. Осы мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттерді шешу көзделеді:

- субмәдениетке оқушылардың қызығу себебін анықтау және психологиялық негіздерін қарастыру;
- тілдік тұлғаны алыптастыруға әсер ететін субмәдениеттің түрін анықтау;
- оқушылардың арасында сауалнама жүргізе отыра себебін анықтау;
- субмәдени ерекшеліктердің оқушылардың сөйлеу тіліне әсерімен күресу жоларын қарастыру;
- алдын алу шаралары ретінде әдіс - тәсіл мен қосымша факультатив сабақ ұсыну.

Зерттеу нысаны. Субмәдени ерекшеліктердің оқушылардың сөйлеу тіліне әсері мен тілді дамыту жолдары.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңызы. Диссертациялық жұмыста «субмәдениет» ұғымына берілген анықтамалар жинақталады. Оқушылардың тілдік тұлғасына, сөйлеу мәдениетіне әсері қарастырылады. Оқушылардан алынған сауалнама негізінде үш субмәдени топтың тілдік тұлғасы анықталып, сөйлеу тіліне әсері дәлелденеді.

Зерттеу жұмысының нәтижелерінің тиімділігі оқушыларға жүргізілген эксперимент барысында дәлелденеді. Ұсынылған әдістерді орта мектепте және бірқатар ЖОО қолдануға болады. «Сөз шебері» факультатив сабағын орта мектепте қолдануға болады.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері. Қойылған міндеттерді шешу және зерттеу болжамын тексеру үшін төмендегідей әдістер қолданылды:

- теориялық әдістер: талдау, сараптау, ой қорыту, салыстыру, жалпылау, синтез, математикалық статистика, педагогикалық үдерістерді жүйелеу және жобалау;
- эмпирикалық әдістер: сауалнама, сұхбаттасу, нәтижелерді талдау, сырттай бақылау, қосалқы қысқа мерзімді бақылау, фокус-топ, педагогикалық тестілеу, эксперименттік бағалау, эксперименттер мәліметтерін статистикалық өңдеу және т.б.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

- Субмәдениеттің оқушылардың сөйлеу тіліне әсері талданады;
- қрор, геймер, аниме субмәдени топтардың тілдік тұлғасы талданады;
- оқушылардың сөз мәдениетін қалыптастырудағы субмәдениеттің ықпалы анықталады;
- субмәдениеттің тілдік тұлғаға әсерінің алдын алу мақсатында әдіс – тәсілдер ұсынылады.

Зерттеу жұмысы бойынша жарияланым. Жұмыстың жекелеген тұжырымдары мен нәтижелері «Young Scholars» халықаралық конференциясында (Қаскелен, 2021), ҚР БЖҒМ Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА республикалық ғылыми – әдістемелік және ақпараттық – талдамалық журналында (Нұр-Сұлтан, 2022) жарияланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Магистрлік диссертация жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 СУБМӘДЕНИЕТ ТҮСІНГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЛИНГВОӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ

1.1 Субмәдениет және оның қазақ қоғамындағы таралуы

Мәдениет – қоғамдық құрылыстың даму көрсеткіші. Адамзаттың дамуымен бірге мәдениет те жаңа формаға еніп, үздіксіз даму үстінде болады. Ол - тұстас бір ұлттың, халықтың ғасырлар бойы ұрпақтан - ұрпаққа беріліп келе жатқан қазынасы. Дегенмен мәдениетке кереғар, қарсы ұғымдар да бар.

Әлеуметтанушылардың дабыл қағуы бойынша ХХІ ғасырдың жастар арасында кең таралған мәселелерінің бірі – субмәдениет. Субмәдениет (лат. sub- төменгі, нем. kultur - мәдениет) – тура аудармасы «астыңғы, төменгі мәдениет», яғни ірі мәдени құрылымдардың ішіндегі шағын топтар мен бірлестіктердің мәдениеті [1].

Жастардың бұл нормативті емес қозғалысының алғаш пайда болу тарихы АҚШ мемлекетімен тікелей байланысты. ХХ ғасырдың 30 - 60 жылдары психологтардың, әлеуметтанушылардың, құқық қорғау орындарының нормативті емес, бандалық жастардың бірігуі назар аудартты. Бұл қозғалыстар негізінен қалаларда, оның ішінде ірі қалаларда көрініс тапты. Зерттеу нәтижесінде бұл – жеке өздері ғана бағынатын заңдары мен өздері қалыптастырған мәдениеттері бар, қоғамдық ортақ мәдениеттен шеткері қалған жастардың ұйымы деп қорытынды шығарып және бұл жаңа мәдениетке – «субмәдениет» деген атау береді.

Субмәдениет – ХХ ғасырдың екінші жартысында ғана пайда болған ұғым. Бұл терминді алғаш 1950 жылы танымал заңгер әрі әлеуметтанушы Дэвид Рисмен енгізген. Батыс ғалымдарының пікірлері бойынша жастардың түрлі субмәдени топтарға мүше болуы АҚШ пен Еуропада соғыстан кейінгі мезгілде пайда бола бастаған. Бастапқыда ғалымдар субмәдениетті негізгі мәдениеттің бір тармағы ретінде қарастырған. Алайда кейін ғалымдардың пікірі өзгеріп, бұл дәстүрлі мәдениеттің тармағы еместігін айтып, оған жеке баға бере бастады [2].

Дегенмен субмәдениеттің пайда болуына байланысты ғалымдардың пікірі төртке бөлінді, бірінші топ - субмәдениетті ХХ ғасырдың соңғы ширегінде ұрпақтар арасындағы қақтығыстан туындаған болатын деп есептесе (Л. Фойер, К. Маннгейм), екінші топ бір әлеуметтік топқа тиесілі индивидтерде эмоциялар мен уайымдаудың әсері осы субмәдениетке алып келді деп санады (Дж. Маклейн, М. Брейк). Үшінші топтың пікірінше субмәдениет - қоғамның жаңа даму сатысы болатын тарихи феномен, постиндустриалды қоғамның белгісі (Э. Тоффлер). Төртінші топтың авторлары субмәдениеттің шығуы әлеуметтік - саяси жағдайларға тікелей қатысты деп санады [3, б.13].

Ұлыбританияда 50 - жылдардың орта тұсында «тедтердің» субмәдени бірлестігі пайда болды, ал АҚШ-та ХХ ғасырдың 60 - жылдары пайда болған хиппилердің субмәдениеті ең көрнекті әрі өзгеше болды. Жастардың субмәдени бірлестігінің: «эмо», «гот», «фрик», «трейсер», «какэти», «метталист», «отака»,

«паркур», «панк» т.б. түрлері кездеседі және бұл нормативті емес бірлестіктер уақыт өткен сайын өзгеріп, жыл сайын жаңа түрлері қосылып отырды. ХХ ойшылы Альберт Швейцар: «мәдениет дегеніміз адам баласының және бүкіл адамзаттың алға қарыштауының жиынтығы, ал бұл қарыштау индивидтің рухани жетілуіне ықпал тигізуі тиіс. Өйтпеген жағдайда, бұл қарыштау мәдениетке апармайды» деген болатын [4, б.103]. Ғалымның пікіріне сүйенсек, кез - келген мәдениет индивидті рухани дамуға әкелу керек, алайда субмәдени ортаға түскен адамның рухани жетілуі төмен көрсеткіште болады. Себебі бұл субмәдениет ғасырлар бойы сұрыптаудан өтіп, замандар бойы жиналған мәдениет түрі емес, сол себепті де тұлғалық, рухани дамытуының қалай болатыны белгісіз.

Субмәдениет түсінігі философтардың, әлеуметтанушылардың, мәдениеттанушылар мен психологтардың сөздігіне енгеніне көп уақыт болмады. Алғаш рет бұл сөзді термин ретінде американдық әлеуметтанушы ғалым Т.Роззак қолданған. Жастар субмәдениеті туралы «Біздің заманымызға талқы» еңбегінде Д.Манхейм қолданды. Ал бұл саланы толықтай зерттеген Ч.Рейч, Д.Йин, Г.Дэвис, Б.Бергер, Л.Хаузер. Ал субмәдениетті орыс ғалымдарынан П.С.Гуревич, Э.А.Орлова, И.К.Кучма, С.Я.Матвева, М.М.Шиббаева т.б. [5, б.140].

«Субмәдениет» ұғымының пайда болып, зерттелуінің өзін төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады:

Бірінші кезең. ХХ ғасырдың 20 - 50 жылдары Чикаго мектебінде зерттеу жүргізілді. Субмәдениетті қылмыстық бірлестік деп танса, бірі балалардың «өтпелі кезеңіне» деп «балалар әлемі» мен «ересектер әлемінің» арасындағы кезең деп атады.

Екінші кезең. ХХ ғасырдың 60 - 70 жылдары, Бирмингем Заманауи мәдени зерттеулер орталығымен байланысты. Ғалымдар субмәдениетті – жастардың өздерінің шыққан табына қарсылық деп таныды.

Үшінші кезең. ХХ ғасырдың 80 - жылдары мен ХХІ ғасырдың басы «постсубмәдениет» ұғымы пайда болып, әлеуметтік ғалымдар мен мәдени теоретиктердің жаңа әлеуметтік - экономикалық тенденциялар аясында жастар ұжымын қайта қарастыруға тырысты. Субмәдениеттің «ескірген» түсінігін алмастыруға арналған бірқатар жаңа ұғымдар ұсынды: «өмір салты», «сыртқы бейнесі».

Төртінші кезең. ХХІ ғасырдың бастап Британдық әлеуметтанушы Пол Ходкинсон және басқа да ғалымдар постсубмәдениеттануға назар аударып, жастардың қоғамдастыққа мүше болуын зерттеді [6].

Ғалым А.В.Мудрик «субмәдениет – құрамына тасымалдаушылардың өзара түсіністігі мен қарым - қатынас құндылықтары т.б. көзқарастарды жинақтаған автономды тұтас білім. Өзіндік қызығушылық, талғам, жаргон, фольклор, ирархиялы бағынулардан тұратын біртұтас жүйе», - деп анықтама берген болатын [7, б. 200].

Субмәдениет мәселесін зерттеген танымал әлеуметтанушы Нейл Смелзер «субмәдениет – үлкен бірлестіктен нормалар жүйесі мен құндылықтар арқылы бөлініп тұратын топтар», - деді [8, б.12].

Ал субмәдениетке әлеуметтану сөздігінде:

«Субмәдениет – кедейлікке немесе әлеуметтік қатынастардың жетіспеуіне байланысты өмір сүретін қауымдастықтан шектелу мәдениеті», - делінесе [9, б.344], психологиялық сөздікте: «Субмәдениет – үлкен қоғамның ішіндегі өзіндік жеке мәдениеті бар әлеуметтік топтың бірігуі. Субмәдениетке үлкен қоғамның мәдениеті әсер еткенмен өзіндік жеке нормалары, ұстанымдары, сенімдері және салттары болады. Кейбір субмәдениеттердің түрі және оған қосылу психологиялық бұзылушылықтың әсерінен болады», - деп анықтама берген [10].

Қорытындылай келе, субмәдениет деген үлкен ұғымға:

- әлеуметтік немесе демографиялық топтың мәдениеті;
- мәдени мұраға кіру үшін әлеуметтік жұтаңдықтан немесе әлеуметтік қиындықтан байланысты топтың шектелген мәдениеті;
- субмәдениет – өмір мен мінез - құлықтың айрықша стилі;
- әлеуметтік топқа тән өзіндік нормалар, құндықтар, дүниетанымдар;
- өмір стилін, құндылықты баспалдақты (иерархияны) және олардың таратушыларының дүниетанымын белгілейтін қоғамның «ресми», базалық мәдениет жүйесінің ішіндегі мәдени қосалқы жүйе деп анықтама бере аламыз.

Жастардың субмәдениеті өзіндік өмір сүру стилі, жүріс - тұрысы, ойлауы, өзіндік құндылықтары мен таптаурындары, дәстүрлері мен салттары бар, қоғамда қалыптасқан нормалар мен стандарттарды талап етпейтін, талғамдары ұқсас, бірлесіп өмір сүретін және дамитын өмір сүру стилін насихаттайтын жастардың ерекше бірлестігі. Жастардың субмәдени белсенділік танытуына бірнеше факторлар әсер етеді, олар: білім деңгейі, жас мөлшері, тұрғын орны т.б.

Жастар субмәдениеті дәстүрлі мәдениеттен сыртқы және ішкі сипаты бойынша ерекшеленеді. Ішкі сипаты: қызығушылығы, стереотиптері, көзқарасы, нормалары мен сенімі, топшілік қарым - қатынасы, құндылығы. Сыртқы сипаты: жаргон тілі, киім - киісі, өзін-өзі ұстауы, шығармашылығы.

Ғалымдардың айтуы бойынша жастардың ұлттық құндылықтан гөрі субмәдени құндылықтарды қабылдап, қызығуына батыс өмір сүру стилінің тарауы, БАҚ, ғаламтор желісінің кең қолданыс ала бастауы субмәдени топтарға тікелей немесе жанама жарнамалардың жасалуы әсер етуде. Олар танымдық, дамытушылық, шығармашылық мақсатты емес көңіл көтеру, тұтынушылық, рекреативті бағытты ұстанады. Осы ішкі еркіндік жастар субмәдени топтарға өзге мәдени бірігулерге қарағанда қызығушылықты көбірек танытады. Жастардың субмәдениетке қосылуы аяқ асты болмайды, ол өз - өзіне деген көңіл толмаушылық, өз пікірін білдіре алмау т.б. себептерден өзіне тиісінше қанағаттана алмауы нәтижесінде қосылады.

Дәстүрлі мәдени ортада өсіп, көзқарасының өзгеріп жастардың субмәдениетке қызығуына түрлі факторлар себеп болады. Негізгі ретінде:

- өзіне назар аударту;
- өзгелерден ерекшеленуге тырысу;
- сән қуу;
- отбасылық түсініспеушілік;

- мектептегі бөлінушілік;
- өзге дүниелерге қызығушылықтың төмендеуі немесе болмауы;
- өзін жалғыз сезіну;
- ересектер өмірінен қорқу;
- қоғамға іштей үндеу т.б себептер негіз болады.

Ортада өзін керексіз сезінген бала психологтардың түсіндіруі бойынша ерекшеленуге, ерекшеленген ортада өзін дәлелдеуге тырысады.

Әрбір субмәдениет өкілінің психологиялық бейнесін Кеттелдің теориясы бойынша жасап шығуға болады. Психологтың жеке тұлғаны тануға жасаған 16 сауалнамадан тұратын бұл еңбек әрбір субмәдениет өкілінің не себепті бұл ортаның мүшесі болатынын анықтайды [11]. Әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан біз субмәдениеттік ортаның мүшесі болуына түрлі себептер көрсете аламыз. Суретте көрсетілгендей (1 - сурет) дәстүрлі мәдениеттен субмәдениетке кіруіне түрлі фактор себеп бола алады. Ең негізгі себептердің бірі ата-аналардың назарынан тыс қалуы. Кейбір ата-аналар «tiger parenting» (қатал тәртіппен тәрбиелеу) қарап балалар ата-аналарына, отбасына қатал өмірден мезі болып осы субмәдени ортаға мүше болып жатады. Алайда, субмәдениетке мүше болуға нақты себеп осы деп дөп басып айта алмаймыз.



1- сурет. Жастардың субмәдени топтарға кіру себептері

Жастар субмәдениеті өз ішінде таптық жағдайға байланысты жіктеледі:

- «мектептік» субмәдениет – орта таптық, негізгі зейіні оқуға шоғырланған;
- «көше» субмәдениеті – жұмысшы таптық, құндылық қалыптасу үстіндегі кезең;
- «антимектептік» субмәдениет – төменгі таптық мәдениет, сабаққа қатысу көрсеткіші төмен, масмедиа ұсынған құндылықты қабылдайды. Ал субмәдениеттің өз ішіндегі түріне келер болсақ өзара:

музыкалық субмәдениет – музыкалық қызығушылығына байланысты бірікке топ;

- арт субмәдениет – түрлі өнерге қатысты хоббилеріне байланысты біріккен топ;
- ғаламтор субмәдениеті – виртуалды әлемде бір-бірімен тіл табысу арқылы біріккен топ;
- спорттық субмәдениет – белгілі бір топқа жанкүйерлік ету арқылы біріккен топ (мысалы: футбол) [12].

Ғалым Л.И. Михайлова әлеуметтік - құқықтық көріністері бойынша субмәдениеттің классификациясын жасайды:

- әлеуметтік белсенділік, қоғамға пайдасын тигізеді (жастардың мамандық және өз еркімен, экологиялық тұрғыдан бірігуі);
- әлеуметтік белсенділігі төмен (музыкалық субмәдениеттер, жанкүйерлер, байкерлер);
- антиәлеуметтік, мемлекетке қарсы бірігулер (ұлтшылдар, скинхедтер және т.б.) [13, б.100]

Енді субмәдениеттің жастарға тигізер зиянын қарастырсақ:

- маргиналды болу (өзінің жеке пікірінің қалыптаспауы, өзі қызығатын адамдардың пікіріне қосылу);
- өз-өмірінен бас тарту, қызығушылықтың қалмауы;
- Neet деңгейіне кіру;
- өмірінен бас тартып, суицидқа бару;
- өмір сүру стилінің алмасуы (сөйлеген сөзі, жүріс-тұрысы, киім киісі, т.б.);
- ұлттық құндықтан алшақтау;
- өз әлемінде болып, қоғамнан алшақтау;
- күйзеліс;
- теріс ортаға түсу.

Психолог ғалымдардың зерттеуі бойынша жастардың субмәдени ортаға кіруі үш этаптан тұрады:

- дайындық кезеңі. Бұл кезеңде жеткіншек өзі кірмекші топтың ерекшеліктерін, нормалары мен ішкі салттарын зерттеп, қызығушылық танытады.
- қарым-қатынас орнату кезеңі. Бұл кезеңде жеткіншек осы топқа мүше адамдармен немесе топ көшбасшылармен қарым-қатынас орната бастайды.
- сіңісу кезеңі. Бұл кезеңде жеткіншек топтың ішкі тәртіптерін, нормаларымен танысып, орындай бастайды.

Қазақстан Республикасына субмәдениет тәуелсіздік алған жылдары батыс елдерінің ықпалымен келе бастады. Ақпараттың еркін тарауы, қолжетімді болу барлығы жыл сайын жаңа субмәдениеттердің еркін енуіне себепкер болды. Қазіргі таңда елімізде субмәдени ұйымдардың түрлері өте көп. Бұл туралы әлеуметтанушы Гульфаруз Калиаскарова «Қазақстандағы ресми емес қозғалыстарға белгілі бір стильдер мен бағыттардың араласып келуі тән.

Қоғамдағы біркелкіліктің болмағандығына байланысты мәдени мұралар элементтерінің де соншалықты сан қырлылығы байқала түседі. Қазіргі таңда елімізде субмәдени ұйымдардың түрлері өте көп. Соңғы жылдары музыкалық субмәдениет (поп, рок, рэп), гедонистік субмәдениет (байкерлер, рейверлер және т.б.), спорттық субмәдениет (паркуршілер, сноу бордшылар, скейтбордшылар), діни топтар (секталар) және жаңа технологияның дамуына байланысты (хакерлер, геймерлер) субмәдениет бірлестіктері айрықша дамуүстінде. Готика, эмо, скинхэд, анимэ табынушылары секілді спецификалық субмәдениеттің түрлері бізде бар болғанымен басқа да шетелдермен салыстырғанда сирек кездеседі. Ресми емес бірлестіктер негізінен оқушылар, студенттер арасында психологиялық қалыптасу кезеңі мен әсіресе ата-ана тарапынан болатын олқылықтардың қатарласуы салдарынан орын алады», - деген болатын [14].

Елімізде субмәдени бірлестіктердің таралауын анықтау үшін 2018 жылы «Қазақстан Республикасының жастары – 2018» жыл сайынғы Ұлттық баяндамасын дайындау үшін Қазақстан Республикасы жастар ғылыми – зерттеу орталығының жүргізген әлеуметтік зерттеу жүргізілген болатын [15]. 1-кестеде Қазақстан Республикасындағы субмәдени топтардың пайыздық көрсеткіші берілген.

1-кесте. Сіз қандай да бір субмәдени топтың өкілісіз бе?

Субмәдени ұйым түрі	Жас ерекшелігі		
	14-18 жас аралығы	19-23 жас аралығы	24-28 жас аралығы
1	2	3	4
Эмо	0,9 %	0,2 %	0,2 %
Готы	0,3 %	0,0 %	0,1 %
Треш	0,2 %	0,0 %	0,1 %
Хипстеры	0,3 %	0,0 %	0,2 %
Аниме	1,4 %	0,8 %	0,1 %
Гламур	0,2 %	0,7 %	0,4 %
Хиппи	0,7 %	0,2 %	0,0 %
Панки	0,0 %	0,0 %	0,0 %
Рэперы	0,9 %	0,7 %	0,6 %
Рокеры	1,2 %	0,7 %	0,0 %
Футбол жанкүйерлері	6,8 %	3,9 %	2,7 %
Геймер	3,1 %	1,2 %	0,4 %
Паркур	1,0 %	0,2 %	0,1 %
Скинхеды	0,0 %	0,3 %	0,0 %
Байкерлер	0,0 %	0,3 %	0,2 %
Автошабандоз	0,5 %	0,0 %	0,5 %
Брейк-данс	0,2 %	0,0 %	0,4 %
Граффити	0,0 %	0,3 %	0,0 %
Хип-хоп	1,9 %	1,8 %	0,6 %
Бардтар	0,2 %	0,3 %	0,0 %
Басқалар	0,0 %	0,0 %	0,0 %

1	2	3	4
Мен ешқандай субмәдениеттің мүшесі емеспін	79,8 %	87,9 %	90,0 %
Бодибилдер	0,0 %	0,0 %	0,1 %
Жауап беруге қиналамын	4,9 %	3,9 %	4,3 %

Одан бөлек субмәдени топтардың кең таралауы: эволюар Нұр - Сұлтан (3,4 %), аниме жанкүйерлері Алматыда (2,3%) және Қызылорда облысында (2,2%). Гламур субмәдениетінің өкілдері Атырауда (2,9%) және Қызылорда облысында (2,2%), ал рэпперлер Нұр - Сұлтан (2,6%) мен Алматыда (1,8%) көп шоғарланған. Футбол жанкүйерлерінің басым көпшілігі Қызылорда облысында (7,7%), Ақтөбе облысы және Батыс Қазақстан облысында (7,7%). Геймерлер Атырау (2,9%) және Солтүстік Қазақстан облысында (7,7%). Экстрималды паркурдың жанкүйерлері Ақтөбе және Қарағанды облысында, ал, байкерлер Қызылорда және Қостанай облыстарында (1,1%). Автошабандоздар субмәдениеті Алматыда (1,4%) дамыса, брейк-данс билеушілер Қызылорда облысында (1,1 %). Хип-хоп субмәдениеті Қызылорда (5,5%) және Маңғыстау облыстарында (5,5%) көшбастап тұр. Бардтарды Қостанай және Қызылорда облысында (1,1 %) көп кездестуге болады. Өзін ешқандай да субмәдени топтың өкілімін деп танымайтын жастар ШҚО (99,3%), Павлодар облысында (94,1%), Түркістан облысында (94,1) және Қарағанды облысында (91%). 2018 жылдан бері субмәдени топтардың жаңа түрерінің пайда болуы мен 1- кестеде берілген субмәдени топтардың толығыуы туралы жаңа деректер жоқ, дегенмен бұл кесте арқылы біз Қазақстан Республикасында субмәдениеттің жыл сайын көбейіп келе жатқанын көре аламыз. Басым көпшілігі облыс орталықтары мен Республикалық маңызы бар қалаларда шоғырланған.

Осы зерттеу жұмысы барысында субмәдениетке жастардың не себепті кіретінін білу үшін сол бірлестіктердің өкілдерінен сауалнама алынған болатын, нәтижесі 2 - кестеде көрсетілген.

2 – кесте. Сіздің ойыңызша жастар не себепті субмәдени топтарға мүше болады?

Субмәдени топқа мүше болу себебі	Жас ерекшелігі		
	14-18 жас аралығы	19-23 жас аралығы	24-28 жас аралығы
1	2	3	4
Субмәдени топтың мүшесі болу сәнді болғандықтан бұл субмәдени ұйымдарға мүше	19,3 %	15,2 %	14,0 %
Қызығушылықтан	43,2 %	38,2 %	39,1 %
Барлығы сияқты болмау үшін, қоғамның стандарттарына деген қарсылық	13,4 %	15,1 %	15,4 %
Өзін тұлға ретінде қалыптастырып, шығармашылығын дамыту үшін	16,0 %	14,2 %	16,8 %

1	2	3	4
Жақындары мен достарының арасындағы түсініспеушіліктің әсері	10,3 %	12,4 %	14,0 %
Қоғамнан ерекшеленіп, назар аударту үшін	17,4%	23,8 %	22,7 %
Басқа себеппен	0,0 %	0,0 %	0,0 %
Біреуге еліктеу үшін	0,0 %	0,2 %	0,2 %
Қол бос болғандықтан	0,0 %	0,0 %	0,1 %
Хобби	0,2 %	0,0 %	0,1 %
Психика мен тәрбие	0,2 %	0,0 %	0,0 %
Жауап беруге қиналамын	11,8 %	11,1 %	9,3 %

Бұл зерттеу 2018 жылы жүргізілгендіктен кейбір ақпараттар ескіруі мүмкін, әлеуметтік желілердің кең қолданысқа енуімен және жаңа субмәдени топтардың қосылуымен (Qpop) өзгерістер орын алады.

Біздің қоғамның субмәдениет туралы түсінігі мен танымы алуан түрлі. Субмәдениеттің таралымы туралы көпшіліктің ойын білу мақсатында сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға оқушылар (6,5), студенттер (9,7), зейнеткерлер (16,1) және жұмыс істейтін ересектер (67,7) респондент болып қатысқан болатын. Ең бірінші **«Сіздің түсінігіңіздегі субмәдениет деген не?»** деген сауалға:

«Көзқарастары ұқсас адамдардан құралған кішігірім топ»

«Әр ұлттың мәдениетінің алмасуы»

«Белгілі бір адамдар шоғыры. Бір ой, бір мақсат, бір мүддені ойлайтын бірлескен адамдар жиыны деп есептеймін. Олардың жасы, түр-түсі, өскен ортасы әртүрлі болғанымен, біріктірілген ортасы, ойлары бір болуы мүмкін. Осылайша өздерінше субмәдениет құрады»

«Басқа жақтан келген ағым. оның тек ана - жағы ғана емес, сондай-ақ оң жақтары да бар»

«Ерекшелік»

«Бұрыннан қалыптасып келген түп мәдениеттен тыс, уақыт ағымына қарай туындаған "жаңа" мәдениет»

«Қоғамдағы адамдардан ойлау, киіну, өмірге деген көзқарастары арқылы ерекшеленетін, өзіндік белгілі бір мүддесі бар адамдар тобы»

«Әр кезеңге сай жалпы мәдениетте өзгеріс өзгеріс болып тұрады, мен өмір сүрген шағымдағы мәдениет сол кезеңге сай, қазіргі жастардың ұстамы мүлде басқа, бәрі салыстырмалы түрде»

«Мәдениетке бағынушы мәдениет»

«Сыртқы әсерлерден пайда болған мәдениет»

«Қоғамдағы консервативті, қалыптасқан ережелер мен нормаларды ұстанбайтын мінез-құлық пен әдеп пен әдет жүйесі. Сондай-ақ, субмәдениет киім-үлгісінен, тұтынатын өнерге дейін өзгеше тұтынумен ерекшеленеді деп ойлаймын»

«Өзіндік өмір сүру ерекшеліктері бар адамдар»

«Төмен мәдениет» деп түрлі пікірде жауап берді.

- **«Сіздің ойыңызша субмәдениетпен күресіп, алдын алу керек пе?»**

«Иә» - 58,1

«Жоқ» - 25,8

«Жауап беруге қиналамын» - 16,1

Бұл сұрақтан шығатын қорытынды қазірге таңда қоғамның пікірі бойынша субмәдениеттің алдын алып, кері әсерлерімен күрестің керегі маңызды. Субмәдени топқа мүше болу әрине жастарға берері болғанмен, дәстүрлі мәдениетіміздің, ұрпақтан - ұрпаққа беріліп келе жатқан сан ғасырлық құндылықтарымызды жоятындай кедергі болмауы керек. Көпшілігі алдын алып, «күресу керек» деп жауап берсе, 25,8 пайызы «жоқ» деп таңдаған.

- **«Сіздің таныстарыңыздың арасында субмәдениет өкілі бар ма?»**

«Иә» - 45,2

«Жоқ» - 38,7

«Жауап беруге қиналамын» - 16,1

Субмәдениет өкілдері қазақ қоғамында бар және жыл сайын түрлері толығып келеді деген сөздерге факт жүзінде дәлел бола алады. Оған мысал, дәл бес жыл бұрын әлеуметтік желілер жастар арасында дәл бұндай қолданыста болғанмен, жаңа бағдарламалардың қосылуы танымалдық алып келді. Ғаламторға деген қажеттілік, ашықтық жаңа субмәдени топтардың елімізге келуіне тікелей себепкер болды. Сауалнамаға жауап берушілердің 45,2 пайызының өзінде субмәдениетке мүше таныстары бар.

- **«Сіздің ойыңызша субмәдениеттің тілге, сөйлеуге әсері бар ма?»**

«Иә» - 90,3

«Жоқ» - 6,5

«Жауап беруге қиналамын» - 3,2

Респонденттердің басым көпшілігі субмәдениеттің тілге қатысы бар екенін атап өтіп, сөйлеуге, сөйлеу тіліне ықпалы бар екенін белгілеген. Бұл дегеніміз біздің қазақ қоғамында субмәдениет бар әрі тілге өз әсерін, кері ықпалын тигізуде. Субмәдениеттің тілге әсері әсіресе жастар арасына байқалады.

- **«Субмәдениет мектеп оқушыларына ықпалы бар ма?»**

«Иә» - 93,6

«Жоқ» - 3,2

«Жауап беруге қиналамын» - 3,2

Субмәдениетке қызығатын, тез бейімделгіш, еліктегіш ол – жастар, әсіресе мектеп жасындағы жасөспірімдер. Субмәдениеттің қоғамға кең тарауы тұлға ретінде қалыптасып келіп жатқан оқушыларға әсер етеді. 93,6 пайыз сауалнамаға жауап берушілердің «әсері бар» деп таңдауы оқушылардың сөйлеу тілімен, субмәдениеттің әсерімен күресу керектігін анық байқатады.

- **«Сіздің ойыңызша субмәдениеттің оқушыларға қандай әсері болуы мүмкін?»**

«Ең үлкен ықпал оқушыларға түседі. Себебі толық тұлға ретінде қалыптаспағандықтан»

«Субмәдениеттің түрі көп. Жаманы да, жақсысы да бар. Бірақ қазіргі оқушылар тек нашар субмәдениет өкілдеріне айналғандай. Қап-қара не болмаса күлгін түске боялған шаш пен түрлі түсті киім киетін оқушылар көп. Мейлі,

жас делік. Бірақ қазірдің өзінде ерге тән қасиетінен айырылған ер балалар көп. Осы субмәдениеттің кері ықпалы дер едім»

«Шала қазақтар мен тілге деген құрметі аз, патриоттық сезімі осал ұрпақ болып өседі»

«Киім үлгісі, жүріп-тұру әрекеті, сөйлеген сөздері, еліктеу мәселесі Сөйлеу мәдениеті мен тәрбиесіне, көз қарасқа әсер береді»

«Олардың ойлау кеңдігін артыруы мүмкін, алайда, субмәдениеттің бағытына байланысты. Эмо мен готтар өте депрессивті субмәдениетті алып келді, соның әсерінен нашақорлық саны артты, және суицид та субмәдениет ұстаушылардың арасында көп болады деп ойлаймын»

«Қай субмәдениет екендігіне байланысты, оң әсер ететін субмәдениетке қарағанда, теріс әсер беретін субмәдениет көп деп ойлаймын»

«Ой өрістері басқаша, қазақи мәдениеттің қажеттілігін мойындағысы келмейді. Батыс мәдениетіне еліктегіш. Өзін, Отанын сүюді құнды қажеттілік деп санамайды»

«Ойлау, түсіну, және логиканың төмендеуіне, сонымен қатар оқу сауаттылығының нашарлауына алып келеді»

Сауалнаманы қорытындылайтын болсақ, субмәдениет елімізде кең тарауда. Қай жас категориясындағы адамдар болмасын «субмәдениет» туралы белгілі ойлары қалыптасқан. Респонденттердің басым көпшілігінің таныстары субмәдени топтардың өкілдері және олардың алдын алу туралы пікірге қосылады. Жастардың субмәдени топтардың мүшесі болудың әсері тілден көрініс табатынын атап өткен.

Субмәдениеттің пайда болуы мен дамуы қоғамға өз әсерін тигізеді, олар:

- қоғамды құрастырушы салалардағы өзгерістер (экономикалық, саяси және әлеуметтік)
- жастардың психофизикалық өзгерістері;
- менталитеттің ерекшеліктері;
- жастардың әлеуметтік - қоғамдық өмірге араласпауы;

Жастардың ортаға тез сіңісе алмауы қоғамда жиі кездеседі. Бұл жастардың, оқушылардың қиын жағдайда екенін білдіреді. Дәл осы кезеңде олар өздерін түсінеді деп санайтын, еркін өмір сүру формасы – субмәдени бірлестіктерді таңдайды. Олар субмәдени ортаға кіру арқылы жаңа нормалар, мақсат, өзгеше ұстанымдарды қабылдайды. Жастардың қоғамдық дамуының кесірі жас адамдардың қызығушылығының, қажеттіліктерінің өзгеруіне әкеледі. Бұл еркін қолданыстарды қалыптастырудың бірі – әлеуметтік желілерге тәуелді, бірі – формалды емес өмір сүру салтын ұстанатын қоғам әкеледі, әкеліп те жатыр. Алайда жастардың шынайы өмірге үйренуі қиын үдеріс. Сол себепті Қазақстанда субмәдениетті оның ішінде жастардың субмәдени бағытын ғылыми тұрғыдан қарастыру қажет. Себебі субмәдени ортаға кірген адам сол ортаның ішкі заңын, дәстүрлері мен әлемге деген көзқарасын қабылдайды. Сол субмәдениеттің ажырамас тұтастай бір бөлшегі болады. Енді ғана өсіп, өзіндік көзқарасы қалыптасқан жеткіншек үшін өмір сүру стилінің күрт өзгеруі қауіпті. Ғаламтордан еркіндік алған, зайырлы мемлекетте тұратын жастардың таңдау

құқығы орасан зор, алайда таңдау да ұсынылмас бұрын бір сүзгіден өту керек. Әрі субмәдениетті психологиялық және педогогикалық бағыттан қарап, зерттеуді әлі қажет ететін тақырып. Қорыта айтқанда Қазақстанда субмәдениет бар және жыл сайын қарқынды дамуда. Жаңадан субмәдени топтардың қосылуы ол ғаламтордың ашықтығымен және қолжетімділігімен байланысты. Аниме, Qrор, геймер секілді ең көп тараған субмәдени топтар және блогерлік секілді әлеуметтік желілердің дамуының әсерімен келген жаңа бағыттан өз әсерін тигізуде. Instagram кең қолданысқа енуі мен Tik -Tok әлеуметтік желісінің өзі жастардың арасында тез қызығуға, солар секілді болуға әкеледі.

1.2 Субмәдениеттің оқушылардың тілдік тұлғасына әсері

Тілдік тұлға – туған тілін тұтынушы әрі сол тіл мен мәдениетті жалғастырып, таратып, сақтаушы тұлға. Тілдік тұлғаның тіл біліміндегі өзіндік рөлін зерттеген Ю.Н.Караулов «Тілдік тұлға – тілі арқылы оның психологиялық, этикалық, әлеуметтік және т.б. компоненттердің жиынтығынан тұратын тұлға. Тілдік тұлға деп тіл арқылы танылатын және картинасын бейнелейтін тұлғаны айтамыз» деген болатын [16, б.261]. Бұл дегеніміз тұлғаның әлеуметтік бейнесін тану үшін немесе оның дамуы үшін тілдік тұлғасына назар аударамыз.

Тілдік тұлға – тілдің бай сөздігін пайдалана алатын, өзіне керекті ақпараттарды тіл арқылы алып, коммуникацияға түсетін, ресми және ғылыми тілді меңгерген адам деп тануға болады. Дегенмен тілдік тұлға болу үшін де бірнеше шарттар қойылған:

- ана тілін жетік меңгеріп, еркін әрі таза сөйлей алуы;
- әлеуметтік - мәдени өмірге бейімделген, жеке қызығушылығының болуы;
- әдеби тілді шығармашылық жағынан пайдалана алатын, өзіндік қызығушылық танытатын тұлға.

А.С.Әділова: «әрбір адамның тілдік тұлға ретінде жеке когнитивті кеңістігі болады, ал ол өз кезегінде түрлі ұжымдық (отбасылық, кәсіптік, діни, әлеуметтік) когнитивтік кеңістік жиынтығынан тұрады да, өзі өмір сүріп отырған қоғамның ұлттық, тілдік, мәдени-базасына сүйенеді. Алайда бір ғана ұлттық когнитивтік кеңістікке жатса да, әр уақытта өмір сүруіне, идеологиялық ұстанымдардың насихатталуы, ақпарат көздерінің жеткіліксіздігі, жабықтығы, ұлттық әдебиет, мәдениет деректерінің кейінгі орынға ығыстырылуы сияқты экстралингвистикалық себептердің әсерінен тілдік тұлғалардың – автор мен оқырманның когнитивтік базасының өзі түрлінше қалыптасатыны кездеседі. Ол, әрине, адамның әлеуметтену үдерісіне байланысты болады», дейді [17, б.53]. Бұл дегеніміз тілдік тұлғаға когнитивті жағынан тілдің әсер етуі бірнеше факторларға тиесілі.

Ал Г. Қылышбаева ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаратын тілдік тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана - сезімін қалыптастыру;

- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет;
- рухани - мәдени мұрасын қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, ұлтты сүйу, намысшылдық тәрізді мінездерді қалыптастыру қажеттілігін айтады [18].

Бұл дегеніміз тілді сақтаушы, таратушы, дамытушы тұлға болып қалыптасуы үшін әр жас ұрпақтың бойына осы қасиеттер сіңуі керек, әрі енді тілі шыққан уақыттан бастап тілдік тұлға ретінде, орташа немесе орта типтік деңгейге жеткізуге жұмыстар жүргізілуі керек. Ал сол тілдік тұлғаның дамып, әрі қарай жетілуіне «ішкі факторлар» мен «сыртқы факторлар» әсер етеді. Сыртқы фактор деп отырғанымыз – психологиялық және биологиялық факторлар. Жыныстық және жас ерекшелігі, оның өз ортасында маңызды тұлға ретінде дараланып тұруы, тілді білуге деген қажеттілігі, темпераменттік басымдылығы мен тілді үйренуге деген қызығушылықтары барлығы да сыртқа факторлардың жиынтығы. Ал ішкі фактор ол әлеуметтік факторлардың жиыны. Ішкі фактор ол әлеуметтік факторлардың жиыны. Тілдік ортасы, қарым-қатынас жасайтын ортасы, БАҚ өкілдері, мәдени іс-шараларға қатысуы бұл тілдік тұлғаның қалыптасуына әсер етуші ішкі фактор. Тілдік тұлға - тілдік құралдарды тиімді пайдаланатын, рухани, мәдениетанымдық, ғылыми, әлеуметтік, дүниетанымдық қызығушылықтарын қанағаттандыра алатын және өзіне керекті ақпараттарды сұрыптап, пайдалана алатын, тарата алатын тұлға. Тілдік тұлғаның тілді толық меңгеруі өте маңызды, себебі ол ұрпақтар арасындағы тілді жалғастырушы тұлға. Тілді дамытушы, тілдің жаңарып, заманға сай, барлық қажеттілікті өтей алатын тіл болуына тікелей әсер етуші.

ТІЛДІК ТҰЛҒА

Ішкі факторлар

- қарым-қатынас жасайтын ортасы;
- тілдік орта;
- оқу орны;
- БАҚ;
- мәдениет орындарының іс-шаралары.

Сыртқы факторлар

- жыныстық және жас ерекшелігі;
- өз ортасында маңызды тұлға болып, айналасындағы адамдардан ерекшеленуі;
- тілді білу қажеттілігі;
- темперамент.

2-сурет жалғасы. Тілдік тұлғаға әсер етуші факторлар

Одан бөлек тілдік тұлғаның қалыптасуына әсер етуші тағы да бірнеше факторлар бар:

- отбасы, алған тәрбиесі және білім деңгейі;
- әлеуметтік – қоғамдық жағдайлар;
- жаңа білімді игеруге деген ынтасы мен қызығушылығы;
- қоғам мен айналасы үшін маңызды тұлға - индивид болуы;
- сөйлеу әрекеті барысында тілінің бай қазынасын қолдауы мен сөздік қорының молдығы.

Тілдік тұлға болудың және тілді игерудің де өзіндік жекелей категориясы мен дәрежесі бар. Ғалым Н.Уәли «Тіл экологиясы» мақаласында тілдік тұлғағы төрт түрге бөліп көрсетеді [19].

1. әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынатын тип. Бұлар **элитарлық тілдік тұлға**.
2. әдеби тілді ауызша, жазбаша нормаларын сақтай білетін, ара-тұра кодификациялаған нормалардан қате жіберетін, сөйлеу тілі мен кітаби әлеуеті кей тұста айқын аңғара алмайтын мәдени – **тілдік орташа тип**. Сан жағынан да басым осы орташа топ.
3. негізінен әдеби сөйлеу тілін қолданатын, арасында қарапайым сөйлеу тіліне тән элементтерді қосып сөйлейтін тілдік мәдени тип. Сан жағынан да, шамамен, **орташа топтан кейінгі тип**.
4. **қарапайым сөйлеу тілімен сөйлейтін**, бейәдеби элементтер мен диалектілерді қолдана білетін тип.

Кез келген мәдениеттің де, дәстүрдің де сақталуы үшін оны таратушы топтың болуы маңызды. Экономиканың тұрақты болуы жоғарғы тап пен төменгі таптың ортасындағы орта таптың көп болуы заңдылық. Дәл сол сияқты тілдің де сақталып, ұрпақтан – ұрпаққа берілуі үшін дәл осы орташа немесе орта типке байланысты.

3 – кесте. Орта типтегі тұлғаның компоненті

Компоненттері	Өлшемдері
1	2
Лингвистикалық	Тілдік жүйе туралы мәлімет, тілдік бірліктердің функциялары туралы ережелерді білуі, лексикалық қоры жинақталған тұлға.
Коммуникативтік	Сөйлеу әрекетін, тілдесімді еркін жүзеге асыруы, оқу-танымдық, кәсіби және мәдени танымдық салаларда еркін сөйлей алуы.
Кәсіби бағдарлық	Болашақ мамандығына бейімелу, сол саланың жеке салалық тілін білуі.
Мәдениет танымдық - тарихи	Мәдениаралық, ұлтаралық тілдесім, мәдениеттер диалогын меңгеру, өмір салты мен тарихын құрал ретінде пайдаланып, көп тілді кеңістікте қолдана алуы.


1	2
Құндылықтық	Жан дүниесі ұлттық құндылықтан нәр алған, өзін ата-бабасынан қалған тіл мен мәдениеттің жалғастырушысы ретінде сезінуі.

Жас аралықтарын тілдік типтерге бөліп қарастыратын болса, жастардың басым көпшілігі төртінші тип қатарынан жоғары көтеріле алмайды. Тілдің сақталып, оның дамуы, өсіп, жетілуі үшін ұйытқы болатын екінші және үшінші типтегі тілдер. Жастардың басым көпшілігі қарапайым типтегі деңгейде қалуда. Бұл тілдік тұлғаның орта немесе орташа типтегі тұлғаға көтеріле алмауына бірнеше себептер бар.

Олар:


- тілдік ортаның әсері (көше тілі);
- сөйлеу дағдысының төмендігі;
- сөздік қордың аз болуы, көркем әдебиетті аз оқу;
- тіл мәдениетін жетік меңгере алмауы;
- бейлингвалды тілдік ортада өсуі;
- мектепте, отбасы тәрбиесінде жетік меңгерте алмауы.

Тұлға болу – ешкімге ұқсамайтын ішкі факторлар (бойы, қан тобы, жынысы, т.б.) мен сыртқы факторлардың әсерінен дара тұлға болуып қалыптасуы. Дәл осы тұлғаның бойында сырттан келген ақпараттарды саралап, қабылдай алуымен қатар ұлттық код арқылы берілген ақпараттар. Ал енді ғана жеке тұлға болып қалыптасып келе жатқан жасөспірім мен жеткіншекке түрлі макрофакторлар мен микрофакторлар әсер етеді. Соның ішінде тұлға қалыптасу процесінде тілдің алар орны ерекше. Тіл арқылы сыртқа ортамен байланыс орнатады, ақпарат қабылдайды, өз ойын білдіреді. Тілдің коммуникативті, номинативті, кумилятивті үш қызметі арқылы сырқы ортамен байланыс орнатады. Ал сол тілдің болашағы осы тұлғаға байланысты, себебі тілді таратушы, жеткізуші дәл осы тұлға. Тұлға – тілдің потенциалды тұтынушысы.



3 – сурет. Тұлғаның концепциялық бөлінісі

Осы кестеден көретініміз тұлғаның қалыптасуында тілдің де орыны ерекше. «Тұтас бір ұлтты жойғың келсе, тілінен баста» деген сөз бар. Ғасырлар бойы толығып, дамып, халықтық тілден мемлекеттік тіл дәрежесіне жеткен мол асыл қазынамызды сақтаушы ол – халық. Халық өз тілінің бар байлығын қолдана алмаса, келесі бір ұрпаққа өз дәрежесінде жеткізе алмаса, тілді толықтырмаса, заман өте ол тіл өлген тілдер қатарына қосылары анық. Сөз – тілдің ең басты құралы, ол жаңарып, заманмен бірге бір ағымда болуы шарт. Егер тілдергі сөздер қолданылмаса, қарапайым қарым - қатынастың тілі болып қала берсе, ғылыми тілдегі еңбектер сол тілде шығарылмаса да тіл үшін қауіп. Сөз мәдениетін, тілдің маржан сөздерін меңгерген жас ұрпақ - тілдің сақтаушылары. Сөйлеу мәдениеті арқылы тұлғаның басқа да маңызды қабілеттері артады. Қорыта айтқанда тұлғаның дамуына тіл әсер етсе, тілдің дамуына да әсер етуші факторлар бар. Олар макрофакторлар және микрофакторлар болып бөлінеді (4-сурет) [20, б.180]. Макро фактордың бірі – субмәдениет. Тілді үйренуші тұлғаға да әсер етуші фактордың бірі. Субмәдениеттің түріне қарай тілдік қолданысы, сөздік қоры бөлек болады.



4 – сурет. Тұлғаның микро және макро деңгейдегі бөлінісі

Сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына әсер ететін макрофакторлардың бірі – бұқаралық ақпарат құралдары. Күнделікті радио арқылы тыңдап, ТВ арқылы көріп, газет арқылы оқыған сөздері қолданысына еніп, сөздік қорына әсер етеді. Бұл дегеніміз егер БАҚ дұрыс пайдана алсақ тілдің дамуына үлесі орасан зор болмақ. Дегенмен осы бұқаралық ақпарат құралдары да тілдік бірліктерді дұрыс қолданбаса, нәтижесін халықтың тілдік қолданысын көре аламыз. Мысалы «және де» немесе «болып табылады» деген секілді сөздер жалпыхалықтық қолданыста. Яғни тікелей аударма арқылы енген сөздер тілді шұбарлауда.

Келесі фактор ол – референтті топ, яғни өзіндік әсері бар тұлға немесе топтар. Жастар үшін ол – ата-анасы, достары немесе мұғалім - оқытушылары болуы мүмкін.

Сөз мәдениетіне ықпал етуші микрофакторлардың бірі – субмәдениет. 1.1 тараушада анықтама беріп өткендей, субмәдениет – жастардың бейресми

бірлестігі, ғасырлар бойы сақталып келген мәдениеттен тыс латын тілінен аударғанда «төменгі, астыңғы мәдениет» деген мағынаны білдіретін, белгілі бір топтар мен ұйымдардың бірлестігі. Субмәдениет қоғамда үстем болып тұрған мәдениетке оң немесе теріс қарым - қатынас салдарынан құрылады. Әлеуметтанушы ғалымдар мен шетелдік ғалымдардың пікірінше субмәдени топтардың әсері жастардың, сол бірлестіктегілердің де тілдік қолданысына әсер етеді.

Субмәдени бірлестік – негізгі мәдениеттен тысқары, белгілі бір нормалар мен қызығушылыққа орай жиналған топ. Бұл субмәдени ортаға қызығушы негізі топ – жастар. Тұлғалық қабілеттері оның ішінде тілдік тұлғасы, тілдік иммунитеті әлі толығымен қалыптаспаған жасөспірімдердің сөз мәдениетіне, тіл байлығына, сөз дұрыстығына әсер етері анық. Субмәдени орта – сол бірлестіктің мүшелерінің бойында бірнеше құндықтарды қалыптастырады. Оның жағымды да, жағымсыз да тұстары болады. 4 – кестеде көрсетілгендей, субмәдениет жастарға моральдық, қоғамдық, эстетикалық тәрбие береді.

4-кесте. Жастар субмәдениетінің құндылықты классификациясы

Құндылық	Жағымды тұсы	Теріс тұсы
<i>Моральдық</i>	Денсаулық, салауатты өмір салты, құрмет, өзін ерекшелеуге деген ұмытылыс, өз мені болу;	Цинизм, айналасына сынмен қарау, анархизм, агрессия;
<i>Интеллектуалды, кәсіби</i>	Өнерге қызығу, спорт, өзі ісіне берілу, музыкаға деген құмарлық, өз ойының болуы;	Ақша табу үшін ғана жұмыс істеу, жеңілгеұмтылу;
<i>Қоғамдық</i>	Өзінің субмәдени тобының достарымен тығыз қарым – қатынас, жылуға ұмтылу, қоғамның дамуына ұмтылу;	Өзгелерге міндетті болмау, аға буынның құндылықтарынан бас тарту және байланысын үзу, антиглобализм, отбасылық құндылықты теріске шығару;
<i>Эстетикалық</i>	Сән, музыка, әдемілік пен юмор, ерекше киім үлгісі;	Эпотаждылық, тым ерекшелену;

Енді осы субмәдени топтардың еліміздегі кең тараған түрлерінен, олардың мүшелерінің тұлғалық қабілетін талдап көрелік. Заманның дамуымен жыл сайын түрлі әлеуметтік желілер ашылып, танымалдық жинауда. Бүгінгі күні жастар арасында ең танмал болып тұрған әлеуметтік желі - Tik Tok.

Tik Tok – қытайлық әлеуметтік желі. Қысқа музыкалық бейнелерді, тікелей эфирлерді жасауға және түрлі хабарлар алмасуға мүмкіндік беретін әлеуметтік желі. 2016 жылдың қыркүйек айынан іске қосылып, 2018 жылдан бері танымалдылық жинады. Әлеуметтік желі бүгін бірнеше елдер арасында танымал

әрі Instagram, Facebook, Youtube қолданушыларын басып озып, кең қолданыста [21].

Тик Ток туралы психолог Анаргүл Орынғалиева «Тик ток әлеуметтік желінің саны артпаса, азаймайтыны анық. Бұл көбінесе жасөспірімдер арасында танымал. Тик ток әлеуметтік желісіндегі трендті түсіремін деген әр жазылушы біраз тез төгеді. Сондақ-ақ бірінші түсірген кезінде бірден шықпай қалса немесе қимылы музыкаға сай келмеген жағдайда жастардың ашуға булығытыны анық. Қазақ әдеп, дәстүрлі шетке ысырып, жастарымыздың санасы ой-санасы өзге елдің менталитетіне үйреніп кетпесе екен дейміз» деп пікірін білдірді. Жастардың арасында «Сіздің Тик-ток әлеуметтік желісінде ең көп көретін тобыңыз/тұлғаңыз» деп сауалнама алғанымызда көпшілігі Отандық Vip House-ты таңдаған. Сол Тик ток әлеуметтік желісінде елімізде ең көп оқырманы бар, халықаралық танымал топ – Vip House.

Vip House – әлемде танымалдылық бойынша үшінші орында. Бірге тұрып, тоғыз адамнан құралған бірлестік. Түрлі танымал трендтерге видео түсіреді. Қазірге таңда Тик Ток әлеуметтік желісінде – 23,6 миллион оқырманы болса, Instagram желісінде 550 мың оқырманы бар. Осы топтың бір мүшесінің тілдік тұлғасына назар аударсақ.

«Басында біз әшейін студия снимать етеміз бе деп ойладық// қаяқа-саяқа кеп// Видео снимать етеміз бе деп// Сосын Диас// Сосын біраз уақытта//біраз уақытта ойладық негізі бірге тұрып// атмосфераны қозғадық па етіп// Сосын үй снимать етіп// короче сол» [22].

(Даулет, Vip House)

Байқағанымыздай, тілдік тұлғамыздың сөзінде әдеби сөздер көп қолданбайды. Бұл қысқа үзінді ұлттық каналға берген сұхбат болатын. Сөздің басы мен аяғы жоқ, бірақ айтар ой бар. Бір - бірімен байланыспайды. Сөйлеуші сөздерінде тілдік қолданыстар қате. Мысалы «қаяқа - саяқа кеп», «атмосфераны қозғадық па деп» деген сияқты тілдік бірліктерде қателіктер бар. Сөйлеушінің сөзінен орысша сөздерді жиі қолданатынын, әрі қазақша таза сөйлемейінін байқаймыз. Бұл видео 9 айда 976 мың қаралым жинаған. Тілдік типін – қарапайым сөйлеуші қатарына жатқызуға болады. Жастар бұл тілдік тұлғаны көп көреді, әрі қызығушылық танытады. Тұлға болып қалыптасып келе жатқан жасөспірімдер тілдік қолданыстарды, сөйлеу стилін бейсаналы түре қабылдай алады.

Тұлғаның тілдік тұлғасының қалыптасуына әсер етуші макрофакторлардың бірі – субмәдениет. Қазіргі таңда жастар арасында музыкалық жағынан да, өмір сүру дағдысы жағынан да Корей мемлекетіне қызығушылықтың әсерінен сол елдегі мәдениетке, оның ішінде субмәдениетке қызығушылық басым. Бұл «дорама», «аниме» сияқты кинофильмдер мен K-POP әнші топтарының әсері. Дәл осы K-POP тобының әлемдегі тарауы әсерінен елімізде Q-POP субмәдени бағыты пайда болды. Бұл жөнінде психолог Аяулым Нуриманова: «Жастардың бұл мәдениетке бірнеше себеппен кіруі мүмкін. Бірі – жеке басындағы, жанұясындағы мәселемен кірсе, кейбірі достарынан

ерекшеленуге немесе жеке тұлғасын дәлелдеу үшін кіреді. Дос. Орта табу үшін де кіруі мүмкін», - дейді.

Q-pop – 1990 жылдары батыстық электроника, электропоп, хип-хоп, билейтін музыка, заманауи ритм-н-блюз (R'n'B) элементтерін өз бойына сіңірген, Оңтүстік Кореяда құрылған K-pop жанырынан бастау алған жаңа музыкалық жанр, субмәдениет [23]. Бұл субмәдениет өкілдерінің ерекшелігі сырт келбетінде. Түрлі – түсті киіну, сырға тағып, бояну, өзгеше үлгідегі киім кию. Бұл субмәдениет Қазақстанда алғаш рет 2015 жылы пайда болды, ал осы жанрда алғаш рет өнер көрсеткен 5 жігіттен құралған топ – Ninety One тобы. Қазірге кезде бұл бағытты ұстанатын топтар да, жеке орындаушылар жыл сайын саны артуда. Жыл сайын түрлі фестивалдары өтіп, жанкүйерлер саны да артуда. Ninety one тобының артынан қаншама жастар еліктеп өздерінің сыртқы келбеттері мен музыкалық бағытын өзгертті. Бұл топтың жанкүйерлер тобы – «Eaglez» деп аталады. Ninety one тобының Instagram әлеуметтік желісінде тіркелушілер саны – 566 мың, You Tube желісінде – 700 мың, Twitter – 10 мың, ВКонтакте желісінде - 215000, Facebook - 4500 адам тіркелген.

5-кесте. Ninety one бейнебаяндарының қаралым саны

Аты	Шыққан уақыты	Көрсетілім саны	Лайк саны	Пікір саны
«Mooz»	21.08.2017	20,5 млн	161 мың	18,7 мың
«Bayau»	10.07.2017	8.3 млн	101 мың	13,4 мың
«Kaytadan»	26.01.2016	11 млн	88 мың	12 мың
«Men emes»	29.07.2019	10 млн	182 мың	77 мың
«Bari biled»	08.08.2019	5 млн	142 мың	37 мың
«Ay! Yah! Mah!»	24.12.2017	14 млн	194 мың	81 мың
«Айыптама»	01.09.2015	9,5 млн	78 мың	15 мың
«Kalay karaisyn»	10.02.2016	7,6 млн	79 мың	14 мың
«E-Yeah»	25.06.2018	8,9 млн	131 мың	46 мың
Why`m	01.01.2019	2,8 млн		
«Yeski taspa»	05.06.2017	4,1 млн	59 мың	10 мың
«Көйлек»	13.08.2019	994 мың	38 мың	3,8 мың
«All I need»	29.07.2018	8,5 млн	128 мың	30, 3 мың
Senorita	02.10.2020	2,2, млн	92 мың	71 мың
Boymen	31.07.2018	1,7 млн	30 мың	2,4 мың
Oimanaqo	25.12.2020	5,4 млн	87 мың	29 мың
Taboo	25.12.2020	6,7 млн	166 мың	36 мың
DARN	21.11.2021	1,5 млн	53 мың	24 мың
Jurek	01.01.2022	775 мың	16 мың	2,6 мың

Ninety one тобымен қатар бірнеше Qpop топтары мен жеке орындаушылары келді. Жастар арасында кең танымал болған Qpop

орындаушыларының бірі – Ziruz. Олай болса тілдік тұлғасына таңдау жасалды [24].

Ну өлі деп іі прям айта алмайм по идее// Мне кажется просто қиын кезеңдер болып кетті // жаңағы іі неден кейін іі карантин андай мындай боп кетті и кажется қиын болып қалды го по любому// По этому қаз 91 бар сосын кім бар жаңадан группалар шығып жатыр го солар бар дит естігем көбісі бірақ тарап кетватыр// Біріншіден ол жаңағы не// іі карантин деп ойлайм// ақшаның жоқтығы по любому үйткені енді всио равно ары қарай не істеу керек әркімнің өзі несі//Көзгарастары өзгерген шығар.

Тілдік тұлға өз сөзінде әдеби сөздер көп қолданбайды. Бұл каналға берген сұхбат қысқаша үзінді. Сөйлеуші өз сөзінде орысша сөздерді өте жиі қолданады, мысалы «прям», «по этому», «кажется», «по идее» сияқты. Бұл видео 3 айда 311 мың қаралым жинаған. Тілдік типі – қарапайым сөйлеуші қатарына жатқызуға болады. Ой шашыраңқы болғандықтан кей сөздер логикалық тұрғыдан байланыспайды, сөз байлығы мен сөз дұрыстығы сақталмаған. Ауызша сөйлеу әрекеті болса да «кетіп жатыр» сөзінің орнына «кетватыр» деп қолданады.

Субмәдениеттің елімізде тағы бір кең тараған түрі – геймерлер. Жастар арасында компьютерлік ойын мен телефон арқылы ойынға құмартқан жастарға «геймерлер» деп ат қойған. «Dota», «Counter Strike» секілді ойындар жыл сайын танымалдық жинап, ойыншылардың саны көбеюде. Қазақстандағы кибер сайыстарды ұйымдастырушылардың дерегінше нақты санын айту қиын болғанмен, компьютерлік ойын ойнайтын жастардың саны 100 мыңнан асады.

Киберспорттың тарихы 1997 жылдан бастау алып жыл сайын танымалдық алып келеді. Елімізде де киберспорт ойындарына қызығатын жастардың саны жыл сайын артуда. Оған дәлел елімізде жиі өтетін кибер спорт турнирлері мен киберспорт командалары [25].

Киберспортшылардың тілдік тұлғасының әсері Qpor және Vip House субмәдени топтарына қарағанда әсер ету деңгейі төмен болғанмен, қызығушылығы жоғары. Сол себепті еліміздегі танымал киберспорт топтарының бірі «Avangard» тобының тілдік тұлғасын талдап көрелік [26].

«Приз ол әртүрлі немен іііі// бәрі ақша// әртүрлі// ең үлкен чемпионаттардың фонды бір млн доллар// ііі бір жылда контерстрайктың ішінде білмеймін 20 млн разыгрывается// Әртүрлі чемпионаттарда әлемнің бәрінде // от Ресейде бастап Южная Америка сөтіп осы ойын бойыншы әр әлемді, әр елді көріп әр елді көріп // көп нәрсе көрдік осы жұмыс бойынша // Бізге осы ойын жұмыс»

Қарап отырсақ, бұл сөйлеу әрекетінде тілдік тұлға сөзін дәл жеткізе алмайды. «Приз», «разыгрывается», «Южная Америка» деген сөздерді қазақша пайдаланбайды. Сөзді қате пайдаланған кездері кездеседі, мысалы «әр әлемді» сөзі қолданған. Бұл ұлттық арналардың біріне берілген, алдын ала дайындалған сұхбат, алайда ауызша сөйлеу барасында қателіктер жіберіледі. 230 мың қаралым мен 1,5 мың пікір жинаған. Тілдік тұлғамыздың сөздік қорының аз, тілінің жұтаң екені байқалады.

Жастардың арасындағы сауалнама нәтижесіне сүйенсек уақытының көп бөлігін арнайтын саласы ол – музыка мен кино. Ал музыканың елімізде кең сұраныстағы түрі - Орор әндері болса, киноның сұраныстағы түрі аниме.

Демократиялы әрі көп ұлтты ел болғандықтан түрлі мәдениеттердің тоғысуы, жаңа сипат алуы заңды. Дегенмен алдын алып, тілдің сақталуы үшін салдарымен күреспей, себебінің алдын алу біздің міндет.

Ахмет Байтұрсынов «Адам ана тілін жасынан естуінше, үлкендерден үйренеді. Содан соң тіл танытқыш кітаптардан таниды. Одан кейін үлгілі жазушылардың сөзін оқып, өзі іс жүзінде иә ауызша айтып, иә жазып қолданумен біледі» деген болатын [27, б.35]. Қорыта айтқанда, бүгінгі біздің жастарымыздың негізгі тілді қалыптастырушы үлгі алатын өкілдерінің өзінің тілдік тұлғасы төмен. Ал бұл тұлға болып қалыптасып, тілдік тұлғасы дамып келе жатқан жас өспірім үшін өте зиян.

1.3 Оқушылардың сөз мәдениетін қалыптастырудағы субмәдениеттің ықпалы

Сөйлеу әрекеті – ауызша немесе жазбаша формада жүзеге асады. Ауызша тіл мен жазбаша тілдің негізі – ғасырлар болы жинақталып келген, ұрпақтан - ұрпаққа жеткен ата-бабалардан қалған жалпыхалықтық тіл. Екі формадағы тілде де әдеби тіл нормасы сақталуы шарт.

6 – кесте. Сөйлеу түрі

Сөйлеу	
Ауызша формада:	Жазбаша формада:
сөйлейміз, тыңдаймыз	Жазамыз, окимыз
дыбыс	әріп
тыңдарманға бағытталады	оқырманға бағытталады
алдын ала дайындықсыз	мәтін алдын ала дайындалады
еркін, сөзді арнайы таңдамайды	арнайы қалыппен сөйленеді

Сөз мәдениеті – әдеби тілдің ауызша түрлеріне тән нормаларын игеру, тілдік амал – тәсілдерді айтылатын ойдың мақсатына сай орынмен қолдана білуі, сөйлеуде мәдениеттілік, әдептілік таныту [28]

Сөз мәдениетінде – әдеби тіл нормасы, сөз байлығы, сөз тазалығы, сөз дәлдігі, сөз әсерлігі, сөз әдебінің сақталуы.

Оқушылардың сөз мәдениетін қалыптастырумен қатар тілдік тұлғасын орта деңгейге жеткізу маңызды. Сөз мәдениетін оқушылардың арасында дамыту:

- тілдік тұлғасы дамыған тіл қолданушысын көбейтуге;
- сөздердің қолданыс деңгейінің артуына;
- тілдің қолданыс аясын кеңейтеді;

- тілдің сақталуына, келесі ұрпаққа жетуіне толықтай сөз мәдениеті дамыту әсер етеді.

Тілдік деңгейін, қызығушылығын анықтау мақсатында 6 -11 сынып аралығында 173 оқушыдан сауалнама алынды. Сауалнама анонимді түрде өтті және респонденттердің сауалнама нәтижесін пайдалануға рұқсат алынды.

7 - кесте. Сізге ойыңызды қай тілде жеткізу ыңғайлы?

Сынып	Қазақша %	Орысша %	Аралас %
6 – сынып	14 %	14 %	72 %
7 – сынып	15 %	15 %	70 %
8 – сынып	25 %	27,5 %	47,5 %
9 – сынып	35,5 %	20 %	45,5 %
10 – сынып	46 %	29 %	25 %
11 – сынып	17 %	44 %	39%

Бұл кестеден байқайтынымыз мектеп оқушыларының басым көпшілігі ана тілінен гөрі ойын орыс тілінде немесе аралас тілде жеткізеді. Пайыздық өлшеммен қарайтын болсақ қазақ тілінде ойын ашық жеткізе алатын, күнделікті қолданыста пайдаланатындардың саны аз. Әсіресе 5, 6, 7 - сыныптарда қазақ тілін тұтынушы оқушылардың үлесі жоғары сыныптарға қарағанда аз. Өз ойын жеткізуге қазақ тілінде емес, орыс тілінде жеткізген ыңғайлы деп таңдаған.

8 – кесте. Сіз досыңызбен қай тілде сөйлесесіз?

Сынып	Қазақша %	Орысша %	Аралас %
6 – сынып	0 %	14 %	86 %
7 – сынып	15 %	15 %	70 %
8 – сынып	7,5 %	67,5 %	25 %
9 – сынып	2 %	31 %	67 %
10 – сынып	29 %	55,5 %	55,5 %
11 – сынып	6 %	22 %	72 %

Кестеде көрсетілгендей достарымен араласатын уақытта қазақ тілін тұтыну деңгейі төмен. Басым көпшілігі аралас тіл мен орыс тілін таңдаған. Бұл дегеніміз мектеп оқушылары сөйлеу әрекеті барысында, күнделікті қазақ тілін төмен деңгейде қолданады. Күнделікті қарым-қатынаста тіл қолданыста болмаса, оны іске жаратып, пайдаға асырмаса тілдік жалпы қолданыстан ақырындап шыға береді. 6 – сынып оқушыларының сауалнама нәтижесінде қазақ тілін таңдаған оқушылар мүлдем жоқ. Тілдің сақталуы үшін әрбір ұрпақ тілді өз дәрежесінде білу, тарату, қолдану маңызды. Қазақ тілінің тілдік тұлғасы ретінде күнделікті қарым-қатынаста тілді қолданып қана қоймай, оның дамуына, жаңа сөздердің қосылуына, қолданыс тілі болуына олардың да өз үлесін қосуы маңызды.

9 – кесте. Сіз бос уақытыңызда не нәрсемен шұғылданасыз?

Сынып	Кітап оқимын %	Кино көремін %	Әлеуметтік желіде отырамын %	Ойын ойнаймын %	Музыка тыңдаймын %
6 – сынып	0 %	14 %	29 %	57 %	0 %
7 – сынып	15 %	15 %	20 %	14 %	36 %
8 – сынып	15 %	27,5%	30 %	22,5%	5 %
9 – сынып	9 %	29 %	22 %	24 %	18 %
10 – сынып	14 %	14 %	18 %	14 %	39 %
11 – сынып	17 %	17 %	22 %	11 %	33 %

Сауалнамада көрсетілгендей бос уақытта шұғылданатын істердің бірнеше түрі көрсетілген, дегенмен барлық сыныптарда «кітап оқимын» деген нұсқаны аз таңдаған. Басым көпшілігі «әлеуметтік желі» мен «музыка тыңдаймын» деген нұсқаны таңдалған. Кітап оқитын оқушылардың аз болуы да тілдік тұлғаның төмен деңгейде болуына әсер етеді. Басым көпшілігі музыка тыңдаймын деп таңдаған, ал фильм мен музыка тіл тұрғысынан филтрден өтті ме? Жас ұрпаққа тілдік берер пайдасы бар ма деп сауал қою керек. Қазақ тіліннің төмен деңгейде болуы – күнделікті тұрмыстың қолданыс сөзінен шығып қалуына да әсер етеді. Тіл – тарих пен дәстүрдің жалғастырушысы, ол жойылса ұлттың ерекшелігі де жойылады.

10 – кесте. Сіздің ең жиі пайдаланатын әлеуметтік желіңіз?

Сынып	Tik Tok %	Whats App %	Telegram%	You tube %	Instagram %
6 – сынып	90,5 %	0 %	0 %	9,5 %	0 %
7 – сынып	50 %	15 %	15 %	14 %	16 %
8 – сынып	50 %	10 %	2,5 %	20 %	17,5 %
9 – сынып	31 %	7 %	2 %	24 %	57 %
10 – сынып	53 %	21 %	4 %	2 %	14 %
11 – сынып	50 %	6 %	6 %	15 %	23 %

Әлеуметтік желілерді қолдану соңғы технологияның дамуымен тікелей байланысты, әсіресе соңғы жылдары кең қолданысқа ие болды. Кестеде көрсетілгендей ең жиі қолданыстағы әрі сұранысқа ие әлеуметтік желі «Tik Tok» пен «Instagram» желісі. Осы әлеуметтік желідегі тілдің қолданыс дейгейі, сөз мәдениетінің сақталуы өте төмен дәрежеде. Сөйлеу мәдениетінің сақтауы, тіл байлығы мен тілдің дұрыстығы бұл әлеуметтік желіде сақталмайды. 1.2 тараушада айтылғандай сұранысқа ие болу арқылы тілдік тұлғаның оқушылардың тіліне әсер ететінін дәлелдеген болатынбыз. Ешбір сүзгі мен сұраптаудан өтпей тілді қолдану – әдеби тілдік норманың бұзылуына алып келеді.

11 – кесте. Сіздің ұнататын кино жанрыңыз?

Кесте	Аниме %	Мультфильм %	Деректі фильм %
6 – сынып	71 %	29 %	0 %
7 – сынып	80 %	10 %	10 %
8 – сынып	52,5 %	32,5 %	15 %
9 – сынып	44 %	22,5 %	33,5 %
10 – сынып	50 %	14 %	36 %
11 – сынып	6 %	6 %	39%

Сауалнамада ең көп таңдалған нұсқа «аниме», дәл осы анименің көп қаралым жинауы жастар арасында Жапон және Корей мәдениетіне қызығушылық туындатуда. Өз мәдениетімізден гөрі сол мәдениеттің кең тарауы жаңа субмәдени топтардың еркін келуіне де себепші болады. Аниме – қазіргі күні тек біздің елімізде ғана емес, әлем бойынша өте кең тараған субмәдени топтардың бірі. Аниме көру, манга оқуға қызығу әрине бұл әр адамның өз таңдауы, бірақ жоғары деңгейге көтерілген аниме жанкүйерлері Жапон елінің мәдениетімен, тарихымен және салт-дәстүрімен танысып, зерттейді. Бұл дегенміз өз мәдениетінен бұрын өзге елдің идеологиясына қызығу. Тілдік деңгейі орта деңгейден жоғары, салты мен дәстүрін, әдебін меңгерген жастар үшін қауіп тумаса да, ұлттық құндылығынан ажырап қалған жастар үшін – қатері басым.

12 – кесте. Сіз қашан соңғы рет мәдени орында болдыңыз?

Сынып	Бір апта бұрын %	Бір ай бұрын %	Бір жыл бұрын %	Бір жылдан көп уақыт %
6 – сынып	10 %	43 %	14 %	31 %
7 – сынып	14 %	16 %	40 %	30%
8 – сынып	7,5 %	47,5 %	27,5 %	15 %
9 – сынып	9 %	29 %	18 %	44%
10 – сынып	14 %	18 %	25 %	43%
11 – сынып	17 %	22 %	28 %	33%

«Соңғы рет қашан мәдени орында болдыңыз?» деген сауалға басым көпшілігі «бір жыл бұрын» немесе «бір жылдан көп уақыт» нұсқаларын таңдаған. Бұл дегенміз оқушылар мәдени орындарға сирек барады. Мәдениеттің қалыптасуы мен өскелең ұрпақтың бойында тіл мәдениеті, ұлттық мәдениетті және эстетиканы сіңіру үшін тұрақты түрде мәдени орындарға кем дегенде бір айда баруға жағдай жасалуы керек. Мәдени орынға бару – оқушының тілдік тұлғаның элитарлы үлгісін көруге, қолданыс аясын тәжірибе жүзінде қолдануға көмектеседі. Сол себепті оқушылардың мәдени орындарға өз қызығушылығымен баруы маңызды. Оқушыға жастайынан мәдени орынға баруды үйрету арқылы – эстетикалық тұрғыдан тәрбиелейміз. Осы сұрақты нақтылау үшін оқушыларға мәдени орынға кіммен барғаны туралы сұрадық.

13 – кесте. Сіз мәдени орынға кімнің еркімен бардыңыз?

Сынып	Өзім %	Ата-анам %	Сынып жетекшісі %	Досым (танысым) %
6 – сынып	33 %	48 %	10 %	10 %
7 – сынып	11 %	36 %	23 %	30 %
8 – сынып	20 %	32,5 %	27 %	17,5 %
9 – сынып	49 %	20 %	18 %	13 %
10 – сынып	36 %	36 %	14 %	14 %
11 – сынып	50 %	50 %	0 %	0 %

Жоғарыдағы сауалнамада «бір жыл бұрын» барғаны туралы айтылған болса, сол мәдени орынға көпшілігі ата - ананың ықпалымен, сынып жетекшісі немесе таныстарының әсерімен барғанын көреміз. Мәдени орынға өз қызығушылығы болған оқушының сөз мәдениетін қалыптастыруға да оңай болады.

14 – кесте. Сіз қызығатын музыкалық жанр?

Сынып	Кроп/Қроп %	R&B, Рэп %	Лирика %
6 – сынып	67 %	19 %	14 %
7 – сынып	54 %	16 %	30 %
8 – сынып	57,5 %	25 %	17,5 %
9 – сынып	44 %	42 %	13 %
10 – сынып	32 %	43 %	25 %
11 – сынып	56 %	22	22 %

Музыкалық жанрлардың ішінде бірнеше нұсқа ұсынылған, бірақ басым көпшілік оқушылар субмәдениеттің жаңа түрі – Қроп пен R&B таңдаған екен. Бұл дегеніміз қазіргі мектеп оқушылары жаңа субмәдени топтарға қызығады және бұл бағыттағы топтардың тыңдалымы оқушылар арасында жоғары деген сөз. Қроп субмәдениеті Қазақстанда дами бастағанына көп жыл болмаса да, елімізде әсіресе жастар арасында кең танымалдыққа ие болды.

15 – кесте. Сіз танитын Қроп топ (әнші)?

Сынып	Ninety one %	BTS %	Лирика %
1	2	3	4
6 – сынып	67 %	10 %	23 %
7 – сынып	64 %	16 %	20 %
8 – сынып	47,5 %	25 %	27,5 %
9 – сынып	69 %	11 %	20 %
10 – сынып	18 %	21 %	61 %
11 – сынып	61 %	17 %	22 %

Сіз танитын Qpop топ (әнші) деген ашық сауал ретінде берілген болатын, сауал нәтижесінде Qpop әншілерінің ішінде ең көп танымал болғаны – Ninety one және Корей елінің BTS тобы көп таңдалды. Ал Qpop тобының тілдік тұлғаға әсері туралы 1.2 тараушасында айтылған болатын.

16 – кесте. Сіз телефон ойына қанша уақытыңызды жұмсайсыз?

Сынып	«10-20 минут» %	1-2 сағат %	3-5 сағат %	Мүлде ойнамаймын %
6 – сынып	10 %	48 %	33 %	10 %
7 – сынып	24 %	16 %	30 %	30%
8 – сынып	35 %	50 %	5 %	10 %
9 – сынып	11 %	36 %	16 %	38%
10 – сынып	11%	61 %	21 %	7%
11 – сынып	11 %	39 %	17 %	33%

Телефон ойыны (геймерлер) мектептегі мәселелердің бірі. Бос уақытыңызда немен шұғалданаңыз деген сауалға көпшілігі «ойын ойнаймын» деп таңдаса, сол ойынға 1-2 және 3-4 сағатын жұмсайды екен. Күнінің басым көпшілігін телефонға арнаған дамып, өсіп келе жатқан жасөспірім үшін зиян.

- ✓ бір орында қозғалыссыз отыру;
- ✓ үзіліссіз бір нүктеге қарап отыру;
- ✓ уақытының басым көпшілігін пайдалы іске арнамау өз пайдасынан гөрі кері әсерін тигізіп, денсаулығына қауіп тудырады.


17 – кесте. Сіз күнде кітап оқисыз ба?

Сынып	«Иә» %	«Жоқ» %	«Жауап беруге қиналамын» %
6 – сынып	24 %	48 %	29 %
7 – сынып	14 %	46 %	40 %
8 – сынып	32,5 %	42,5 %	15 %
9 – сынып	31 %	51 %	18 %
10 – сынып	36 %	39 %	25 %
11 – сынып	33 %	39 %	28 %

Кітап оқу оқушының (кез келген адамның) тілдік байлығын, сөздік қорын байытып және сөз мәдениетін қалыптастырады. Ал сауалнамада көргеніміздей оқушылардың көбі кітап оқымайтынын айтқан. Бұл басты мәселе.

Сонымен қорыта айтқанда, оқушылардың уақытының басым көпшілігі ұялы телефонға байлаулы. Барлығы болмаса да басым көпшілігі әлеуметтік желілерде уақыт өткізіп, ойын ойнайды. Өзара орысша немесе аралас тілде сөйлеседі. Мәдени орындарға да сирек барады және көп уақытта сыртқы ықпалмен барады. Тілдік қызығатын тұлғалары да субмәдени топтар өкілдері.

Осы сауалнаманы негізге ала отыра оқушылардың тілдік бейнесін (моделін) жасап шықтық.



5 – сурет. Мектеп оқушысының тілдік моделі

Д. В. Ольшанский жастардың субмәдениет пен контрмәдениет әрекетінің ерекшеліктерін бөліп көрсетті. Олар:

- *өзімен – өзі, өз бетімен болу.* Әлемнен өз орынын, өзіне тән ерекшелікті іздеу;
- *еліктеу, өзгеге қызығу.* Өзгелердің өміріне қызығу, ерекшеленуге тырысу.
- *сатылық инстинкт.* Жеке өзінің ойына қарағанда өзгелердің пікіріне жүгіну, салмағы басым пікірді тыңдау.
- *жоғары ұмтылыс.* Өз қатарластарынан жоғары болуға ұмтылу, өзгеше болып, бөліну [29, б.17].

Мектеп оқушысының қазіргі бейнесі сауалнама нәтижесінен көргеніміздей тілдік тұлғасын қарапайым дейгейде, әрі өз тілінен гөрі аралас тілде, орыс тілінде сөйлеудің жеңіл екенін айтқан. Өзінің достары мен ортасында өзінің ана тіліне қарағанда басқа тілде қарым-қатынас орнатады екен. Субмәдениетке қызығушылығы бар немесе сол ортаның мүшесі болып жүрген жастарды өз тілін игеруге, соны дамытуға қызықтыру – басты шарт.

2 ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЗ МӘДЕНИЕТІНЕ СУБМӘДЕНИ ТОПТАРДЫҢ ӘСЕРІМЕН КҮРЕСУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

2.1 Субмәдениеттің түрлері және олардың оқушылар тіліндегі көрінісі

Елімізде субмәдени бірлестіктердің таралауын анықтау үшін 2018 жылы «Қазақстан Республикасының жастары – 2018» жыл сайынғы Ұлттық баяндамасын дайындау үшін Қазақстан Республикасы жастар ғылыми – зерттеу орталығының жүргізген әлеуметтік зерттеуі нәтижесі бойынша елімізде жиырма бірден астам субмәдени топтардың түрлері анықталған. Алайда жыл сайын толығып отыратын бұл субмәдени топтардың қатарынан мектеп оқушыларының арасында ең танымал түрлерін іріктеп алдық.

Біріншісі. Бірінші тараудың 1.3 тараушасындағы сауалнама нәтижесі бойынша оқушылар арасында ең танымал музыка бағыты – Qpop. Qpop – 1990 жылдары батыстық электороника, электропоп, хип - хоп, билейтін музыка, заманауи ритм-н-блюз (R'n'B) элементтерін өз бойына сіңірген, Оңтүстік Кореяда құрылған K - pop жанрынан бастау алған жаңа музыкалық жанр, субмәдениет. Бұл субмәдениет өкілдерінің ерекшелігі сырт келбетінде. Түрлі – түсті киіну, сырға тағып, бояну, өзгеше үлгідегі киім кию. Бұл субмәдениет Қазақстанда алғаш рет 2015 жылы пайда болды, ал осы жанрда алғаш рет өнер көрсеткен 5 жігіттен құралған топ – Ninety One. Қазірге кезде бұл бағытты ұстанатын топтардың да, жеке орындаушылардың да жыл сайын саны артуда. Жыл сайын түрлі фестивалдар өтіп, жанкүйерлер саны артуда. Алаңдатушылық тудыратын мәселе жанкүйерлерінің негізгі тобы – жастар, мектеп жасындағы оқушылар [30].

Қазіргі таңда бұл жанрда Ninety One, DNA, Madmen, EQ, Crystalz, 10iz, Ayanat, Iceblue, Divine, Youngsters, Alien, Sevenlight, W атаулы топтар және де жеке әншілерден Ziruza, Ayree, Malika Yes, Riza, C.C.TAY, Kyle Ruh, DiUooU, Alba, Young Khan, Tamiris, Madi Rymbaev, AJ, KAKKEY, Arsenaleen, Aniko секілді әншілер үлкен сахнада өздерінің бақтарын сынап жүр [31]. Бұл музыкалық бағытқа көп уақыт болмаса да сол уақыт ішінде Black Dial, Newton, Stereo E, Ozge, Juzim, Vuira секілді топтардың құрылып кейіннен тарап кетулеріне тура келді. Бұл бағытты алғаш елімізге әкелген 91 тобының проюссері Ерболат Беделханның пікірі бойынша:

«Біздің музыка мүлде K-pop'қа ұқсамайды, бәлкім, түрімізбен шығар. Бұл жанр емес, бұл субмәдениет. Сондықтанда субмәдениетте өзінің стилі және өмір сүру образы бар. Біздің стиль - Қазақстан үшін жаңашылдық. Кейбіреуі оны түсінеді, ал кейбіреуі түсінбейді, соған қарай біздің басты мақсатымыз — Q-pop (Qazaq-pop) атты субмәдениетті құру» [32]. Бұл дегеніміз бұл бағыт келгеннен-ақ субмәдени топ болатынын, осы бағытты дамытатынын алдын ала жоспарлаған.

Осы субмәдени бағыттың тигізер пайдасы – жаңа музыкалық бағытты әкелетін болса, тигізер зияны да жоқ емес. Олар:

- сыртқы бет-бейненің өзгеруіне әсер етеді;
- жаңа тілдік қолданыстар әкеледі (сөз дұрыстығы бұзылады)
- шектен тыс еркіндік;
- өзгерлерден оқшаулану және теріс пікір есту, т.б. зияндарын тигізеді.

Енді осы бағыттың тілдік тұлғаға әсерін зерттеу үшін ең алғашқы осы бағытта шыққан, жастар арасында танымал Ziguzи-ның «Ұятсыз бала» әнінің сөзінің қатысымдылығына қарай талдап көрелік [33].

«Ұятсыз бала

Ұятсыз бала

Ондай маған керек емес

Сендей жігіт, жігіт емес

Ммммм

Ұятсыз бала

Қызыңа бар

Арамызда ойын ғана

Басың қайда ???

Ммммм

Жақындама

Ұятсыз бала

Қызыңа бар

Арамызда ойын ғана

Басың қайда ???

Ааааа

I don't wanna take

You falling like that

I don't wanna take

You falling like that»

Сөз дұрыстығы: «*сендей жігіт, жігіт емес*», «*басың қайда*» сөздерінде грамматикалық тұрғыдан қарағанда сәйкес келмейді.

Сөз байлығы: «*ұятсыз бала, ұятсыз бала, ондай маған керек емес*» деген тіркесте қазақ тілінің байлығын көре алмаймыз.

Сөз тазалығы: «*I don't wanna take, You falling like that, I don't wanna take, You falling like that*» деген екі рет қайталатын қайырмасы сөздің тазалығын бұзады, яғни қазақша өлеңде ағылшынша сөз қолданған.

Келесі Ninety one тобының «Darn» әні [34].

«Мына иықта бар қанаттар - пәтер тар

Иә, қиын, бірақ өмірің біреу-ақ, пәтеріңді қират

Жұрт сенің бос десе жартылай кесең, толы деп сен

Жүрсең күмән сеуіп, жүрегің - серік, көмектесед

[Pre-Chorus]

Мына иықта бар қанаттар - пәтер тар

(Cause I'll never ever be the same)

Қарғыс па, әлде ол дарын ба, өзіңе қой сұрақ

(Cause my lips still have a taste of dreams)

[Chorus]

Шексіздікті оoh-oh-hoo биле оoh-oh-hoo

Биле оoh-oh-hoo оoh-oh-hoo

Сол сәтті ұстап үйрен!

Шексіздікті оoh-oh-hoo биле оoh-oh-hoo

Биле оoh-oh-hoo

Сол сәтті ұстап үйрен!

Сөз дұрыстығы: *«Мына иықта бар қанаттар - пәтер тар», «жүрсең күмән сеуіп, жүрегің - серік, көмектесед»* тіркесті жолдарында мағыналық тұрғыдан сәйкес келмейді.

Сөз байлығы: *«Қарғыс па, әлде ол дарын ба, өзіңе қой сұрақ»* жолында *«қарғыс»* пен *«дарын»* бір – біріне қарама-қарсы антоним емес.

Сөз тазалығы: *«Cause I'll never ever be the same», «Cause my lips still have a taste of dreams»* жолында ағылшын сөздері қолданылып, сөз тазалығы бұзылған. Сөздің байлығы: *«Шекарадан ассын миың!»* - тура мағынасында миды көлегейлеп тұратын ешқандай шекара жоқ. Алайда жанама мағына жағынан да миды көлегейлейтін шекараның болмауында. Бұл сөз жағымды эмоция сыйлағынымен, сөздің байлығы сапасын сәйкес келмейді.

«Жыланша жеймін сені шайнамай!» – *«жыландай үйірілді», «жыланша ысылдады»* деген жыланның іс-қимылын алатын сөздер болғанымен, *«жыланша жеймін», «жыланша шайнамаай жеймін»* дейтін тіркес түрі болмайды.

Сөздің дұрыстығы:

«Демің жетпей жатса, мұнайма, ауа беремін!» - ауау адамның өмір сүру үшін қажеттілік тудыратын бөлігі, алайда тура мағынасында адамға ауа берілмейді. Бірінші бұл жерде, *«демің жетпесе мұнайма», «ауа беремін»* тіркестері қате қолданыста.

«Әңгімелеріңнен жүрек айниды , Араластырғандай шайға май!» - логика тұрғысынан шайға майдың араласпайтыны, әңгімеден жүректің айнымайтыны да белгілі. Алайда бұл жердегі сөздер дұрыс мағынасында қолданылмаған.

Сөздің дәлдігі:

«Буланады мына ара толықтай» - біріншіден сөздің орындары ауысқан, тура мағынасында булану табиғи үдеріс ретінде бұл жерде сәйкес емес, *«буланды»* деген сөз тіркесі болғанмен, *«мына ара буданды»* дейтін сөз тіркесі жоқ.

«Жандырамын, дереу былай кет деймін!» - *«жағамын»* және *«өртеймін»* сөз қолданыстары бар, *«жанып жатыр»* деген сөз болғанмен, *жандырамын* деген қолданыс жоқ.

Екінші. 1.3 тараушасындағы сауалнама бойынша жастар арасын ең көп көрілетін кино жанры – аниме. Аниме – жиырмасыншы ғасырдың соңғы он жылдығында Жапон мемлекетінде пайда болды. Манга (комикс) пайда болуымен олардың да танымалдылығы арта бастады. Бұл субмәдени топтың

ерекшелігі жарқын киім үлгісімен дараланады. Түрлі – түсті шаш үлгісі, ерекше киім. Анименің танымал болуымен де сол мәдениеттің киіміне, сөзіне, заттарына сұраныс пайда бола бастады. Бұл субмәдениеттің жастарға тигізер зияны инфантилді болу, өзінің әлемін құрып алу, яғни эскапист болу. Тағы бір әсері – тілдің тазалығының бұзылуынан көрінеді [35]. Аниме субмәдениетіне мүше болғандардың ерекшелігі:

- ерекше қызығушылығы – аниме, манга, Жапон елінің мәдениеті.
- өздеріне тән сленг сөздері (тілі). «Сәлем, рақмет, сау бол» сөздерінің орнына аниме сөздерін қолданады. «Ня» сөзін түрлі эмоцияларды жеткізуге пайдаланады.
- өз - өзін ұстауы. Аниме жанкүйерлеріне ортақ өзін ұстауы сипаттау қиын, бірақ жасөспірім аниме жанкүйерлері ерекше жүруге тырысады.
- киім үлгісі мен сырт бейнесі. Айқын түрде киім үлгісін кимесе де, телефонның қабындағы сурет, анименің логосы мен білгісі бар киім субмәдениеттің өкілі екенін білдіріп тұрады.

Анимеге қызығатын жастардың өз ішінде жас деңгейіне қарай бөлінеді:

- *Кодомо* – 12 жасқа дейінгі балаларға арналған анимелер. Достық, мейірімділік, өзгеге көмек тақырыбындағы анимелер.
- *Сёнэн* – 12 мен 18 жас аралығындағы жасөспірім ер балаларға арналған аниме мен манга. Жылдам, тез дамитын сюжеттен тұрады. Достықты, махаббатты, спортпен айналысуды насихаттайды.
- *Сёдзэ* – 12 мен 18 жас аралығындағы жасөспірім қыздарға арналған аниме. Эмоцияларды дөп басып жеткізген, махаббат пен достықты насихаттайтын аниме түрі.

Аниме көріп, осы субмәдениетке қызығатын жастардың бір - бірінен айырмашылығы жоқ деп санағанмен, өз ішінде аниме субмәдениетіне мүше адамдар да қызығушылығына орай 4 бөлінеді.

- *жас қосылған мүшелер* - көп тараған түрі. Өзі аниме мен манга көретін ортаған тез сіңісуге тырысады. Көптеген фильм көріп, түрлі комикс оқып, аниме стиліндегі компьютерлік ойын ойнаса да, әлі сленгтің бәрін жаттамаған. Анимеге қатысты барлық ақпаратты сіңіріп алуға тырысады. Өзі сияқты анимеге қызығатын адамдарды іздейді.
- *қызығушылығы жоғары мүшелер* – жаңа қосылған мүшеге қарағанда сленг сөзді жаттаған, біршама аниме көрген. Осы саладағы білерін барынша көбейтуге тырысады.
- *Жопондық* – аниме мен мангадан бөлек Жапон елінің мәдениеті мен өнеріне, тарихы мен дәстүріне қызығушылық танытатын топ.
- *Отаку* – өмірін осы субмәдениетпен байланыстырған, шынайы аниме жанкүйері. Жас ерекшелігіне шектеу жоқ. Анимеге қатысты барлық ақпарат пен сленгті біледі.

Жастар арасындағы «кунай», «охайо», «кавай», «ие», «бака» сияқты сөздері белсенді қолданыста. Аниме субмәдениетіне қызығатын жастардың іс-әрекеті:

- ✓ аниме көру;
- ✓ манга мен додзинси оқу;
- ✓ жапондық әндерді тыңдау;
- ✓ анимеге арналған сайттар мен парақшаларды қарау және тарату;
- ✓ Жапон елінің тарихы мен мәдениетін зерттеу;
- ✓ жапон тілін үйрену;
- ✓ аниме кештер мен аниме фестивалға бару;
- ✓ дорама көру;
- ✓ аниме стиліндегі компьютерлік ойындар ойнау;
- ✓ фонарт салу;
- ✓ анименің белгісі бар плакат, сурет, фигуралар мен ескерткіштерін жинау;
- ✓ анимеге өзге адамдарды тарту;
- ✓ фанфик жазу;
- ✓ аниме мен манганы аудару.

Үшінші. Оқушылардың сабақтан тыс уақытта, үзілісте ең көп шұғылданатын ісі – ойын ойнау, бұл топтарға субмәдениет зерттеушілері «геймерлер» деп ат қойған болатын. Геймерлер ойынға деген құмарлығына қарай:

- ✓ *казуалдар (casual gamer);*
- ✓ *әлеуметтік геймерлер (sociable gamer);*
- ✓ *нағыз геймерлер (moderate gamer);*
- ✓ *қызығушылығы жоғары геймерлер (addicted gamer);*
- ✓ *хардкорлар (hardcore gamer)* деп бөлінеді [36, б.23].

А. Верно геймерлер мен геймингтердің субмәдениетке қатысын классификациялаған болатын. Олар:

- ойындарға, шынайы әлемнен алыстауға байланысты;
- компьютерлік технологияларға байланысты.

Бүгінгі күні компьютерлік ойындарға әбден әуестеніп алғандар, бүгінде өздерін «геймерлер» деп атайды, ал геймерлердің көбі киберспортпен айналысатын командаларға мүше. Осы ретте, «киберспорт» деген ұғымға түсінік берейік. Себебі компьютерлік ойындар арқылы пайда болған бұл термин әлі күнге құлаққа тосын естіледі. Ғаламтордағы анықтамалықтарға сүйенсек, киберспорт – топтық компьютер ойындары бойынша өтетін спорттық жарыстар. Бұл спорт түрі бізге бертінде ғана танылғанымен, киберспорттың тарихы 1997 жылдан бастау алады. Сол уақыттан бері киберспорттан турнирлер әр жыл сайын өткізіліп келеді. Бұл жарыстардың жүлде қоры да қомақты. Түрлі ойындардың шығуы бұл саланың дамуына ерекше серпіліс берді. Ал 2015 жылдан бері Ресей, Корея, Қытай мемлекеттерінде киберспортшыларды оқытатын арнайы кафедра ашылған болатын. Геймерлердің оқушыларға тигізер зияны:

- бос уақытты тиімді пайдаланбау;
- виртуалды әлемге еріп кету;
- кибербуллинг;

- денсаулыққа кері әсері;
- қоғамнан оқшаулану.

Геймерлердің әлеуметтік - демографиялық портреті – 56 % ер адамдар, 44 % әйелдер. Зерттеудің нәтижесі бойынша жас аралығы 15 - 22 жастар. Геймерлердің жартысынан көбі – студенттер мен оқушылар [37].

Қорр және аниме субмәдениеттерінде жаңа сөздің енуі немесе сөздің бұзылуымен тілге, оқушы тіліне кері әсері болса, ал бұл геймерлердің ерекшелігі сөздік қордың аз болып, әлеммен тілдік қарым-қатынасқа түспеуі.

Субмәдени топқа кірген жастармен күресу шараларын да, кірген субмәдени тобы кері әсер етпес үшін іс - шаралар жасалу керек. Ол үшін баланың бұл ортаға тәуелді ме, жоқ па соны анықтау керек. Баланың тәуелділігін анықтау үшін:

- денсаулығы. Егер баланың зейіні азайып, өзге дүниелерге қызығушылығы азаятын болса,
- қарым-қатынасы. Ата-анасымен, достарымен, сыныптастарымен қарым-қатынасы нашарлап, коммуникацияға аз түсетін болса,
- үйренуі, өзге дүниелерді үйренуге бейімі азайып, субмәдени топтар басқа дүниелерге қызықпайтын болса онда тәуелділіктің жоғары деңгейі.

Ал бір бөлігі ғана бар олса баланың бұл ортадан алып шығу жеңілрек болады. Тәуелділікпен күресудің екі жолы бар. Бірі - реактивті, бірі - проактивті. Реактивті – балаға ұрысу, тыйым салу, қатаң шаралар жасау. Алайда психологиясы өте әлсіз бұндай топтарға кірген балаларға реактивті шаралар қолданып керек емес. Практиктивті шаралар жасау, баламен тығыз жұмыс жасау, сырттай білдіртпей күресуді талап етеді.

Оқушылардың сөйлеу тіліне субмәдениеттің әсерін анықтау үшін оқушылардың ең жиі пайданатын сөздік қорына жинақтадық. Геймерлердің сөздігі:

- *аддон* – ойынға, браузерге қосымша көмек;
- *баг* – ойында жіберілген қате;
- *вв* – геймерлердің қысқаша қоштасуы;
- *бан* – ойындағы ереженің бұзылуы немесе ойыннан шығарып тастау. Ойыннан уақытша немесе біржола шығарып тастау;
- *f2f* – бетпе-бет сөйлесуге сұрану;
- *faq* – танымал сұрақтарға жинақталған жауап;
- *девайс* – кез-келген техникалық құрал;
- *gg* - ойынның жақсы өткені туралы белгі;
- *кик*- ойындағы өрескел қате үшін ойыннан шығарып жіберу;
- *конфлик* – ойынның құрылымы;
- *нуб* – ойынға жаңа қосылған адам, әлі сәтті ойнай алмаған ойыншы;
- *флуд* – маңызды емес дүниелер туралы чаттағы бос әңгіме;
- *катка* – ойынның бір бөлігі;
- *рак* – компьютерлік ойын ойнай алмайтын адам;
- *раш* – топтық шабуыл т.б.

Аниме субмәдениетінің сөздігі:

- *сенсей* – ұстаз, оқытушы, дәрежесі жоғары адам;
- *яндере* – психологиялық тұрақсыз кейіпкер (қыз баласы);
- *сёнен* – ер бала, жасөспірімдер көретін анименің ұл кейіпкері;
- *филлер* – негізгі сюжетке қатысы жоқ оқиға (тау арасы, табиғат суреті, кіріспе)
- *OVA* – анименің арнайы форматы, теледидар анимелеріне қарағанда ерекшелетін формат;
- *хентай* – үлкендерге арналған аниме жанры;
- *отаку* – анименің шектен тыс жанкүйері;
- *мангака* – манганың авторы;
- *сугой* – 1) өте керемет, тамаша; 2) өте жаман, нашар;

Бұл арнайы бір субмәдениеттің әсерінен тілдік қолданысқа енген сөздер болса, ғаламтордың дамуымен, көптілді қолданудың әсерінен де тілімізге жастардың қолдануының әсерінен көптеген сленгтер енуде. Мысалы:

- *анбоксинг* – сыйлықты немесе қорапты ашу барысын видеоға түсіру;
- *ауф* – ұнаған уақытты айтылатын одағай сөз;
- *баттхерд* – реніш, ыза;
- *бумер* – аға ұрпақ өкілі;
- *баг* – қате, қателік;
- *бодишейминг* – адамның сырт келбетіне қарап төмендету;
- *байтить* – 1) біреудің ойын, идеясын ұрлау; 2) мазақ ету, келемеждеу;
- *вайб* – атмосфера, көңіл-күй;
- *го* – «кеттік», «алға»;
- *гон* – өтірік;
- *донат* – көмек, ақшалай сыйлық, қолдау;
- *дноколы* – сыныптастар, жолдастар;
- *думер* – көңілсіз, пессимист жеткіншек;
- *ивейтит* – қашу, тығылу;
- *краш* – ұнайтын адам, идеал, жауапсыз махаббат;
- *криндж* – өзгелердің іс-әрекетіне ұялу;
- *лмао* – қатты күлу, мазақ ету;
- *лойс* – әлеуметтік желілердегі ұнау белгісін басу;
- *лове* – ақша, қаражат;
- *нуб* – жаңадан келген адам;
- *муд* – көңіл-күй, жағдай;
- *пруф* – дәлел, анықтама;
- *падра* – құрбы, дос;
- *паль* – қымбат брендтің көшірмесі;
- *юзлес* – ешбір пайдасы жоқ дүние;
- *соулмейт* – көзқарасы, қызығушылығы ортақ адам.

Дәл осындай түрлі субмәдениеттің әсерінен тілімізге енген сленг, жаргон сөздер өте көп. Ешбір түзетусіз, аудармасыз қолданатын болсақ тілдің үндестік заңдылығы бұзылады. Қазақ тіл білімінің атасы, ғалым А. Байтұрсынов «Сөз өнері адамның үш негізіне тіреледі:

1. ақылға
2. қиялға
3. көңілге

Ақылдың ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын тану, ақылға салып ойлау. Қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, суреттеу, ойлау. Көңілдің ісі – тую, толғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша айтуға жарау» [320, б.10]. Олай болса, өзге тілден енген сөздер – тілдің, ең бай тілдердің бірі болып санаталын қазақ тілі үшін қауіп. Жастардың тілдік тұлғасына әсер етуі бір мәселе болса, екінші мәселе – сөздік қорға ақылмен аңдамайтын, қиялмен түсінбейтін, көңілге қонбайтын сөздердің қосылуы. Субмәдениеттің жастар тіліндегі көрінісі – бүгінгі күні тіл мамандарының күн тәртібінде тұратын басты мәселе болу керек. Егер біз бүгін өсіп, тәрбиеленіп жатқан жастардың тілдік қолданысына бей - жай қарасақ, ертеңгі ұрпақтың тілі қазақ тілінен алшақтап кетуі мүмкін. Түркі тілдерінің ішінде ең таза тіл саналатын қазақ тілін таза күйінде сақтау маңызды.

2.2 Оқушылардың сөз мәдениетіне субмәдени топтардың әсерімен күресудің тиімді әдіс-тәсілдері

Білім алушылардың сөз мәдениетіне субмәдениеттің әсерлерімен күресу барысында басты ұмытпау керек – бірнеше факторлар бар. Олар:

- әрбір бала қалыптасып келе жатқан жеке тұлға;
- күресу ашық түрде, білім алушыға ыңғайсыздық туғызатын күйде өтпеу керек;
- білім алушының талғамына, таңдауына кері әсер етпеу керек.

Субмәдени топқа мүше немесе кіргісі келетін жастармен күрес жүргізу барысында ол білім алушы тәуелді ме, жоқ па соны анықтап алу керек. Ол үшін:

- денсаулығы. Сабаққа, өзге де дүниелерге зейіні төмендеп, қызығушылығы болмаса.
- қарым-қатынасы. Көпшілік ортадан қашатын болса, ата-анасы, сыныптастары, достарымен коммуникацияға түспейтін болса.
- зейіні. Үйреніп алуға, тез қабылдауға зейіні төмендеп, я болмаса мүлдем болмаса тәуелділіктің жоғары деңгейі деп таныған.

Алдын – алу және күрес іс – шаралары қатаң түрде, тыйым салу, ұрысу сияқты түрде емес, түсіндіру және түсінуге тырысу, қызықтыру түрлерінде өту керек. Субмәдениеттің кері әсерлерімен күресу іс-шаралары тек сабақ үстінде ғана емес, сыныптан тыс та жүру керек. Ол үшін ата-ана мен мектептің тығыз

байланысы маңызды. Күрес тек бір жақты ғана жүрмей, екі жақтап тығыз қарым-қатынас орнату керек. Оқушы сыртқы назардан тыс қалып, өзін ешкімге керексіз сезінетін болса, орны толмаған көңілді басқа ортадан іздей бастайды. Ата - анасы мен жақындары бере алмаған жылуды өзге бейтаныс жандардан алады. Ата - ана мен бала, бала мен мектеп, мектеп пен ата - ана арасындағы бірлік мықты болып, «бала» деген субъектінің мүддесі үшін бірігіп, жұмыс істесе ғана күресу шаралары оң нәтижесін береді.

Біздің елімізде қазіргі таңда аталар мен әжелер мектебінің қадірі төмендеп, деңгейі түсіп кетті. Отбасы институты, ата - ана болуға дайындық секілді ұғымдардың да дәрежесі төмен. Сол себепті арнайы мамандар, мектеп психологтары ата - аналарға тренинг пен семинарлар жиі өтуі керек.

2016 жылы Швейцарияның Давос қаласында өткен Халықаралық экономикалық форумында төртінші технологиялық революцияның басталғаны айтылған болатын. Форум барысында 2020 жылы әр маманның бойында болу керек ең үздік 10 қасиет іріктелді.

1. Кешенді міндеттерді шеше алу (complex problem solving);
2. Критикалық ойлау (critical thinking);
3. Шығармашылық ойлау (creativity);
4. Адамдарды басқару (people management);
5. Топта жұмыс істей алу (coordinating with others);
6. Өзінің және өзгенің эмоцияларын бақылау және басқару (emotional intelligence);
7. Пікірлерді саралап, шешім қабылдай алу (judgment and decision making);
8. Келіссөз жүргізе алу (service orientation);
9. Тұтынушылармен жұмыс істей алу (negotiation)
10. Бірнеше тапсырма орындай алу (cognitive flexibility) [38].

Ғалымдар талқылай келе Давостық ондықты ең керек төрт дағдыға қысқартқан болатын. Содан әр адамның бойында болу керек «4К моделі» шықты. Олар:

- критикалық ойлау (critical thinking);
- креатив (creativity);
- коммуникация (communication);
- басқару (coordination with others).

Бұл дегеніміз білім мен тәрбие беріп отырған оқушылардың бойына әр сабақта осы дағдыларды сіңіруіміз қажет. «4К моделін» әр сабақта пән мұғалімдері қосымша мақсат ретінде алып отырса, сөйлеу мәдениетін дамытары әрі қоғамда маңызы бар тұлға тәрбиелеп шығары анық.

Сабақ – білім алушының дамуына, сабаққа қызығушылық пен ынтымақтау келуіне жағдай жасау. Білім беруде тапсырмалар беру барысында білім алушының жеке ерекшеліктері ескеруі керек, яғни деңгейлеп оқыту, тапсырманы негіздеп беру керек. Тапсырма орындау кезінде де педагог басқарушы емес, бақылаушы рөлінде болу керек. Өз бетімен жұмыс жасап, білім мен дағдыны игеруге талпыныс – білім алушы тарапынан болу керек. Заманауи сабақ құрылымы – дәстүрлі сабақ пен инновациялық сабақтан тұрады. Инновациялық

сабақ құрылымына – жобалау, практикалық сабақ, оқытудың түрлі формалары жатады. Сонымен қорыта айтқанда сабақ біртекті, бірсарынды болмау керек.



6 – сурет. Сабақтың түрі

Оқушылардың сөз мәдениетін көтеру үшін сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта жасауға болатын әдістерді дайындадық. Бұл тәсілдер оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым дағдысын қалыптастыруға бағытталған, қазіргі күні қолданып жүрген әдістерден ерекшелігі сөйлеу мәдениетін дамытуға бағытталған. Қазақ тілі сабағында қолдануға болатын жаңа тәсілдерді жинақтадық:

- *«Хат жазу» тәсілі.* Сабақтың соңында пән мұғалімінің әрқашан кері байланыс ала беруге уақыты келмейді. Сол кезде арнайы әрбір оқушыға дайындалған хаттарға өздерінің күнделікті кері байланысын, сабақта ұтымды болған тұсы мен келесі жолы назар аударту керек тұсын жазады. Сабақтың басында таратып беріп, сабақ соңында қайта жинап алады. Бұл оқушыны кері байланыс беруге, өз пікірін білдіруге үйретеді. Кейбір оқушылар көпшілік алдында өз ойын айтуға қысылатын болса, қағазға жазып бере алады.

- *«Ойын» сабақтар.* Білім алушылар арасындағы ойындарды сабаққа бейімдеу. Мысалы, «қолтырауын» ойыны. Оқушыларға тақырып бойынша алдын ала карточкаға сөздер дайындалады. Жасырылған сөзді сыныптастары оқушының өзіне түсіндіреді. Бұл тәсілдің тиімділігі:

- ✓ оқушының сабаққа деген зейіні мен қызығушылығы артады;
- ✓ сабақта өткен ақпарат есте қалады;
- ✓ сөздерді түсіндіру арқылы сөздік қоры молаяды.

- *«Сөздік дорба».* Сабақта сергіту сәті ретінде қолдануға болады. Оқушылар топ - топ болып бөлінеді, әр оқушы өзінің тілдік қолданысында болмаған жаңа қазақша сөзді айтып, мағынасын түсіндіреді. Жанында отырған оқушы оны

қайталап, өз сөзін түсіндіру керек. Топтаға оқушылар әрі қарай кезек - кезек жалғастыра береді. Шатысқан оқушы топтан шығып, бақылаушы рөлін атқарады. Әрі жаңа сөз үйреніп, әрі есте сақтау қабілеттерін дамытады.

Сөз мәдениетін көтеруде әр білім алушыға кедергілер түрліше және олармен күресу жолы да дара болу керек. Сабақтан тыс күресу жолы ретінде бірнеше іс-шаралар жасауға болады.

Білім алушыларға еріндік беру және өздерінің білетін дүниесін бөлісетін алаң жасап беру. Ол үшін оқушылар арасындағы түрлі клубтарды ашуға болады. Мысалы, клубтың басшысы жоғарғы сынып оқушылары болатын болса өзінен кейінгі сынып оқушыларына тәлімгерлік етеді. Әрі әлеуметтік дамуына, бос уақытын тиімді пайдалануға, жаңа достар табуға және қабілетін шыңдауға әсер етеді.

✓ *«Академия» клубы* – жаратылыстану ғылымдарына қызығатын оқушылардың біріккен клубы. Сабақтан тыс уақытта химия, биология, физика, математика, география сынды пәндерден бірігіп, кейстер талдап, қосымша сабаққа, олимпиадаға дайындалады. Әрі жоғары сыныптың оқушылары өздері талдайды, әрі өзінен төменгі сыныптарғы қызығушылығы бар оқушыларға көмектесіп, үйретеді. Тақырыпты жақсы түсінген оқушылар білімімен бөліседі. Клубтың берер пайдасы:

- *оқу мен білуге қызығушылығы бар оқушыларды топтасады;*
- *бір-бірімен пікір алмасады;*
- *қызығушылығы ортақ оқушылардың бір-бірімен араласатын ортақ алаң болады;*
- *бір-біріне түсіндіру арқылы көмектеседі.*

✓ *«Қамқор» клубы* – оқушылардың арасында қайырымдылықты таратып, өзгелерге қамқор болуға үйрететін клуб. Клуб мүшелері қарттар үйіне, т.б. мұқтаж жандарға көмек көрсетеді. Қайырымдылық акциясын өткізеді. Оқушылар арасындағы волонтерлік, өзгеге қол ұшын беру секілді қасиеттерін дамытады. Клубтың берер пайдасы:

- *қайырымдылық, өзгеге көмек туралы түсініктері қалыптасады;*
- *еріктілікті мектеп жасынан үйренеді;*
- *ұйымдастырушылық, мейірімділік қасиеттері дамиды;*
- *айналасына қамқор болады.*

✓ *«Оқы» кітап клубы* – кітапқа қызығушылығы бар оқушылар жиналған клуб. Клуб мүшелері бір айға немесе екі аптада бір рет кітап тандап, оның авторымен кездесу жасап, өз араларында талдайды. Кітаптарды қазақ әдебиеті мен шет ел әдебиетінен тандайды. Кітап оқу мәдениетін қалыптасып, оқуға деген зейіндері ашылады. Клубтың берер пайдасы:

- *кітап оқуға қызығушылығы оянады;*
- *кітап оқитын, талдайын орта қалыптасады;*
- *шығарма авторларымен кездесу жасайды.*

✓ *Музыка клубы* – ән салуға, түрлі инструментте ойнайтын оқушылардың қызығушылығын біріктірген клуб. Клуб – концерттерге дайындалады, ән айтуға,

бір-бірінен үйренуге баулиды. Мысалы, домбыраға қызығушылығы бар оқушыларға домбыра тарта алатын оқушылар үйретеді.

✓ *Арт клуб* – оқушылардың шығармашылығын дамытатын клуб. Өнерге, сурет алу мен мүсін өнеріне қызығушылығы бар оқушыларды біріктіреді, сабақтан тыс уақытты тиімді пайдалана алады. Өз ойын өз өнері арқылы білдіреді.

Оқушылармен субмәдениеттің алдын алу ретінде ұсынатын әдістердің бірі – газет жұмысы. «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі», - деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, оқушыларды мектеп кезінен газетке қызықтырудың пайдасы өте мол. Оқушылар ақпарат жинау, иллюстрация жасау, қызықты тақырыптарға мақала жазумен айналысады. Бұл әдістің берер пайдасы – оқушылар жастайынан сөздің қадірін түсінуге, орнымен пайдалануға, тілдік тұлғаның ортадан жоғары деңгейге көтерілуіне әсерін береді. Мектеп газетін шығару тек мақала жазумен айналысатын оқушыларға ғана емес, мектептің барлық оқушыларына да пайдасы тиеді. Қызықты жазылған мақаланы оқып, танысады. Газет жазуды - тұрақты жобаға айналдыруға болады. Пікір алмасу, тәжірибе жинау мақсатында – жергілікті газетке баруға болады.

Мектеп радиосы – оқушылармен жұмыс жасауда өз пайдасын әкелетін тиімді жобалардың бірі. Оқушылар сабақтан тыс уақытта мектептің жаңалықтарымен таныстырып отырар мектеп радиосымен айналысса болады. Радио жұмысы – аптасына бір рет немесе күнделікті үзіліс уақытында хабар таратса болады. Хабарлар – мектептің жаңалығы, құттықтаулар, хабарламалар, оқушыларға пайдалы ақпараттар болады.

Радио бағдарлама дайындау арқылы:

- сауатты сөйлеуге;
- дауыс қою мен дикциямен жұмыс жасауға;
- ақпаратты өңдеуге;
- жаңа ақпараттармен танысуға;
- сөздік қорының молаюуына;
- тілдік тұлғасын жоғары деңгейге көтеруге әсер етеді.

Субмәдениеттің алдын алу мен күресу әр пәнде жүру керек. Тек қазақ тілі мен әдебиеті сабағында ғана емес, тұтас пән мұғалімдері жұмыс жасау керек. Оқушылардың тілдік тұлғасын көтеру мақсатында «Сөз шебері» факультатив сабағын ұсынамыз.

«Сөз шебері» факультатив сабағы



Дайындаған: қазақ тілі мен әдебиететі пәнінің мұғалімі
Муслманбекова Назерке Муслманбековна

Мазмұны:

1. Түсінік хат.....
2. Авторлық бағдарламаны әзірлеу технологиясы.....
3. Факультатив сабақтың күнтізбелік жоспары.....
4. Факультатив сабақта қолданылатын жаттығулар.....
5. Пайдалануға ұсынылатын әдебиет.....

Түсінік хат

«Сөз шебері» факультатив сабағы қазақ тілі мен әдебиеті сабағына қосымша сабақ ретінде жүреді. Бұл факультатив сабақтың ерекшелігі оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыруға көмекші құрал. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік хатта:

- «Қазақ тілі» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:
 - қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктеріне коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану;

- тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу;
- аудиовизуалды материалды тыңдау барысында өз көзқарастарын білдіру;
- мәтіндерге қойылған мақсатқа сәйкес қорытынды, синтез, анализ жасау дағдыларын қалыптастыру.

- «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты:

- оқушылардың бойында гуманистік, адамгершілік-эстетикалық, ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу;
- ұлттық әдеби туындылармен қатар әлем әдебиеті туындыларымен таныстыру;
- көркем шығарманы тануда қажетті білімді бере отырып, шығарманы мазмұн мен түр бірлігінде көркемдік тұтастық пен көркемдік бейнені талдау, жинақтай білу, шығарма идеясын, жазушы ұстанымын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру [39].

Осы әдістемелік негізінде қазақ тілі мен қазақ әдебиетіне қойылған талаптардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту, ұлттық құндылықты сіңіру, көпшіліктің алдында өз ойын еркін айта білу секілді міндеттерді осы «Сөз шебері» факультатив сабағында қамтылды.

Бүгінгі мектеп оқушыларының алдына қойылған міндет – қазақ тілінің ауызекі сөйлеу тілі мен жазбаша тілін еркін меңгерген, өз ойын кез келген тақырыпта ашық жеткізе алатын, сөйлеу дағдысы мен сөйлеу мәдениеті қалыптасқан тұлға болу.

Тілдік тұлғаның қалыптасуына қажетті өлшемдері өз ойын ашық әрі сауатты жеткізе алатын тұлға болып қалыптасу.

Бағдарлама төмендегідей бөлімдерден тұрады:

- «Шешен сөз шыңға жетелейді» бөлімінде оқушылар амандасу мен қоштасу этикасымен, шешендік тілдік қарым – қатынас құрудағы қателер, дауыс пен дикция қою. Мәнерлеп өлең оқу мен өлең шығару технологиясымен танысады. Шешендік өнерден тренингқа қатысады.
- «Ділмәрдің сөзі ұстаның бізінен өткір» бөлімінде оқушылар пікірсайыс технологиясын, шешендік сөз үлгісін, көпшілік алдында сөйлеу технологиясын үйренеді. TEDX talks – қа дайындалып, көпшілік алдында қорғайды.
- «Тіл – ақылдың өлшемі» бөлімінде мектеп газетін дайындау, телебағдарлама әзірлейді. Эссе жазу технологиясымен таныс болады. Тұлғамен кездесу жасайды.
- «Ана тілің алыс тілге татиды» бөлімінде «Оқу» кітап жәрмеңкесі және «Soyle» радио бағдарламасын әзірлейді және өз өнімдеріне жарнама жасайды.

Бағдарламаның мақсаты: оқушылардың өз ойын еркін жеткізе алатын, көпшілік ортада өз ойын қысылмай айтатын, сөйлеу немесе жазу барысында қателіктерді жібермейтін, тыңдаған әні мен көрген киносының қателігін көре алатын заманауи қазақ тілінің жанашырын дайындау.

Бағдарламаның міндеті:

- эссенің түрлерін білу әрі сауатты жаза алу;
- ауызша немесе жазбаша қарым – қатынасқа түскенде қателіктер жібермеу немесе қатені білу;
- пікірсайыстың технологиясымен таныс болу әрі өз ойын көпшілік алдында анық жеткізе алу;
- сыни тұрғыдан ойлай алу.

Күтілетін нәтиже:

- ауызекі және жазбаша сөйлеу тілін еркін меңгереді;
- жаңа тілдік қабілеттері қалыптасады;
- орта немесе орташа тілдік тұлғаға көтеріледі;
- заманауи музыкасының сөзіне мән береді әрі қатесі таба алады;
- ортада кез келген тақырыпта өз ойын айта алады;
- қазақ тілінде мақала, пост, эссе жаза алады;
- көркем шығарма, кітап оқиды;
- сауатты сөйлеп, сауатты қарым - қатынас құра алады.

Авторлық бағдарламаны әзірлеу технологиясы

Сабақта қолданатын технологиялар мен әдістер:

- Жоба жасау әдісі (Оқушылар өз жобаларын ұсынады, мектеп көлемінде іске асырады)
- Кейс технологиясы (жағдаяттар мен кейстерді шешеді)
- Әлеуметтік желі технологиясы (Instagram, WhatsApp, Facebook, Twitter, Вк секілді әлеуметтік желілермен жұмыс жасайды)
- «20-5-15» әдісі (20 минус теориялық жұмыс, 5 минут ойын, 15 минут практикалық бөлім)
- Сыни ойлау әдісі (кездескен мәселеге сыни тұрғыдан қарайды)
- Ойын технологиясы (оқушылардың зейінін шоғарыландыру үшін арасында ойындар ұйымдастыру)
- Музыка және кино әдісі



Сабақ барысында қолданылатын ережелер:

- «Қазақша сөйле» ережесі. Оқушылар бір-бірімен тек қазақ тілінде сөйлеседі. Ережені бұзған адамға арнайы жазны да ортақ ойлап табады. Әр сөзге – түрлінше жаза.
- «Қазық» ережесі. Сабақтың берілген тапсырмасы мен сұраққа әрбірі жауап беруге міндетті. Бұл оқушының сабаққа белсенді қатысуына, өз ойын еркін әрі қате болса да айтуына дағдыландырады.
- «Бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін» ережесі. Бір ережені бұзылған жағдайда ортақ жауапты болады. Бірі сөйлегенде бәрі тыңдайды. Бұл оқушыларға ұйымшыл болуға, өзгенің пікірін құрметтеуге үйретеді.
- «Қарындаш» ережесі. Оқушы үй немесе сынып тапсырмасын орындағанда қарындашпен жазу керек. Бұл оқушыға қателесу және өз қателігін түзеуге мүмкіндік береді.
- «Айнала» ережесі. Ешкімнің ойына, сөзіне күлмейді, келеке етпейді. Өз ойын анық әрі нық, толық етіп айтады. Тақырыпқа қатысы жоқ

мағұлматпен өзгенің назарын алаңдатпайды. Мұқият тыңдау. Бұл оқушының өзгеге деген құрметін күшейтеді.


- «Қыран» ережесі. Оқушы өтілген мәліметке байланысты сұрақ туындаса қолындағы жалауша арқылы қоя алады, кез - келген орында отырып тыңдай алады. Бұл еркіндік балаға өзін еркін сезіну арқылы мәліметті терең меңгеруге жол береді.
- «Ұялыңды ұмыт» ережесі. Сабақ басталып аяқталғанға дейін ұялы телефонды мүлдем қолданбау, егер мұғаліммен келісіп жатса арнайы қорапқа жинап қою.
- «Білгенім бір тоғыз» ережесі. Сабақтан міндетті түрде бір дүние үйрену, өткен тақырыпқа қосымша ізденіп келу. Бұл ереже оқушыға үздіксіз білім алуға жол ашады.

18-кесте. Факультатив сабақтың күнтізбелік жоспары:

№	Сағат	Сыныпта жүргізілетін жұмыс	Тапсырмалар	Күтілетін нәтиже	Қосымша ақпарат
I тоқсан					
1	1	<p>«Шешен сөз шыңға жетелейді» бөлімі</p> <p>(9 сағат)</p> <p>«Сәлемдесу этикасы»</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Амандасу этикасы, көпшілік ортада амандасу мен қоштасу; • Амандасуда жіберілетін қателіктер (кейс жағдаятты талдау); • Қазақ халқының амандасу сөздері; • Әлеуметтік желілерде амандасу барысында жіберілетін қателіктер. 	<ul style="list-style-type: none"> • Амандасу мәдениеті этикасымен танысады; • Амандасу барысында жіберілетін қателіктерді талдайды; • Қазақ халқының амандасу сөздерін топтайды. 	<p>мен</p> <p>Әр ұлттың амандасу ерекшелігімен танысу</p> <p>«Әр елдің амандық сұрасу этикасы» [40].</p>  <p>«Сіз қалай амандасасыз? Амандасу мәдениеті» [41].</p>  <p>Үй тапсырмасы: «Қазақ халқының амандасу мен қоштасу сөздері» тақырыбында бейне ролик түсіру.</p>







2	2	«Шешендер сөзі – көненің көзі»	<ul style="list-style-type: none"> Қазақ халқының шешендер сөзімен танысу; Шешендік сөздер бейне материал көру. 	<ul style="list-style-type: none"> Шешендік өнердің кіріспесімен танысады; Қазақ шешендерінің сөздерімен танысады. 	 <p>Ү/Ж: («Шешендік өнер» С. Негимов) оқулықпен жұмыс [42].</p>
3	1	«Ділдәр сөз»	<ul style="list-style-type: none"> Көпшілік ортада сөйлеу (тренинг) еркін өнері 	<ul style="list-style-type: none"> Көпшілік ортада еркін сөйлеп үйренеді; Өз дәлелдеуге пікірін бағдар алады. 	<p>Көпшілік алдында сөйлеу технологиясы [43].</p>  <p>Ү/Ж: 10 жаңылтпаш жаттау</p>
4	1	«Көркем сөз – көркем үн»	<ul style="list-style-type: none"> Дикция және дыбыстармен жұмыс кою 	<ul style="list-style-type: none"> Дыбыстарды анық айтып үйренеді (р, с, ш, н); Дауысқа арналған жаттығулар. 	 <p>Ү/Ж: Жаттығуларды қайталау [44].</p>
5	2	«Өлең – сөздің патшасы»	<ul style="list-style-type: none"> Өлең технологиясы; Мәнерлеп оқу шеберлігі. 	<ul style="list-style-type: none"> Өлең кіріспесімен танысады; Мәнерлеп оқиды. 	 <p>Ү/Ж: Өлеңдерді тыңдау, өзіңіз де видео түсіріңіз [45].</p>
6	2	«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»	<ul style="list-style-type: none"> Еркін тақырыпқа эссе жазып, шығару; өлең Үздік шығармаларды жинақтап, мектептің әлеуметтік желілеріне жариялау. 	<ul style="list-style-type: none"> Шығармашылық жұмыс 	<p>Ү/Ж: Өзіңізге ұнайтын қазақ ақындарының 10 өлеңдерін топтау.</p>

II тоқсан

7	1	<p><i>«Ділмәрдiң сөзi ұстаның бiзiнен өткiр»</i> бөлiмi</p> <p>(7 сағат)</p> <p><i>«Шаршы алаңға шаң қаптырған шешен»</i></p>	<ul style="list-style-type: none"> • Көпшiлiк алдында сөйлегенде жiберiлетiн қателiктер; • «Сөз бастауға 10 себеп» жоба 	<ul style="list-style-type: none"> • Өзiндегi қателiктермен күреседi, себебiн табады; • Еркiн сөйлеуге себептер табады. 	<p>Ү/Ж: «Менiң отбасым» таныстырылымын дайындау</p>
8	2	<p><i>TEDX talks</i></p>	<ul style="list-style-type: none"> • Көпшiлiк тiң алдында сөйлей алатын 10 тақырыпты алу; • Тақырып барасында зерттеу жүргiзу; • Тақырыпт ардың iшiндегi ең негiзгi 3 тақырыпқа мәтiн жазу. 	<ul style="list-style-type: none"> • Зерттеу жүргiзудiң алғышартымен танысады; • Көпшiкке арналған мәтiн жазып үйренедi. 	<p>Ү/Ж: Өзiне ұнаған тақырыпқа презентация дайындау.</p>
9	1	<p><i>TEDX talks</i></p>	<ul style="list-style-type: none"> • Сыныпшiлiк TEDX talks ұйымдастыру. 	<ul style="list-style-type: none"> • Өздерi дайындаған тақырыптарымен бөлiседi; • Көпшiлiк алдында сөйлеудiң кедергiлерiн жояды. 	<p>Ү/Ж: «Дұрыс сөйлейiк» аудио бағдарлама циклiн тындау [46].</p> 
10	1	<p><i>«Жаңылтар жағдаят»</i></p>	<ul style="list-style-type: none"> • Түрлi жағдайлардағы жағдаяттарды шешу; • «Қоғамдық көлiк» сергiту ойыны. 	<ul style="list-style-type: none"> • Кез келген жаядаятқа дайын болуға үйрету; • Қиын кезде тез шешiм қабыдап үйренедi; • Тiлдiк тұлғаларды дұрыс пайдаланы үйрену. 	<p>Ү/Ж: Әлеуметтiк желiде жағдаяттар желiсiн жасау</p>
11	1	<p><i>«Мен және айналам»</i></p>	<ul style="list-style-type: none"> • Эмоцияларды бақылап үйрену жаттығулары; • «Жанында жүр жақсы адам» тiлек айту 	<ul style="list-style-type: none"> • Өзге адамдардың сөйлеу әрекетi мен эмоциясын бақылап үйренедi. 	<p>Ү/Ж: Өзiңiз қалаған 5 түрлi адамның эмоциясын бақылап, жазып келу.</p>




12	1	«Жаңылтпаш пен мақал-мәтел»	<ul style="list-style-type: none"> • «Жаңылтпаш айту шебері» және «Мақал сөздің мәйегі» ойыны 	<ul style="list-style-type: none"> • Сөйлеу әрекетіне мақал – мәтелді қосып сөйлейді; • Тіл тазалығы үшін жаңылтпаштарды тиімді қолдана алады. 	Ү/Ж: 10 мақал мен 5 жаңылтпаш жаттау.
----	---	-----------------------------	--	--	--

III тоқсан

13	1	«Тіл - ақылдың өлшемі» бөлімі (10 сағат) «Газет халықтың көзі құлағы һәм тілі»	<ul style="list-style-type: none"> • Сынып газетін дайындау; • Мақала жазу; • Редакторлық қызметтерді бөлу. 	<ul style="list-style-type: none"> • Газет – сауаттылық пен эстетиканы қалыптастырады, сол себепті оқушыларды ерте жастан газет жазу мен оқуға бейімдеу. 	Ү/Ж: Мақалаларды оқу [47].   
14	1	«Газет халықтың көзі құлағы һәм тілі»	<ul style="list-style-type: none"> • Газеттің электронды нұсқасын дайындау; • Газетті сайтқа көшіріп үйрену. 	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушылар газет жазу ісімен танысады, мақала жазып үйренеді; • АКТ дағдыларын дамытады. 	Ү/Ж: Сайт жасап үйрену  
15	2	«Газет халықтың көзі құлағы һәм тілі»	<ul style="list-style-type: none"> • Жергілікті газетке саяхат; • Газет шығарудың ішкі жұмыстарымен танысу. 	<ul style="list-style-type: none"> • Газеттің ішкі жұмысымен танысады, мақала жазумен танысып, тілшілермен тәжірибе алмасады. 	Ү/Ж: Баспадан алған әсерімен бөлісіп, эссе не мақала жазу. 

16	1	«Эссе жазу технологиясы»	<ul style="list-style-type: none"> • Эссе жазу технологиясымен тану; • Эссе жазу 	<ul style="list-style-type: none"> • Эссе жазу технологиясымен танысу арқылы шығарма жазу немесе эссе жазу кезінде қолдана алады. 	<p>Ү/Ж: Бейне материалды тамашалап, конспект жасау [48].</p> 
17	1	«Теледидар: бағдарлама әзірлеу»	<ul style="list-style-type: none"> • Телебағдарлама жобасы әзірлеу; • Жобаның сценарийін жазу. 	<ul style="list-style-type: none"> • Телебағдарлама жасау үйренеді; • Теледидар тілімен танысады. 	<p>Ү/Ж: «ТОП 10 ғылыми телебағдарлама» мақаласын оқу</p> 
18	2	«Телебағдарлама әзірлеу»	<ul style="list-style-type: none"> • Өздері дайындаған бағдарламаға байланысты сұхбат дайындайды, сыныптастарынан достарынан сюжет алады. 	<ul style="list-style-type: none"> • Сюжет алу, материалды өңдеу, сұрақтарды таңдау мен жауап алу, керекті жерлерін таңдай алуға үйренеді. 	<p>Ү/Ж: «Тұлға» бағдарламасына өзі сұхбат алғысы келетін адамды зерттеу.</p>
19	1	«Тұлға»	<ul style="list-style-type: none"> • Танымал тұлғамен кездесуге дайындық, сұрақтар әзірлеу; • Сұхбатты сайт пен газетке жариялау; • Өздері таңдаған тұлғамен кездесу. 	<ul style="list-style-type: none"> • Тұлғамен кездесу барысында сұрақ өздері дайындаған сұраққа жауап алады; 	<p>Ү/Ж: Өзіне ұнайтын телебағдарламалардың топтамасын дайындау.</p>
20	1	«Jüldyz» телебағдарлама	<ul style="list-style-type: none"> • Өздері дайындаған жоба бойынша бағдарлама түсіреді; • YouTube платформасы жүктейді. 	<ul style="list-style-type: none"> • Өз бетімен бағдарлама дайындау, монтаждап үйреніп, режисер болады. 	<p>Ү/Ж:</p> 

IV тоқсан

21	1	«Ана тілің алтыс тілге татиды» бөлімі (8 сағат) <i>Театрға бару</i>	<ul style="list-style-type: none"> • Қойылымды бірге таңдап, театрға барады; • Театрдан алған әсерімен мектеп газетінде бөлісу. 	<ul style="list-style-type: none"> • Театрға бару арқылы мәдениетпен, өз-өзін ұстауға үйренеді. 	<p>Ү/Ж:</p> 
22	1	«Сөз тапқанға қолқа жоқ»	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақ тілінде ең жиі пайдаланатын 100 сөзді жинау; • Әлеуметтік желілерде жиі жіберілетін қателіктерді топтау. 	<ul style="list-style-type: none"> • Тілдік қолданысты талдайды; • Қазақ тілінде (әлеуметтік желілерде) жіберіліп жүрген қателерді жинап, жұмыс істейді; • Тілдік тұлғасын көтеруге әсер етеді. 	<p>Ү/Ж:</p> <p>Мақалаларды оқу</p>  
23	1	«Ең бай тіл – қазақ тілі»	<ul style="list-style-type: none"> • «Қазақ тілі туралы 20 дерек» • «Қазақ тілін дамуына қалай әсер етемін» • «Қазақ тілін шетелдіктерге үйретуге 10 себеп» 	<ul style="list-style-type: none"> • Өзінің туған тілі туралы дерек жинайды, шетелдіктерді үйретуге ақпарат жинайды және қазақ тілін дамытуға әсер ететін себеп іздейді. 	<p>Ү/Ж:</p> <p>Қазақша пост жазу</p>
	2	«ОҚҰ» кітап жәрмеңкесі	<ul style="list-style-type: none"> • Өздеріне ұнаған кітапты сыныптастарына ұсыну, презентация жасау; • Кітаптың пайдасы мен өзі ұсынған кітаптың 10 тиімді тұсын таныстыру. 	<ul style="list-style-type: none"> • Кітап оқу құндылығын сіңіреді; • Бір-біріне бөлісу арқылы бір-бірін кітап оқуға қызықтырады; • Кітап оқу мәдениеті қалыптасады. 	<p>Ү/Ж:</p> <p>Өзіне ұнаған кітаптардың топтамасын жасау.</p>
	1	<i>Мұражайға саяхат</i>	<ul style="list-style-type: none"> • Өлкетану, тарихпен сабақтастық мақсатында жерлікті жердегі 	<ul style="list-style-type: none"> • Өзінің тарихымен танысып, терең білім алады; • Сабақта оқыған білімін өз көзімен көріп, қолымен ұстай алады. 	<p>Ү/Ж:</p> <p>«Менің мұражайдан алған әсерім» мақала</p>

			<p>мұражайға саяхат;</p> <ul style="list-style-type: none"> • Әсерлерін мектеп газетіне жазу. 		
1	«SOYLE» радио бағдарлама әзірлеу	<ul style="list-style-type: none"> • Радио хабарлар топтамасын әзірлеу; • Дайын бағдарлама бойынша дауыстарын жазу. 	<ul style="list-style-type: none"> • Радио хабарлама жасайды; • Дауыстарын жазу арқылы дауыс қою, дыбыстарды таза айтуға үйренеді. 	Ү/Ж:	Қызықты радио бағдарлама жобасын жасау.
	«Жарнама жасау сыры»	<ul style="list-style-type: none"> • Болашақта өзі жасайтын өнімге қазақш жарнама жасау; • Сыныптастарының алдында таныстырылым жасау. 	<ul style="list-style-type: none"> • Жобалайды; • Өнімге жарнама жасап, таныстады. 	Ү/Ж:	Ғаламтор желісінде өз өнімдерінің жармасымен салып, дауыс береді.

1 – сабақ. I тоқсан. (9 сағат) «Шешен сөз шыңға жетелейді» бөлімі

1 – сабақ. «Сәлемдесу этикасы»

1- мәтін. Амандасу (Сәлемдесу) – инабаттылық пен әдепке қатысты қатынас нормасы. Байырғы қазақ дәстүрі амандасулардың әлеуметтік тегінен, байлығынан және жалпы өмірдегі алатын орнынан белгі беретін болған. Ертеде хан немесе ірі сұлтандарға төменгі таптағы адам екі қолын кеудесіне қойып және төмен қарай иілмесе, оларға жақындай алмаған. Ал егер ол қайырым ретінде оған қолын созса, онда ол бір тізерлеп жерге отырып, оның қолын екі қолымен қысады. Әлеуметтік дәрежесі орташа адам өзінің әміршісіне қолын кеудесіне қыспай, бірақ, басын иіп келген. Хан немесе күшті әмірші, өзінің қарауындағылардың сәлеміне жауап ретінде оның иығына қолын қойып, сыйластығы болса қолын қысып амандасатын болған. Егер ханды жолай кезіктірсе, онда жолда тоқтап тұрып, оның өтіп кетуін күтуі керек, әрі басын иіп, қолын кеудесіне қойып дауыстап сәлем беруі шарт. Қараша халық өкілі сұлтандарға сәлемдескенде тізесін бүгіп көбіне «Алдияр тақсыр!» деп сәлем берген. Билігі жоқ төрелер мен сұлтандардың сыртынан болса да ізеттілік көрсету өз дәрежесінде болмағанымен, әмірі күштілер алдында ізеттілік шаралары қатаң сақталды.

Дәрежесі тең, бірақ, жақын таныс емес адамдар бір-бірінің бір қолын алып қана амандасқан; ал таныстар (ер адамдар) бір-біріне екі қолдарын береді және сонан соң, екі жаққа алма кезек иық тірестіріп құшақтасады немесе керісінше бір-бірін кеуделеріне қысып құшақтайды. Мұндай қимылдар кездесу кезінде жасалады. Әйелдер де кездескенде жалпы қабылданған әдетті сақтаулары тиіс. Әлеуметтік жағдайлары тең әйелдер кезіккенде қол алыспайды (еш уақытта

сүйіспейді), тек бірі екіншісіне жәй ғана иіледі. Егер аға сұлтанның әйелдерімен қарапайым әйелдер кезігіп қалса, қарапайым әйелдер жанарларын төмен түсіріп, ізет көрсетіп иіледі. Бірақ, ханша немесе белгілі сұлтан әйелін кездестіргенде қараша өкілі жанарын төмен түсіріп, иіліп, бетін сипап сәлемдесуі керек. Жас әйел жасы үлкен туыстарының алдында бір тізесін бүгіп, иіліп сәлем салады [49].

19-кесте. 1-тапсырма. мәтінге сәйкес берілген кестені толтырыңыз

	Дұрыс	Бұрыс
Ертеде хан, сұлтандарға «Ассалаумағалекум» деп амандасқан.		
Жас әйел жасы үлкен туыстарының алдында бір тізесін бүгіп, сәлем салған		
Әлеуметтік жағдайлары тең әйелдер кездескенде бір-бірімен қол алысады.		
Дәрежесі тең, бейтаныс адамдар бір-бірімен екі қол алып амандасқан		
«Алдияр тақсыр» деп билерге амандасқан		

- Қосымша бейне материал: Амандасу әдебі – YouTube [50].
- 2-тапсырма. Амандасу барысында жіберетін қателіктер (әлеуметтік желілердегі қателіктерді теру)
- 3-тапсырма. Қалаған тақырыпты таңдап, постер қорғаңыз
- «Сіздің өміріңізде болған ерекше амандасу»
 - «Қазақстандағы амандасу сөздері және ерекше амандасу сөздері»
- (Мысалы: Сәлем, сәлеметсіз бе, амансыз ба/хэй, сәлем әлем, джо, пибет)
- «Шет елдердегі ерекше амандасу үлгісі»
- (Мысалы: Францияда сенің жынысыңа қарамастан беттен сүйіп амандасу қалыптасқан, Жаңа Зеландияда мұрынға – мұрын тигізіп амандасу қалыптасқан, Филиппиндерде амандасушы адамның қолын маңдайына тигізіп амандасады)
- Оқуға қосымша мәтіндер:



6 – сурет. Қосымша тапсырма

Оқушылардың субмәдениеттің алдын алу үшін түрлі мұғалім шеберлігіне байланысты әдістер қолдануға болады, бірақ алдымен оқушының субмәдени топқа қаншалықты қызығушылығы жоғары, әрі қандай субмәдени топ соны зерттеу керек. Оқушыларға субмәдени топтардың зиянының алдын аламын деген педагогтің алдында:

- бұл оқушының әлеуметтік жағдайы қалай?
- субмәдени топтың қай түрі әрі қашаннан бері мүше?
- бұл субмәдени ұйым туралы қандай ақпарат бар?
- субмәдени топ оқушының білім деңгейіне, тәрбиесіне қалай әсер етті?
- оқушының бұл ұйымға мүше болуына түркі болған себеп не?
- тілдік тұлғасы мен сөйлеу мәдениетіне қандай әсері бар?
- бұл ұйымға мүше болу ол оқушыға қандай оң әсерін әкелді?
- субмәдени топтың бір мүшесі болу білім алушыға қалай кері әсер етті?
- ата - анасы мен білім беруші ұйымның деңгейі қандай?
- сабақ үлгерімінде өзгерістер байқалады ма (ілгерлеу мен төмендеу)

Бұл сұрақтар субмәдени топқа мүше немесе мүше болу үшін дайындалып жүрген жасөспірімінің пән мұғалімі мен сынып жетекшісі, мектеп психологының ортақ сұрағы болуы тиіс.

Субмәдениеттің әсерімен күресу – тек сынып жетекшінің немесе ата-ананың міндеті емес. Бұл мәселемен күресу – «үштік одақтың» міндеті. Оқушының бос уақыты көп, қосымша жұмысы жоқ болатын болса, бірге уақытты тиімді пайдалануды жоспарлау керек. Әрбір пән мұғалімі өзінің сабағында оқушының қызығушылығын оятып, өзінің сабағына қызықтырып, бейімдеу керек. Субмәдениеттің әсерімен және салдарымен күресу тек қазақ тілі сабағының міндеті, пән мұғалімінің жұмысы емес. Әрбір пән, әрбір оқушы үшін жауапты тұлғалар жауап беруі, зерттеуі, шешу жолын ұсынуы маңызды.

2.3 Оқушылардың сөз мәдениетін дамыту әдістемесінің тиімділігін дәлелдеу жүйесі (эксперимент жұмыстары және оның нәтижесі)

Субмәдениеттің алдын алу және оқушылардың сөз мәдениетін көтеру үшін 2.2 тараушасында бірнеше әдіс-тәсілдер ұсынылған болатын. Әдістердің тиімділігін тексеру үшін және әсерін зерттеу үшін Нұр - Сұлтан қаласы Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейінен ғылыми - зерттеу тәжірибесі өтті.

Ғылыми зерттеу сыныбы ретінде 1.3 тараушасында жүргізілген сауалнама нәтижесіне орай 6 - сыныптар таңдалып алынды. 6-сыныптардың ішінде сәбмәдениетке, субмәдени ортаға қызығушылығы бар оқушылар таңдалып зерттеу объектісіне ілінді. Субмәдениетке қызығушылығы бар оқушыны анықтау және онымен жұмыс істеу үшін наурыз - сәуір айына арнайы жоспар құрылды (қосымша А).

Жоспар бойынша:

1. Диссертациялық жұмыстың негізгі объектісі - субмәдени топқа мүше немесе қызығушылығы бар оқушыларды анықтау. 6 – сыныптардың ішінде субмәдениетке қызығушылығы бар екі оқушы фокус топқа таңдалып алынды. Ол оқушылардың деректері, аты-жөндері этикалық норма бойынша кодталып, оқушыларға А және Ә оқушы деп ат қойылды.

- *А оқушы* – сабағына 1-5 сыныптар аралығында белсенді қатысқан, оқу озаты болған, 6 – сыныпта үлгерімі төмендеген оқушы. Корей елінің К-РОР субмәдениетіне қызығады. Бос уақытында К-РОР танымал әншілерін, «айдолдарын» және дорама көруге жұмсайды. Корей тілін үйрену үстінде, сыртқы бет бейнесі сол субмәдениетке еліктейді. Сыныпта тек өзі араласатын ғана 1-2 құрбысы бар, олар да осы К - РОР әншелерін таңдайды. Сыртқы бет - бейнесі – шашын қызыл түске бояған, киім-киісінен К - РОР әншілеріне еліктейтіні байқалады, ұялы телефонында және сөмкесінде сол субмәдениеттің артибуттары бар.

- *Ә оқушы* – 1-5 сыныптар аралығындағы сапасы «қанағаттанарлық». Бос уақытының барлығын телефон ойындарына жұмсайды, геймер. Сабақтан бос уақытта, үзілісте тек телефонмен ғана отырады. Сыныпта өзінің парталасымен ғана араласады, басқа балалармен өздігінен қарым-қатынасқа түспейді. Сыртқы бет - бейнесі – басқа балаларға қарағанда ешбір өзгеріс жоқ, үнемі классикалық үлгіде киініп жүреді.

2. Субмәдени топқа мүше немесе қызығушылығы бар оқушыларды анықтау барысында психолог көмегіне жүгінілді. Мектеп-психологы А және Ә оқушы оқитын сыныптарға «эмоционалды фон мен энергетикалық теңгерімнің көрсеткіштері» және «тұлғаның көпшілік ортасындағы қарым-қатынас ерекшеліктері» деген сауалнама жүргізіп, психологиялық тест алды. А және Ә оқушыға психологиялық мінездеме берді (қосымша Ә мен қосымша Б). Мектеп психологымен бірге зерттеудегі екі оқушы бір ай бақылауда ұстауға келісілді.

- *А оқушы* – тұрақты интроверт, жабырқаулы, ұстамды, зейіні тұрақты. Қызығушылығы орташа деңгейде және еріктілік ұстанымы төмен деңгейде.

- *Ә оқушы* – сыныпта жан досы жоқ, тәртібі жақсы, көп жағдайда өзін шектейді. Ресми қарым-қатынасы төмен. Жаман көңіл күй мен жаман әсерлер көп.

3. Субмәдени топқа мүше немесе қызығушылығы бар оқушылардың іс-құжаттарын талдау және зерттеу. Құжаттармен жұмыс барысында екі оқушының тұрмыс жағдайы, отбасы ахуалы және білім сапасы анықталды.

- *А оқушы* – 1 - 5 сынып аралығында «оқу озаты» болған, 6-сыныптың I, II, III тоқсан нәтижесі бойынша орыс тілі, қазақ тілі, шет тілі, жаратылыстану және информатика сабақтарынан үлгерімі төмендеген. Отбасылық жағдайы – жақсы, тұрғылықты тұрғын үйі бар, толыққанды отбасынан емес, төрт баланың кенжесі, жалғыз кәмелет жасына толмаған бала.

- *Ә оқушы* – 1 - 5 сынып аралығында білім сапасы «қанағаттанарлық» болған, 6-сыныптың I, II, III тоқсан нәтижесі бойынша да барлық сабағы

«қанағаттанарлық». Қалыптастырушы бағалары өте аз. Отбасылық жағдайы – жақсы, тұрғылықты тұрғын үйі бар, толыққанды отбасынан шыққан, екі баланың кенжесі, жалғыз кәмелет жасына толмаған бала.

4. Субмәдени топқа мүше немесе қызығушылығы бар оқушылардың әлеуметтік-психологиялық картасын жасау. Бұл карта тек зерттеуге қатысы барларға ғана емес, пән мұғалімдері мен сынып жетекшіге де пайдасы бар.

20 – кесте. А оқушы:

Отбасылық мүшелері	Тұрмыс деңгейі	Сыныппен араласуы
<ul style="list-style-type: none"> отбасында 6 адам: анасы, екі ағасы, бір әпкесі анасы алты жасынан бері жалғыз тәрбиелеп отыр. 	<ul style="list-style-type: none"> баланың барлық қалауын қамтамасыз ете алады; тұрғылықты жеке меншік тұрғын үйі бар. 	<ul style="list-style-type: none"> сыныпта тек ортақ қызығушылығы бар екі қызбен араласады; бірге отыратын парталасымен араласпайды; сабақтан жиі сұранып, көп кешігеді; басқа сыныптармен қарым-қатынасы төмен.
Қоғамдық жұмысқа қатысуы	Тілдік тұлғасы	Білім сапасы
<ul style="list-style-type: none"> сабақтан тыс үйірмелерге, курстарға қатыспайды; 	<ul style="list-style-type: none"> өз ойын жеткізе алады; түсінбеген жері болса сұрақ қоя алады; 	<ul style="list-style-type: none"> 1-5 сыныпта аралығында барлық сабақтары «5»
	<ul style="list-style-type: none"> оқығаны мен тыңдағанын мазмұндай алады; өз ойын таза бір тілде жеткізе алмайды. 	<ul style="list-style-type: none"> болып, оқу озаты болған; 6-сыныптың үш тоқсанында да білім сапасы төмендей бастаған.

21 – кесте. Ә оқушы:

Отбасылық мүшелері	Тұрмыс деңгейі	Сыныппен араласуы
1	2	3
<ul style="list-style-type: none"> отбасында 4 адам: әкесі, анасы, бір әпкесі. толыққанды отбасында тәрбиеленуде, отбасы мүшелері толық жұмыс істейді. 	<ul style="list-style-type: none"> баланың барлық қалауын қамтамасыз ете алады; тұрғылықты жеке меншік тұрғын үйі бар. 	<ul style="list-style-type: none"> бірге отыратын парталасымен ғана араласады; сабаққа кешіпейді, себепсіз қалмайды; басқа сыныптармен қарым-қатынасқа түспейді.
Қоғамдық жұмысқа қатысуы	Тілдік тұлғасы	Білім сапасы
<ul style="list-style-type: none"> сабақтан тыс үйірмелерге, курстарға қатыспайды; 	<ul style="list-style-type: none"> өз ойын еркін жеткізе алмайды; 	<ul style="list-style-type: none"> 1-5 сыныпта аралығында барлық сабақтары «3» болып,

<ul style="list-style-type: none"> • қоғамдық жұмыстарға мүлдем араласпайды; • сыныптың сабақ тыс іс-шараларына қатыспайды. 	<ul style="list-style-type: none"> • тыңдаған, оқыған ақпаратын тез ұмытып қалады; • баяу қимылдайды, өз бетімен сұраққа жауап бермейді. 	<p>қанағаттанарлық болған;</p> <ul style="list-style-type: none"> • 6-сыныптың үш тоқсанында да білім сапасы төмен.
---	--	--

5. Оқушылардың тілдік тұлғасын көтеру үшін әдіс-тәсілдер қолдану:

- Оқушылардың тілдік тұлғасын көтеріп, сөйлеу мәдениетін көтеретін әдістердің бірі – тілдік орта құру. Сол себепті – «Сөйле» тіл клубы құрылды. Клубтың наурыз - сәуір айына жоспары жасалып, іске асырылды (қосымша В). Тіл клубына мүше оқушылар қоғамдық іс-шараларға қатысып, газет шығарып, «Сөйле» тіл клубының сайты жасап, радио бағдарлама жасап үйренді. Апта сайын кітап талдап, мәнерлеп оқуға дайындалды. Тіл клубына кез - келген 6 - сынып оқушысы өз ерікмен мүше бола алады. «Сөйле» тіл клубының мүшелері аптасына бір рет жұма күні кездесіп, іс - шараларды талқылап отырды. Субмәдениетке қызығушылығы бар А және Ә оқушылар клубқа мүшелікке шақырылды.

«Сөйле» тіл клубының мақсаты:

- ✓ қазақ әдебиетіне оқушылардың қызығушылығын арттыру;
- ✓ бос уақыттарын, сабақтан тыс уақытты тиімді пайдалануға көмектесу;
- ✓ қарым-қатынасқа түсетін орта құру;
- ✓ субмәдениетке, өзге мәдениетпен дәсүрге қызығушылықтың алдын алу;
- ✓ мақала жазу, радио бағдарлама дайындау, сайт жасауға үйрету;
- ✓ қазақ тіліне құрметін арттыру;
- ✓ тілдік тұлғасы мен сөйлеу мәдениетін көтеруге көмектесу.

22 – кесте. «Сөйле» тілі клубының жұмысына кері байланыс:

Ұтымды тұсы	Кемшіл тұсы
1	2
Фокус топтағы А оқушы «Сөйле» тіл клубына мүше болды, барлық клубтың іс-шараларына белсенді қатысты. Радио бағдарлама дайындау, мақала жазу, өлең шығару, сайт жасау жұмыстарына араласты.	Фокус топтағы Ә оқушы «Сөйле» тіл клубына мүше болмады, зерттеудің басындағы деңгейден өзгеріс болмады.

«Сөйле» тілі клубының жасаған жұмыстарының бірі, әрі 2.2 тараушасында субмәдениеттің алдын алу шараларының бірі болып саналатын – радио жұмысы. Оқушылар өздері ақпарат іздеп, радио бағдарламаның мәтінін дайындады. «Сіз білесіз бе?» радио хабары дайындады. Қызықты фактілерден тұратын бұл радио хабарға оқушылар өз еріктерімен дауыс жазды. Нәтижесінде:

- өздері радио хабар дайындады;
- бір-біріне таза әрі нық айтуға көмектесі;
- қазақ тілінде ақпарат іздеді;
- пайдалы болатын деректерді таңдады.

Радио хабарды дайындауға А оқушы өз еркімен қосылды, екі рет сөзді айту барысында қате жіберсе де, оқыған мәтінді радио хабарға қосылды. Дауыс жазу барысында өзін ыңғайсыз сезінгенмен, клубтағы достары бірге көмектесті.



<https://www.youtube.com/watch?v=AfdBp9PSydk>

7-сурет. «Сөйле» тіл клубының дайындаған «Сіз білесіз бе?» радио хабары

3- кесте. Кері байланыс

Ұтымды тұсы	Кемшіл тұсы
А оқушы радио хабарды дайындауға қатысты, өзі оқитын ақпаратты іздеді. Оқыған уақытта екі қате жіберді. Жұмысты жасауға қызығушылығы мен ынтасы жоғары болды.	Ә оқушы радио хабар дайындауға қатыспады. Сыныптастары бірге жұмыс істеуге шақырғанмен, өз еркімен бас тартты.

Ұсыныс:

Мектеп оқушылары арасында радио ісіне қызықтыру, бірге радио хабарлар дайындау өте тиімді әдіс. Оқушылар өздері хабар дайындауға, ақпарат жинауға қызыға қатысады. Аптасына бір рет немесе екі аптада бір рет бағдарлама шығаруға болады. Бағыты:

- мерекелік құттықтаулар;
- мектептің ішкі жаңалықтары;
- хабарламалар;
- оқушыларға пайдалы болатын қызықты ақпарат.

Оқушылар қазақ тілінде ақпарат жинау арқылы – білімін толықтырады, сөздік қорын молайтады және тілге деген қызығушылығы оянады.



Сурет 8 - «Сөйле» тіл клубы радиосының логотипі

«Сөйле» тіл клубы жоспары бойынша келесі жасалған жұмыс – газет шығару. Газет шығарудың пайдасы мен тиімділігі 2.2 тараушада толық айтылған болатын. Клуб мүшелері газеттің негізгі тақырыбы ретінде – ана тақырыбын алды. Мақала жазуға, деректер іздеуге, өлең шығаруға бөлінді. Әр беттегі ақпаратқа жауапкершілікпен ізденді. Дайын мақаланы бірге талқылады. Оқушылар – редактор, корректор, тілші қызметтерін атқарды. Жетекші тарапынан тек түзету мен бағыт беру жұмысы ғана болды.

Газеттің бұл санында:

- ана туралы қызықты деректер;
- еліміздегі балалар туралы қызықты статистика;
- оқушылардың анасына жазған хаты;
- ана тақырыбына шығарған өлеңдері (қосымша Г).

А оқушыға ана тақырыбында өлең шығару жүктелді. Өзінің анасына бір шумақ өлең арнады. Түзету мен өңдеуден өткен өлең газеттің бұл санына қосылды. Өзіне қызықты тәжірибе болғанын айтып, өз әсерімен бөлісті. Түзетуге дейінгі және түзетуден кейінгі өлеңдерін салыстырып, өзі де мол тәжірибе алды. Тапсырма беріген уақытты қызығушылығы болмағанмен, кейіннен өзі газет шығаруға, тілші жұмысына қызыққанын айтты.

24 – кесте. Кері байланыс

Түзетуге дейін	Түзетуден кейін
<p>Шуақ шашар анашым, Бұл өмірде маған ғана дарасың. Сіздей кім бар сүйер, Отбасымыздың жылуын сен жағатын.</p>	<p>Шуақ шашқан жылуымсың анашым, Бұл әлемде өзің маған дарасың. Сіздей сүйер қайбір жан бар баласын, Отбасында өзің жылу жағасың.</p>

Газеттің электронды нұсқасын «Сөйле» тіл клубының сайтына жүктеді. Қағаз нұсқада газеттің бір данасы шығарылды.

Ұтымды тұсы	Кемшіл тұсы
<p>А оқушы газеттің бұл санында өз анасына өлең шығарды. Өлең буын, ұйқас жағынан сәйкес болмаса да, түзетулер жасалды. Бұл шараға өз еркімен емес, клубтың тапсырмасы болғаннан кейін келісті, бірақ кейін өз әсерімен бөлісті.</p>	<p>Ә оқушы газет шығару жұмысына қатыспады, бірақ қызығушылық танытты.</p>

Ұсыныс:

Оқушыларды газет шығаруға, мақала жазуға қызықтыру сөйлеу мәдениетін көтерудің тиімді әдістерінің бірі. Дегенмен бұл әдіске толыққанды оқушылар қатыса алмайды. Газетті айына бір, қызықты иллюстарцияларымен түрлі тақырыпта шығаруға болады. Қызығушылығын арттыру және тәжірибе жинақтау мақсатында жергілікті газетке баруға болады. Газет шығарудың оқушыларға пайдасы:

- тілдік тұлғасы мен сөйлеу мәдениеті жоғарылайды;
- сөздік қоры көбейеді;
- ақпаратты сүзгіден өткізеді;
- сөздердің мағынасын түсініп, орнымен қолдана алады;
- оқырманға керек ақпаратты тандай алады;
- қазақ тілінің бай тілімен танысады;
- мақалаға дерек жинақтау ісіне үйренеді.



9 – сурет. «Сөйле» тіл клубы газетінің логотипі

«Сөйле» тіл клубы барысында жасалған жұмыстардың бірі – клубтың сайты жасау. Клубтың барлық жасаған жұмыстарын әлеуметтік желіге емес, осы сайтқа топтадық. Сайтты жасау үшін – Google сайт бағдарламасы қолданылды. Оқушылар ақпараттарды жинақтау, реттеу жұмыстарына қатысты.



Клуб мақсаты:

- Мәнерлеп оқуға;
- Кітап оқып, оны талдауға;
- Радио мен газетке
- ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ БАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛ КЛУБЫ

TAUYIP SOYLE (V)

10 – сурет. «Сөйле» тіл клубы газетінің логотипі

Оқушылардың тілдік тұлғасын көтерудің ең тиімді тәсілдерінің бірі – көркем әдебиет оқу. Оқушыларға кітап оқудың пайдасы:

- кітап оқу арқылы балалардың қиялы мен елестету қабілеті дамиды. Шығарманы оқып отырғанда оқиганы елестетіп отырады, кейіпкермен бірге көңіл – күйі өзгеріп отырады;
- өзіне деген сенімділігі артады. Кез келген ортада түрлі тақырыпта өз ойын білдіріп, пікір айта алатын болады;
- сөздік қоры молаяды. Белсенді қолданатын және қолданбайтын сөздік қоры көбейіп, қазақ тілінде ойын еркін жеткізуге септігі тиеді;
- дүниетанымы кеңейіп, есте сақтау қабілеті жақсарады;
- мәдени құндылық пен ұлттық құндылықты сініреді;
- көркем сөйлеу мен сауатты сөз саптауға бейімделеді, т.б.

Осы тізілген себептерді негізге ала отыра оқушыларға қазақ әдебиетінің, әлем классикасының алтын қорындағы аса құнды шығармаларды оқыту, сол туындылардың рухани маңыздылығын жеткізу. Оқуды жандандыру жөніндегі бағдарламаны дамыту, сауаттылық пен оқу мәдениетін қолдау, рухани мұраны сақтау, кітап оқу дағдысын қалыптастыру мақсатында «76 мектептің – 76 кітабы» жобасы жасалды. Жобаның міндеті:

- ерікті түрде кітап оқуға машықтандыру;
- көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру;
- сөздік қорын байыту;
- баланың жан дүниесі рухани жағынан бай болып қалыптасуына жол ашу.

Кітаптар мектеп оқушыларының жас ерекшелігіне сай, қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетінен таңдалып алынды (қосымша F).

Ұсыныс:

Оқушылардың тілдік тұлғасы мен сөйлеу мәдениетін көтеру үшін, субмәдениеттің алдын алу үшін ең басты күресу жолы – оқулық. Білім

алушыларды қызықтыру, түрлі сайыстар мен жарыстар арқылы кітап оқуға баулу керекпіз.

Осы жоба аясында «Сөйле» тіл клубының мүшелерімен бірге оқу сағаты ұйымдастырылды. Оқу сағатында аптасына бір рет жиналып, кітапты бірге оқып, талдау жұмыстары жүргізілді. Оқу сағаты барысында 6 - сыныптың қазақ әдебиетінің бағдарламасында берілген Сайын Мұратбековтің «Жусан исі» шығармасының толық нұсқасы таңдап алынды. Оқушылар:

- Аянның бейнесіне талдау жасады;
- соғыс жылдарындағы халықтың жай - күйін талдады;
- автордың шеберханасына талдау жасады.

26 – кесте. Кері байланыс

Ұтымды тұсы	Кемшіл тұсы
А оқушы С. Мұратбековтың «Жусан исі» шығармасын талдау барысында ерекше қатысты. Өзінің Аян бейнесімен ұқсастығын да атап өтті. Ойын таза қазақ тілінде жеткізбесе де, өз пікірін ортаға салды.	Ә оқушы шығарманы оқыды, талдау жұмыстарына қатыспады.

Шығарманы толық оқып болғаннан кейін, талдауды ойын түрінде ұйымдастыруға болады. «Сөйле» тіл клубының мүшелері Quizz ойынымен шығармаға кері байланыс береді.

<https://quizizz.com/admin/reports/6283e1a953463b001ddbda10/players?fromBrowserLoad=true>

Субмәдениеттің алдын алу мен күресу шараларының бірі ретінде – пікірсайыс ойынын айта аламыз. Бұл әдісті сабақ уақытында немесе сабақтан тыс уақытта қолдануға болады, бірақ таза қазақ тілінде сөйлеу керек деген шарт қоюға болады. Орта буын оқушыларына дебаттың АПФ, БПФ, ЛД ойындарынан гөрі диспут, дискуссия түрінде өткізуге болады. Берер пайдасы:

- өз пікірін көпшілік алдында дәлелдейді;
- көпшілік алдында ойын еркін айтады;
- қазақ тілінде таза сөйлейді;
- өзге адамның пікірі мен сөзін тыңдауға, құрметтеуге үйренеді;
- пікірсайыс ойындарына (дебат) шыңдалады.

Әр жиналыстың басында немесе жаңа тақырып өтер кезде 5 минут уақытты арнап, пікірлердің таласынан бастауға болады. Бұл оқушылардың зейінін аудару болатын болса, екінші жағынан сабаққа барлық балалар назар аударып, зейінін салып тыңдайды. Әр сабаққа түрлі тақырып ұсынуға болады (қосымша Д)

Оқушылармен сабақтан тыс өз мәдениетімізге қызықтырудың бір жол – мәдени орындарға алып бару. «Сөйле» тіл клубының мүшелері Нұр - Сұлтан қаласында орналасқан Ұлттық мұражайға саяхатқа барды. Еліміздің тарихы тереңдегі мәдениетімен, түбі тереңдегі тарихымен танысты. Қазақстан тарихы

сабағында өтетін оқиғалардың тарихи жәдегерлерін қолмен ұстап көрді. Дегенмен «Сөйле» тіл клубын бұл айда театрға апару мүмкін болмады.

27 – кесте. Кері байланыс

Ұтымды тұсы	Кемшіл тұсы
А оқушы Ұлттық мұражайға оқушылармен бірге барды. Бірге аралап, суретке түсті. Дегенмен ешкіммен араласпады.	Ә оқушы Ұлттық мұражайға бармады.

7. Субмәдени топқа мүше немесе қызығушылығы бар оқушылардың зерттеудің басындағы және зерттеудің соңындағы тілдік тұлғасын салыстыру.

Зерттеудің басында А оқушы - өзінің телефонымен ғана отыратын, көп оқушылармен араласпайтын, сөйлеу барысында таза қазақ тілінде сөйлемейтін еді. Зерттеудің соңында – клубтағы оқушылармен аралса бастап, өлең шығаруға қосымша тапсырма берілгелі қызығушылығы артты.

Ә оқушы – зерттеудің басында да, соңында да тілдік тұлғасында өзгеріс болмады. Газет шығару, радио бағдарлама оқушыны қызықтыра алмады. Сол себепті бұл оқушыға өзінің қызығушылығы байланысты тапсырма беру керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Субмәдениет ұғымы қазақ қоғамына жаңа енген құбылыс емес. Елімізде субмәдени ұйымдардың бірнеше түрі бар және ол ресми емес ұйымдардың жас ерекшелігі, тілдік тұлғасы қарастырылмауда. Дегенмен диссертациялық зерттеу жұмысы барысында оқушының тіліне әсері, сол ұйымға мүше тұлғалардың тілдік тұлғасы, алдын алу жолдары, кері әсері талданып, дәлелденді. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту мақсатында «Сөз шебері» факультатив сабағы аптасына бір реттік сағатпен жасалып шықты. Бұл факультатив сабақты кез келген орта білім беру базасында қосымша қолдануға немесе клуб жұмысы ретінде қолдануға болады.

Қорытындылай келе қазіргі кездегі субмәдениеттің оқушылардың сөйлеу тіліне әсерін, субмәдениеттің оқушылардың тіліндегі көрінісін зерттей отыра теориялық және практикалық нәтижесінде төмендегідей тұжырымдама жасалды.

1. Субмәдениеттің оқушылардың сөйлеу тіліне, тілдік тұлғасына, сөйлеу мәдениетіне әсерімен тек қазақ тілі сабағында ғана күреспеу керек. Барлық пән мұғалімдері сабақты ұлттық құндылық пен төл мәдениетке негіздеу керек.
2. Субмәдениеттің кері әсерлерімен күресіп, салдарымен жұмыс істемеу үшін алдын алу шаралары жолға қойылу керек.
3. Оқушылардан алынған сауалнама нәтижесі бойынша қазақ тілі жастар арасында күнделікті қарым-қатынас құралы тілінен алшақтар бара жатыр, сол себепті тілдің деңгейін көтеретін іс-шаралар мен заң жобалары қабылдану керек.
4. Ата-ана мек мектептің бірлігі баланың мүддесіне жұмыс істеу керек
5. Баланың қызығушылығын, субмәдени топтың мүшесі болуға деген ынтасын радикалды жолмен тыйым салмау керек. Қызықтыру, ынталандыру, марапаттау әдістері арқылы жұмыс жасау керек.

Субмәдениет – біздің қоғамда бар, төл мәдениетімізбен бірге жасап келе жатқан, даму үстіндегі «төменгі» мәдениеттің бірі. Оны түп-тамырымен жою, тыйым салу мүмкін емес. Таңдау мен талғамы қалыптасып келе жатқан оқушы – өзгелерден ерекшеленуді, сыртқы бейнесінің өзге болғанын қалау заңдылық. Ол дүниеге тыйым салған сайын керсінше өрши түседі. Дегенмен тілдік тұлғасы орта деңгейдегі мемлекеттің өкілін дайындау үшін ол қызығушылығын ескере отыра жұмыс жасау керек. Оқушылар тұлға болып қалыптасу үшін қалаған бағытын, қалаған әнін тыңдауы да маңызды, алайда еркіндікке де сүзгі болып, оның алдын алу шаралары орындалу қажет. Сол себепті біздің негізгі міндетіміз жастарға күресу шарасы ретінде алдын алу. Біз диссертациялық жұмыс барысында тек қана бір субмәдениеттің бағытын қарастырдық, алайда біздің еліміздегі үш субмәдениеттің түрін қарастырдық. Сол үш субмәдениеттің сөздік қорын тізбектегеннің өзінде қаншама сленг пен жаргон сөз тілге енген. Бұл дегеніміз тілдік имунитті күшейтсек, жиырма жылдықта тіл өзгеріске ұшырау, ең таза тіл санатын қазақ тілі – шұбарлануы ықтимал.

Қазақ тілінің тілдің ахуалын күшейту үшін – тіл экологиясын (лингвоэкология) саласына ден қою керек. Филологиялық тұрғысынан субмәдениетпен күресу үшін бұл саланың – интралингвалды аспектісін дамыту маңызды.

Ұсыныс ретінде:

- субмәдени ұйымдар мен сол ұйымдарға мүше жастардың санын анықтау үшін ҚР статистикалық зерттеу жұмысын жүргізу;
- оқушылар мен жастардың тілдік тұлғасын көтеру мақсатында іс-шаралар жасау;
- оқушылардың қызығушылығына орай мектептерде өзін-өзі басқару клубтарын құру;
- отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу жұмыстарының негізінде сөйлеу мәдениетін дамыту;
- жастардың сөйлеу мәдениетін қарапайым деңгейден орта деңгейге көтеру.

Тілдің өміршең әрі өркендеуі үшін – тіл мәдениетінің көтерілуі қажет. Тіл мәдениеті дегеніміздің өзі – сөзді орынмен сөйлеу, таза, сауатты әрі дұрыс сөйлеу. Тілдегі нормалар мен ұстанымдарды, қалыптасқан қағидалардың жеткілікті дәрежеде қолданылуын қадағалау. Субмәдениеттің қоғамға келіп, тілге әсер етуімен байланысты тілдің шұбарлануы, дұрыс емес тілдік қолданыстар қатар енуде. 6 – 11 сынып оқушылары арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде оқушылардың қазақ тілінен гөрі аралас тілді немесе орыс тілін тұтынатынын көрдік, сол себепті жұмыстың әдістемелік бөлімі өзекті.

Тілдің сақталуы үшін – орта, орташа типтегі тіл тұтынушылары маңызды. Дегенмен мектеп оқушыларының тілдік моделінің негізінде біз олардың қарапайым деңгейде екенін көре аламыз. Сол себепті ұсынылған әдіс-тәсілдер өте маңызды. «Үштік одақтың» бірігіп жұмыс істеуі, тілдің деңгейін көтеру үшін іс-шаралар жасауы, оқушының қоғамнан шеттеліп қалмауын қадағалауы маңызды.

Тілді сақтаушы, жалғастырушы, дамытушы – тілдік тұлға, яғни сол тілде сөйлейтін халық. Тілді субмәдениетке емес, субмәдениетті тілге икемдеу басты шарт болу керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Субмәдениет. Субмәдениет — Уикипедия (wikipedia.org)/ 14.10.2020
2. Субмәдениет тарихы. Субмәдениет: шығу тегі, түрлері және мысалдары - Ғылым - 2022 (warbletoncouncil.org)/ 19.10.2020
3. Левникова С.И. Неформальная молодежная субкультура. – М: Вузовская книга, 2010. - 13 с
4. Швейцер А. Культура и этика. – М.: Прогресс, 1973. – 103 с
5. Голобоков А.С., Шалапута С.А. Отечественные и зарубежные исследователи о сущности и признаках современных молодежных субкультур// Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – № 8-3. – 460 с
6. Субмәдениеттің зерттелу тарихы. Сборник-конференции-ПСИХОЛОГИЯ-СУБКУЛЬТУРЫ-Феноменология-и-современные-тенденции-развития.pdf (rsuh.ru). / 18.11.2020
7. Мудрик А. Әлеуметтік педагогика. ЖОО арналған оқулық. – Мәскеу: Академик, 2005. – 200б.
8. Смелзер Н.Дж. Әлеуметтану//Социол, исслед. - 1990. - 12 с
9. Бикенова., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірмелі сөздігі. –Алматы: Сөздік – Словарь, 2007.– 344 б.
10. Психологиядан Оксфорд түсіндірмелі сөздігі. / Артур Ребер; [ағыл.аудЕ.Ю. Чеботарева]. - М. :Вечер : АСТ, 2000
11. Кеттелдің теориясы. Г.Оллпорт пен Р.Кеттелдің жасаған теориясы — ULAGAT./ 23.11.2020
12. Субмәдениеттің түрлері. Виды молодежных субкультур: какие существуют, список современных с описанием, особенности (fenix.help). / 16.12.2020
13. Михайлова Л. Тәрбие мен білім. — М.: Педагогика, 1978. – 100 б.
14. Жастар субмәдениетінің дамуы мен өркендеуі. Жастар субмәдениеті | Социология | Студенту (testent.ru)/ 26.12.2020
15. Мұхит-Ардагер Сыдықназаров. Қазақстан жастарының субмәдениеттері: өзгермелі әлеуметтік-мәдени, саяси-экономикалық тұрғыдан сәйкестіктерді іздеу // Спектр Казахстан. — 2019. №4 (92)
16. Караулов Ю.Н.Орыс тілі және тілдік тұлға. - М.: Наука, 1987. 261– с
17. Әділова А.С. Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуалдылықтың репрезентациясы, семантикасы, құрылымы. Фил... автореф. – Алматы, 2009. – 53 б.
18. Ұлттық құндылықты ұрпаққа сіңіру үшін. Жас ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу - Мұғалімдерге пайдалы ақпараттар - (bilim-all.kz)/ 15.01.2021
19. Уәли Н. Тіл экологиясы // Ана тілі. – 2009. – №8 (949)
20. Дүйсебекова Ж. Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы
21. филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі: фил.ғыл. док. ... дис. – Қаскелең, 2019. – 180 б.
22. Тик-ток әлеуметтік желісі. TikTok — Уикипедия (wikipedia.org)/ 20.01.2021

23. Вip House тобының сұхбаты. ВIP HOUSE - Қызық Live - СНГ дегі ең үздік тик ток хаус - Толық интервью | Кызык Live – YouTube./ 1.02.2021
24. Q – POP тобы. Q-пор — Уикипедия (wikipedia.org)/ 13.02.2021
25. Тілдік тұлға. зируза – YouTube./ 15.02.2021
26. Киберспорт. Киберспорт бозбаланың ермегі ме? (egemen.kz)/ 20.02.2021
27. Киберспоршылардың тілдік тұлғасы. AVANGAR - Контр Страйк Әлем Чемпиондары - Кызык Times Дастан және Фитч CSGO – YouTube./ 15.03.2021
28. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 35 б.
29. Сөйлеу мәдениеті. Сөз мәдениеті — Уикипедия (wikipedia.org)/ 25.03.2021
30. Шабанов Лев Викторович. Молодежная субкультура социально-философский анализ: фил.нау. док. ... дис. – Томск, 2007. – 17 б.
31. Ninety One тобы. Ninety One — Уикипедия (wikipedia.org)/ 4.04.2021
32. Субмәдениет әншілері. Q-пор — Уикипедия (wikipedia.org)/ 4.04.2021
33. Субмәдениет туралы. Взяли без тоя: как живет самая провокационная группа из Казахстана Ninety One - Караван | Караван (caravan.kz)/ 13.04.2021
34. Зируза «Ұятсыз бала» әнінің сөзі. Ziruza - Текст песни Ұятсыз бала (Uyatsyz Bala) - RU (lyricstranslate.com)/ 22.04.2021
35. Ninety One тобы «Darn» Ninety One – DARN Lyrics | Genius Lyrics./ 5.05.2021
36. Аниме туралы. Аниме — Уикипедия (wikipedia.org)/ 20.05.2021
37. М. А. Морев. Субкультура онлайн – геймеров: социологический анализ: вып. квал... раб. – Екатеринбург, 2019. – 23 с.
38. Геймерлердің әлеуметтік - демографиялық портреті issledovanie-sotsialnogo.pdf (scientificpublication.ru)/ 25.05.2021
39. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеулер мен өлеңдер. Алматы: Алматы, 2003. – 10 б.
40. 4К модель. Модель 4К в образовании: от теории к практике (need4study.com)/ 03.07.2021
41. Әдістемелік нұсқаулық хат. Әдістемелік-Нұсқау-хат-2021-2022-оқу-жылы.pdf (bilimger.kz)/ 05.09.2021
42. Үй тапсырмасы. <https://tengrinews.kz/story/keniyada-sekrp-tibette-tl-shyigaradyi-ar-eldn-amandyik-368972/>./11.10.2021
43. Үй тапсырмасы <https://youtu.be/MYy9AJfHIt4/>./ 09.10.2021 тапсырмасы.
44. Үй <https://www.google.kz/search?q=%D0%91%D0%B5/>./10.11.2021
45. Бейне нұсқаулық. <https://youtu.be/7NcA5OLVC9U/>./17.11.2021
46. Үй тапсырмасы. <https://youtube.com/channel/UCK2YW/>./25.12.2021
47. Бейне нұсқаулық. <https://youtube.com/channel/UC6Jmrp1kKHW0o/>./3.01.2022
48. Мақала. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/syn/42114/>./14.02.2022
49. Үй тапсырмасы. <https://youtube.com/channel/UC6Jmrp1k/>./15.02.2022
50. Амандасу . Амандасу — Уикипедия (wikipedia.org)/ 07.03.2022
51. Амандасу әдебі. Амандасу әдебі - YouTube./ 9.04.2022

Қосымша А

«Оқушылардың сөз мәдениетіне субмәдени топтардың әсері және тілді дамыту мәселелері» диссертациялық тақырыбы бойынша Нұр-Сұлтан қаласы Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейдің 6-сынып оқушылары арасындағы субмәдени топтарға қызығатын немесе мүше оқушылармен жұмыс істеу жоспары

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Күтілетін нәтиже
1	Диссертациялық жұмыстың негізгі объектісі - субмәдени топқа мүше немесе қызығушылығы бар оқушыларды анықтау.	28.03 -30.03.2022	Субмәдени топқа мүше немесе қызығушылығы бар оқушы анықталады.
2	Субмәдени топқа мүше немесе қызығушылығы бар оқушыларды анықтау барысында психолог көмегіне жүгіну.	31.03-2.04.2022	6-сынып оқушыларына психологиялық тест өткізіп, субмәдениетке қызығушылығы бар оқушыларға мінездеме жасау.
3	Субмәдени топқа мүше немесе қызығушылығы бар оқушылардың іс-құжаттарын талдау және зерттеу.	4.04 - 6.04.2022	Құжаттарын зерттеу, отбасы жағдайы мен білім сапасына талдау жасау.
4	Субмәдени топқа мүше немесе қызығушылығы бар оқушылардың әлеуметтік-психологиялық картасын жасау.	8-10.04.2022	Әлеуметтік-психологиялық карта жасау, талдау.
5	Субмәдени топқа мүше немесе қызығушылығы бар оқушыларды сырттай бақылау.	28.03 – 24.04.2022	Фокус топтағы оқушыларға сырттай бақылау жасау.
6	Оқушылардың тілдік тұлғасын көтеру үшін әдіс-тәсілдер қолдану.	1-24.04.2022	Әдіс-тәсілдердің тиімділігін тексеру және кері байланыс жазып отыру.
7	Субмәдени топқа мүше немесе қызығушылығы бар оқушылардың зерттеудің басындағы және зерттеудің соңындағы тілдік тұлғасын салыстыру.	1-24.04.2022	Тілдік тұлғасындағы өзгерістерді бақылап отыру және саралау.

Қосымша Ә

Жүргізілген психодиагностикалық зерттеулердің нәтижесі бойынша
қорытынды
мінездеме

Аты- жөні: Ә.

Мектеп: Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицей

Сынып: 6 «К»

Ата- анасының мектеппен қарым- қатынасы: Ата-анасының мектеппен қарым- қатынасы жақсы.

Баланың ұжыммен өзара қарым- қатынасы: Орта деңгейде. Сыныпта жан достары жоқ.

Танымдық іс- әрекетінің ерекшелігі: Ойлау қабілеті сабаққа деген ынтасы төмен.

Зейіні, көру арқылы есте сақтау қабілеті, бақылауы, байқағыштығы төмен.

Адамдарға деген қарым-қатынасы: Көп жағдайда ортада өзін шектейді. Бірақ сыныппен араласады.

Өзін- өзі сынау: Сынау ескертпелерді қабылдайды.

Тәрбие деңгейі: Тәртібі жақсы

Жүргізілген жұмыстардың негізгі бағыттары:

Психологиялық диагностика

Мақсаты:

Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу.

Эмоционалды фон мен энергетикалық теңгерімнің көрсеткіштері
Психологиялық әл-ауқаттың көрсеткіші - аутогендік нормадан толық ауытқу (СА)

= 26.

СА мәні тұрақты эмоционалды фонды көрсетеді, яғни, баланың көңіл күйі басым. Тиімсіз кернеудің байқалуы, төмен нейроникалық тұрақтылық. Жоғары шаршау, Сыртқы нәрселерге оңай назар аударады. ұзақ уақыт эмоционалды алаңдаумен «қатып қалады». Осыған байланысты мінез-құлық күтпеген және субъективті. Жігерлендіру тұрақты иерархиясының болмауы оқушының әрекетін реактивті және мақсатсыз бағдарға айналдырады. Ресми қарым-қатынасы төмен. Эмоционалды фон тез экзотикалық қозғалған күйде және депрессия, тітіркендіргін және әлсіздік ауытқуы мүмкін. Көбіне алаңдаушылық, болағын жағдайды сезіну, әлсіздікті сезінеді, кез келген нәрсе жасауға ұмтылу мақсаты жоқ. Төтенше жағдайларда өте төмен сенімділік. Теріс эмоциялар таралуы. Балада жаман көңіл-күй мен жағымсыз әсерлер көп, оның себебін анықтау керек. Жағымсыз көңіл-күй бейімделу үдерісінің бұзылуын, баланың өзі шеше алмайтын мәселелерін бар екенін көрсетеді. Жағымсыз көңіл-күйдің таралуы баланың мектептегі біліміне кері әсерін тигізбейді, бірақ ол психологиялық (психотерапевтік) көмекке мұқтаж екенін көрсетеді. Баланың жағдайының себептерін түсініп, балаға теріс әсер ететін және оның невротизациясына ықпал ететін органы өзгертуге тырысу керек. Вегетативтік фактор ағзаның энергетикалық теңгерімін сыпаттайды: оның энергияны пайдалану қабілеті немесе энергияны үнемдеу үрдісі. ВК = 0,38, 0 - 0,5 - созымалы шаршау, сарқылу, төмен жұмыс қабілеті. Бала үшін жүктер өте көп, олар айтарлықтай төмендеуді талап етеді. Жүйке-психикалық сарқылу барлық дене жүйелерінің жұмысында жаһандық ауысуларға әкеледі. Әдетте созымалы аурулардың (бүйрек, жүрек, өкпе жеткіліксіздігі және т.б.) болуына (немесе өршілуіне) байланысты үнемі шектен тыс жағдай туындайды. Дененің жалпы әлсіреуі әдетте инфекциялардың төмен қарсыласуымен көрінеді, бұл жиі суық тигенге әкеледі.

Қосымша Б

Психологиялық мінездеме

Аты - жөні: А.

Мектеп: Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицей

Сынып: 6 «К»

Баланың ұжыммен өзара қарым- қатынасы: Орташа деңгейде. Сыныпта 1 жаң досы бар.

ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ АХУАЛЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Сабакты себепсіз босатпайды.

ТҰЛҒАНЫҢ ЖЕКЕ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1. Психофизиологиялық ерекшеліктері:

В) тұрақты интроверт (флегматик) жабырқаулы, сақ, ойлы, тату, ұстамды, сенімді, жөні түзу, сабырлы.

2. Мінезінің құрылымы.

Мінезінің негізгі ерекшелігі: зейіні тұрақты, ойлау қабілеті орташа

3. Импульсивті деңгейі: бір қалыпты

4. Үрейлену деңгейі: орташа

Тұлғаның өзін – өзі бағалауы:

дәл бағалау (өзінің қалыпты және дұрыс емес айтқан ойларын дұрыс бағалайды).

Қызығушылықтардың бағытталуы

Оқуға қызығушылығы орташа деңгейде.

Еріктілік ұстанымы: төмен.

ОҚУ ӘРЕКЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

1. Оқуға деген көзқарасы: оң

ТҰЛҒАНЫҢ КӨПШІЛІК ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ – ҚАТЫНАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Сыныптың ұжымдағы жағдайы, ұжымға деген көзқарасы: - өзімшілдік емес ұстаным (көңгіш, өзінің дұрыс еместігін тез мойындайды, әңгімелесу кезінде мадақтауды қажет етеді);

Көпшіліктің пікіріне көзқарасы

қалыпты (сынауды түсінеді, онымен келіседі, бірақ кемшіліктерді түземейді);

Педагог-психолог

Саркина Ж.А.

Қосымша В

Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейі
«Сөйле» тіл клубының сәуір айына жоспары
2021-2022 оқу жылы

№	Іс-шара атауы	Уақыты	Нәтижесі
1	«Сөйле» тіл клубының ашылу салтанаты	6.04 - 8.04.2022	Клуб мүшелерімен жоспарды талқылау
2	Ұлттық мұражайға саяхат	9.04.2022	Клуб мүшелерімен экскурсияға барып тарихи оқиғалардың жәдіргерлерімен танысады.
3	Сайт жасау	11.04 -12.04.2022	Оқушылардың жетістіктері, жасаған жұмыстары салынып отырады.
4	«76 мектептің – 76 кітабы» С. Мұратбеков «Жусан ісі» кітабын оқу	13.04-17.04.2022	Кітап оқиды
5	С. Мұратбеков «Жусан ісі» кітабын талдау, Quizizz	18.04.2022	Кітапты талдап, сол бойынша ойын ұйымдастырады.
7	«Сіз білесіз бе?» радио хабарын дайындау	20.04-24.04.2022	Радио хабар дайындап, дауысарын жазады.
8	Оқушылардың қабырға газетін дайындау	23-24.04.2022	Қабырға газетін дайындап, баспадан шығарады.
9	Пікірсайыс ойындарын өткізуі	Апта бойы	Дебат ойыны
10	Қазақ ақындарының өлеңдерін мәнерлеп оқу	Апта бойы	Мәнерлеп оқу

“

ГАЗЕТ –
ХАЛЫҚТЫҢ КӨЗІ,
ҚҰЛАҒЫ ҺӘМ ТІЛІ

АХМЕТ
БАЙТҰРСЫНОВ

SOYLE
TIL KLUBBY



АНА ТУРАЛЫ ФАКТ:

- АНАЛАР **ТАМАҚТЫ** ДӘМДІ ДАЙЫНДАЙДЫ.
- АНАЛАРДЫҢ ӘР **СҰРАҚҚА** ЖАУАБЫ БАР.
- АНАНЫҢ СӨЗІН БӨЛУ - **ЖАМАН ҰРЫМ.**
- КЕЗ-КЕЛГЕН АДАМ **ҮЙГЕ** КЕЛГЕНДЕ **"МАМА, ҚАЙДА?"** ДЕП СҰРАЙДЫ.

ШЕШЕ,
СЕН
БАҚЫТТЫСЫҢ!
ЖЫЛАМАҒЫН.
ЖАЙ ТҮСІП
ЖАТҚАНДА ДА
ҚҰЛАМАДЫҢ.
ТӘҢІРІҢНЕН МЕН
ЕДІМ ҒОЙ
СҰРАҒАНЫҢ,
СОНДЫҚТАН
ЖЫЛАМАҒЫН,
ЖЫЛАМАҒЫҢ!
БАРМЫН ҒОЙ,
ТІРІМІН ҒОЙ,
ҚАСЫҢДАМЫН...

М. МАҚАТАЕВ

АНА ТУРАЛЫ ФАКТ:

- АНАЛАР БАЛАСЫН **СҮЮ АРҚЫЛЫ** ЕМДЕЙ АЛАДЫ.
- БАЛАНЫҢ ТІЛІН БІРІНШІ ТҮСІNETІН - **АНА.**
- ӘР БАЛАНЫҢ **ЖҮРЕГІНДЕ.**
- АНАЛАР БАЛАЛАРЫН **АЛЫСТАН** ТҮСІНЕДІ.

Статистика

0-17 жас аралығындағы
балалар 6,295,590



**ҚР БАЛАЛАРДЫҢ
ІШІНДЕГІ
ҚАЗАҚТАРДЫҢ
ҮЛЕСІ**

**ҚР Бала құқықтары
жөніндегі уәкіл -
[http://balaombudsman.kz/
category/library-
cat/reports/;](http://balaombudsman.kz/category/library-cat/reports/)**



Ұлттық статистика
бюросы (stat.gov.kz)

66
**СӘЛЕМ,
АНАШЫМ**

99



**СӘЛЕМ, АНАШЫМ! ҚАЛАЙСЫЗ?
МЕН СІЗДІҢ ТҰҢҒЫШ ҚЫЗЫҢЫЗ
ІҢКӨР, СІЗГЕ МЕНІ БҰЛ ӨМІРГЕ
ӘКЕЛГЕНІҢІЗ ҮШІН, ТҮН
ҰЙҚЫҢЫЗДЫ ТӨРТ БӨЛІП МЕНІ/
БІЗДІ АСЫРАП БАҒЫП, ҚАҒЫП
ЖАТҚАНЫҢЫЗҒА КӨП-КӨП
РАҚМЕТ! АНАШЫМ,БІЗ СІЗДІ ӨТЕ
ҚАТТЫ ЖАҚСЫ КӨРЕМІЗ, СІЗДІ
СЫЙЛАЙМЫЗ, АУЫРЫП
ҚАЛСАҢЫЗ УАЙЫМДАЙМЫЗ!
ЕГЕРДЕ СІЗ ІШІҢІЗДЕГІ ЗАТТЫ
ЕШКІМГЕ АЙТА АЛМАЙ ЖҮРСЕҢІЗ
НЕМЕСЕ СІЗГЕ КЕҢЕС КЕРЕК БОЛСА
БІРДЕН БІЗГЕ СЕНІП, АЙТУЫҢЫЗҒА
БОЛАДЫ!ӘРҚАШАН КҮЛІП
ЖҮРІҢІЗ, АУЫРМАҢЫЗ,БІЗ СІЗДІ
ӨТЕ ҚАТТЫ ЖАҚСЫ КӨРЕМІЗ!
ӘҚЫЗЫҢЫЗ ІҢКӨРДАН**

Оқушылардың өлең топтамалары:

САҒАН ТІЛЕП
ЖАХАННЫҢ БАР
ЖАУҺАРЫН,
ӨЗІҢ ЖОҚТА
САҒЫНҒАННАН
АҢСАДЫМ.
СЕН СҰЛУСЫҢ,
ӘЛЕМІҢ БӨЛЕК
АНАШЫМ,
БАҚЫТТЫ БОЛ,
НҰРҒА ТОЛСЫН
ЖАН-ЖАҒЫҢ.



ШУАҚ ШАШҚАН
ЖЫЛУЫМСЫҢ
АНАШЫМ,
БҰЛ ӘДЕМДЕ
ӨЗІҢ МАҒАН
ДАРАСЫҢ.
СІЗДЕЙ СҮЙЕР
ҚАЙБІР ЖАН БАР
БАЛАСЫН,
ОТБАСЫНДА
ӨЗІҢ ЖЫЛУ
ЖАҒАСЫҢ.

ӨЗІҢСІҢ ҒОЙ
ҮЙІМІЗДІҢ ТІРЕГІ.
САУ БОЛСАҢ -
МАҒАН СОЛ ҒОЙ
КЕРЕГІ.
БАҚЫТТЫ БОЛ,
АУЫРМА ДЕП
ТІЛЕЙДІ
ҚҰЛЫНЫҢНЫҢ
ЖҰДЫРЫҚТАЙ
ЖҮРЕГІ!



Қосымша Ғ

«76 мектептің – 76 кітабы» жобасы

№	Кітап атауы	Авторы
1	«Қара сөздер»	Абай Құнанбаев
2	«Менің атым Қожа»	Бердібек Соқпақбаев
3	«Балалық шаққа саяхат»	Бердібек Соқпақбаев
4	«Он алты жасар чемпион»	Бердібек Соқпақбаев
5	«Жабайы алма»	Сайын Мұратбеков
6	«Жусан иісі»	Сайын Мұратбеков
7	«Қараш-қараш»	Мұхтар Әуезов
8	«Абай жолы»	Мұхтар Әуезов
9	«Жетім»	Мұхтар Әуезов
10	«Көксерек»	Мұхтар Әуезов
11	«Қазақ солдаты»	Ғабит Мүсірепов
12	«Ұлпан»	Ғабит Мүсірепов
13	«Жапон балладасы»	Ғабит Мүсірепов
14	«Ананың анасы»	Ғабит Мүсірепов
15	«Шұғаның белгісі»	Бейімбет Майлин
16	«Ақбілек»	Жүсіпбек Аймауытов
17	«Ұшқан ұя»	Бауыржан Момышұлы
18	«Ақан сері»	Сәкен Жүнісов
19	«Аманай мен Заманай»	Сәкен Жүнісов
20	«Соңғы көш»	Қабдеш Жұмаділов
21	«Дарабоз»	Қабдеш Жұмаділов
22	«Әпке»	Дулат Исабеков
23	«Бір атаның балалары»	Мұхтар Мағауин
24	«Апамның астауы»	Оралхан Бөкей
25	«Атау-кере»	Оралхан Бөкей
26	«Тортай мінер ақ боз ат»	Оралхан Бөкей
27	«Мәңгілік бала бейнесі»	Роза Мұқанова
28	«Көшпенділер»	Ілияс Есенберлин
29	«Бауыр» әңгімесі	Марат Қабанбай
30	«Ай мен Айша»	Шерхан Мұртаза
31	«Қызыл жебе»	Шерхан Мұртаза

32	«Күй аңызы»	Тахауи Ахтанов
33	«Қыпшақ қызы»	Мұхтар Мағауин
34	«Жылқы атылған жаз»	Ырысбек Дәбей
35	«Ақын өлімі туралы аңыз»	Қасым Аманжолов
36	«Райымбек батыр»	Мұқағали Мақатаев
37	«Қараой»	Тәкен Әлімқұлов
38	«Бір екінші, бір үміт»	Бексұлтан Нұржекеев
39	«Құз басындағы аңшының зары»	Мұхтар Шаханов
40	«Қамар сұлу»	С.Торайғыров
41	«Ақбоз ат»	Тәкен Әлімқұлов
42	«Бақытсыз Жамал»	Міржақып Дулатов
43	«Әке»	Төлен Әбдік
44	Ақ боз үй	Смағұл Елубаев
45	Аңыздың ақыры	Әбіш Кекілбаев
46	«Қоңыр күз еді»	Қ.Ысқақ
47	«Парадокс»	В. Короленко
48	«Әке мен балалар»	И.С. Тургенев
49	«Бір уыс жусан»	Тұрсын Жұртпай
50	«Қош бол, Гүлсары»	Шыңғыс Айтматов
51	«Боранды бекет»	Шыңғыс Айтматов
52	«Ақ кеме»	Шыңғыс Айтматов
53	«Кішкентай ханзада»	Антуан де Сент-Экзюпери
54	«Мексика ұлы»	Джек Лондон
55	«Шал мен теңіз»	Эрнест Хемингуэй
56	«Робинзон Крузо»	Даниэль Дефо
57	«Қаныш Сатпаев»	М. Сәрсек
58	«Тәуекел той»	Ш. Мұртаза
59	«Казино»	Асқар Алтай
60	«Жүз жылдық толғау»	Баянғали Әлімжанов
61	«Гулливердің саяхаты»	Д.Свифт
62	«Он бес жасар капитан»	Жюль Верн
63	«Ана тілі», «Менің Дағыстаным»	Расул Ғамзатов
64	«Робинзон Крузо»	Д.Дефо
65	«Алиса ғажайыптар елінде»	Л.Кэрролл

66	«Ревизор»	Н. Гоголь
67	«Волоколам тас жолы»	А. Бек
68	«Үш ноян»	А. Дюма
69	«Мастер және Маргаритта»	М. Булгаков
70	«Шерлок Холмс»	Артур Конан - Дойль
71	«Гамлет»	У. Шекспир
72	«Дон- Кихот»	М. Сервантес
73	«Жұлдызды бала»	О. Уайт
74	«Магиканның соңғы тұяғы»	Джеймс Фенимор Купер
75	«451° по Фаренгейту»	Р. Брэдбери
76	«Том Сойер»	М. Твен

Қосымша Д

Мектепте оқушыларға деспут және дискуссия ұйымдастыруға болатын тақырыптар тізімі

1. Мектеп оқушыларына ортақ форманы міндеттеу керек пе?
2. Онлайн оқуға қарағанда дәстүрлі оқу тиімді
3. 11-сыныпта оқушыларға тек ҰБТ пәндерін оқыту керек
4. Ер балалар мен қыздар бөлек мектепте оқу керек
5. Әлеуметтік желілердің пайдасына қарағанда зияны басым
6. Цирктар мен зообақтарды жабу керек
7. Тез тамақтану орындарының пайдаға қарағанда зияны басым
8. Ынтымақтастыққа қарағанда бәсеке маңызды болу керек
9. Адамға берілген ең мықты мотивация – өзі
10. Бүгінгі күннің батырлар кім?
11. Алаш зиялыларының ізін қалай жалғауға болады
12. Қазақ тілінің дәрежесі жоғары деңгейде
13. Әр оқушыны кітап оқуға міндеттейтін заң қабылдау керек
14. Оқушыларға жазда жұмыс істеуге рұқсат беру керек
15. Дарынды балаларға арналған, арнайы мектептерді жабу керек
16. Ақша – өмірдегі ең үлкен мотиватор
17. Зиянды әдеттерден құтылу оңай!
18. Төмен баға алу оқушының ғана кінәсі
19. Оқушыларды театр мен мұражайға міндеттеп ару керек
20. Қылмыстың алдын алу үшін балаларды түрмеге саяхатқа апару керек
21. Оқушыларға ең керекті 10 пән ғана оқытулы керек
22. 9 -11 сынып оқушыларына өздері жұмыс істегісі келетін мамандық бойынша тегін тағылымдамадан өтуге мүмкіндік беру керек
23. Мектеп – бала тәрбиесі үшін бірінші жауапты орын
24. Жазғы демалыста оқушыларды ауылға, фермаға міндетті жұмысқа жіберу керек
25. Мектептегі білім сапасын қалай көтеруге болады?